

РУХАНИЯТТАҒЫ ҒҰЛАМА ҒАЛЫМНЫҢ РӨЛІ



Академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойына арналған
Халықаралық ғылыми конференцияның еңбектер жинағы

2024 ж. 20 қыркүйек

Ғылыми электрондық басылым

Сборник трудов Международной научной конференции,
посвященной 125-летию юбилею академика Каныша Сатпаева

20 сентября 2024 г.

Научное электронное издание

Қарағанды
2024

ӘОЖ 55/622

КБЖ 26.3/33

P87

Ұйымдастыру комитеті — Организационный комитет

- Н.О. Дулатбеков** (*Төраға*), ҚР ҰҒА академигі, акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор;
А. Нухұлы, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты;
С.С. Сагинтаева, экон. ғыл. д-ры, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор;
А.К. Зейниденов, PhD д-ры, акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Басқарма мүшесі, ғылыми жұмыс жөніндегі проректордың м.а.

Техникалық редакциялық кеңес — Техническая редакционная коллегия

- А.С. Аталикова**, биол. ғыл. канд., акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Ғылым департаменті басшысының орынбасары;
Л.Т. Тілегенова, тар. ғыл. канд., акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессор ассист.;
М.Т. Нұрмағанбетова, хим. ғыл. канд., акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры;
А.М. Суимбаева, PhD д-ры, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің доценті м.а.

P87 **Руханияттағы ғұлама ғалымның рөлі:** академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойына арн. Хал. ғыл. конф. еңб. жин. (2024 ж. 20 қыркүйек) : ғыл. электр. бас. / Акад. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ун-ті ; [техн. ред. алқа: А.С. Аталикова т.б.]. — Қарағанды : Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің баспасы, 2024. — PDF-файл. — Жүйеге қойылатын талаптар: Pentium 4; 1,3 ГГц және жоғары; Internet Explorer Acrobat Reader 4.0 немесе үлкен. — Қазақша – орысша.

ISBN 978-601-362-295-8

Конференция жинағында біздің аймақтың ғалымдары, оқытушылары, докторанттарының ғылыми зерттеулерінің нәтижелері ұсынылған; онда академик Қаныш Сәтбаевтың еліміздің экономикалық жағдайы мен дамуына әсер еткен әртүрлі әзірлемелерімен байланысты тақырыптар кең ауқымда және тау-кен металлургия кешеніндегі геология ғылымы мен технологиясының дамуына қосқан үлесі қарастырылған.

В сборнике конференции представлены результаты научных исследований докторантов, преподавателей, ученых нашего региона, в которых рассматривается широкий спектр тем, связанных с различными разработками академика Каныша Сатпаева, которые до сих пор влияют на экономическое состояние и развитие нашей страны; его вклад в развитие геологической науки и технологий в горно-металлургическом комплексе.

ӘОЖ 55/622

КБЖ 26.3/33

Материалдар жинағы авторлық басылымда жарияланады

Сборник материалов издается в авторской редакции

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің баспасы
100024, Қарағанды қ., Университет к-сі, 28, Тел. (7212) 35-63-16. E-mail: izd_kargu@mail.ru

ISBN 978-601-362-295-8

© Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті, 2024

Секция № 1: «Академик К.И. Сатпаев и его вклад в развитие гуманитарных наук»

ӘОЖ 378

ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ – ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

Абдуллина Д.Ы., №30 қазақ орта мектебі, Ақтөбе, Қазақстан

Ұлтымыз бен еліміздің тарихындағы зерделі тұлға, өз дәуірінің ірі ойшылы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев - қазақтың біртуар ғалымы. Оның гидрология, минералогия, геология сияқты жаратылыстану ғылымына сіңірген еңбегінен бөлек ұлт тарихының зерттелуіне, халық ауыз әдебиеті мен фольклорлық бай мұраларының жиналуына, жүйеленуіне, қазақ халқының ұлттық музыкалық өнерінің нотаға түсуіне, этнология мен этнографияның дамуына қосқан еңбегінің өзі ұшан теңіз. Қ.И. Сәтбаев ғылымның туын көтеріп қане қойған жоқ, оның XX ғасырдағы жарық жұлдызы да бола білді. Ұлт рухының ғылымы мен мәдениетінің мәртебесі болған Ғылым Академиясын құруда үлкен заңғар тұлға екендігін де көрсете білді. 1944 жылдың 3 қаңтарында билік органдарына Ғылым Академиясын құру туралы жазған арнайы хатында Қ.И. Сәтбаев ғылым ордасын ашу Одақ шеңберінен шығып, ұлт мәртебесін әлемдік деңгейге көтеретін акция деп көрегендікпен болжай білді. Қ.И. Сәтбаев ұлттың зиялы қауымын қалыптастырды. Ұлттың санасын, өркениеттік деңгейін гуманистік сатыға көтерді. Бүгінде Қ.И. Сәтбаев мұрасын металлогения, минералогия, геохимия, пайдалы қазбалар, стратиграфия, тектоника, география, экономика сынды тағы басқада ғылым салаларында жазылған мыңға жуық ғылыми еңбектерінің негізін құрады. Оның негізгі үш үдерісі, атап айтқанда, саяси реформа, экономиканы және қоғамдық сананы жаңғырту үдерістері іске қосылды.

Биыл қазақ даласының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толып отыр. Қ.И.Сәтбаев – алгебра мектеп оқулығының алғашқы құрастырушысы, тұңғыш кәсіби тау-кен инженері, ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті, Қазақстандағы алғашқы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, еліміздегі ғылымның негізін салушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері. Сондықтан да ұлы ғалымның есімі қазақ халқының тарихында алтын әріппен жазылған.

1927 жылы жас маман, инженер-кенші Қаныш Сәтбаев өзінің кәсіби қызметін жергілікті кәсіби кадрлардың жоқтығына, қаржыландырудың жеткіліксіздігіне қарамастан, ағылшын концессионерлерінен мұраға қалған ғылыми-зерттеу жабдықтарында жұмыс істеуді Қарсақбай мыс кенішінен бастайды. 3 жылдан кейін 1930 жылдың басында оның тобымен ашылған шашыраңқы мыс кен орындары – үлкен Жезқазған кен орны қоры 2 млн тонна мыстан кем емес әлемдегі ең ірі кен орындардың бірі екендігі ғылыми дәлелденеді. Кейінірек оның «Үлкен Жезқазған мәселелеріне арналған» [1] алғашқы ғылыми мақаласы жарық көреді. Бұл Орталық Қазақстанның және тұтастай еліміздің бет-бейнесін толығымен өзгертті. Үлкен Жезқазғанның ашылуы адам ерлігімен қатар бүгінде жастар үшін практикалық міндеттерді жүзеге асырудағы кәсіби, ғылыми тәсілдің үлгісі болып табылады. Өркениеттен мыңдаған шақырым қашықтықта орналасқан Қарсақбай кентінде Қ.Сәтбаев ғылыми фактілерді зерттеу мен талдаудың ең үздік құралдарының көмегімен өмірінің соңына дейін дәл әрі жете талдау жасаған.

«Жеріміздің үсті де, асты да бай. Менің геолог ретінде борышым – жер астындағы қазбаны зерттеп табу, оның қорын анықтау. Ал ғалым ретіндегі міндетім – кен байлықтарын халықтың игілігіне жарату.» Қ.И.Сәтбаев Аса көрнекті қазақ геологы Сәтбаев Қаныш Имантайұлы ғалым, қоғам қайраткері, Қазақ ССР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және президенті (1946), СССР Ғылым академиясының академигі (1946), 1943 жылдан корреспондент мүшесі), Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі (1946), СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалы құрамындағы геология ғылымдар институтының директоры, СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы 102 президиумы төрағасының орынбасары (1941 - 1942), төрағасы (1942 - 1946), Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті (1946 – 1952 және 1955 - 1964). Сәтбаев – рудалық кендер геологиясы саласындағы көрнекті маман. Ғылыми еңбектерінің басым көпшілігі рудалық кендер геологиясын және Қазақстанның минералдық ресурстарын зерттеуге арналған. Пайдалы қазбалардың болжам

карталарын құрастырудың принциптерін айқындаудағы Сәтбаевтың еңбегі өте зор. Сәтбаев – Кеңестер Одағындағы металлогения ғылымын жасаушылардың бірі және қазақстандық металлогения мектебінің негізін салушы. Геолог ғалым қалдырған бай ғылыми мұраның ішінде, әсіресе Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің комплекстік әдісін енгізді. Қаныш Сәтбаев еңбегі қазақ ғылымының дамуына үлес қосқан және ақырында ірі ғалым болған, ғылыми кадрлар қатарын тәрбиелеген және оларды ғылымға әкелген. Қаныш Сәтбаев ғылымға академик А. Х. Марғұланды әкелді. Әлкей Хақанұлы соңында ірі археолог ғалым және қазақ археология ғылымының қалаушысы болды. Сәтбаев геолог Ш. Е. Есеновтің талантың көріп, содан Қазақ КСР геология министрі орнына тағайындалуына ықпал етті. Сонымен Қаныш Сәтбаев ғылымға Е. А. Букетовті әкелді, 1960 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының химия-металлургия институтының директоры болып оны тағайындады. Содан Евней Арстанұлы химия ғылымында көптеген үлкен ашылымдардың авторы және Мемлекеттік сыйлықтың иегері болды. Ғылыми зерттеу мен ғылыми кадрларды тәрбиелеуден басқа, Қаныш Сәтбаев Қазақстан ғылымының ірі ұйымдастырушы атағын алды.

Алаш зиялысы Қ.И. Сәтбаевтың сан-салалы ғылыми мұрасы мен шығармашылық еңбектерінің қызметтері арқылы заңғар тұлғаның ерен қасиеттерін көруімізге болады. Ұлы ғалым қазақтың тарихын, әдебиетін, мәдениетін дамытуға елеулі үлес қосты. 1927 жылы «Ер Едіге» эпосын жазды. Онда ол Ш.Уәлиханов пен профессор П.М. Мелиоранскийдің ісін жалғады. Эпостың толық түзетілген, өңделген вариантын жариялады. Қ.И. Сәтбаев сол 27 жасында майталман зерттеуші Ә.Диваевтың «Едіге мырза – батыр» вариантының әдеби әлсіздігін, тарихи дәлсіздігін дәлелдеді. Ол қазақ халқының этногенезін зерттеді. 1925 жылдың 25 шілдеде қазақ сахарасында палеолит дәуіріндегі адамның қаңқасын тапты. Біздің жыл санауымыздан V ғасырдан бұрын Орталық Қазақстанда металл қорыту өнері дамығанын ғалым тұңғыш рет дәлелдеді. Қазақтың ұлт болып, ұлттық мемлекеттік құрған тұсын дөп басты. Хан Кене басқарған Ұлт азаттық қозғалысына алғашқы әділ баға бергендердің бірі де Қаныш Сәтбаев [2,2136].

Қ. Сәтбаевтың қаламынан әдебиет тарихына енген аса маңызды мақала қағаз бетіне түсті. Ол М.Әуезовтің «Абай» (1949) романына арналған «Қазақ совет әдебиетінің ғажайып шығармасы» деген еңбегі. Ол мақалада Қаныш Имантайұлының Ломоносовқа баға берісіне тән ғылымның поэзиядағы қайнар көзі туралы аса құнды ой толғамы қайта шалқыды. Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан елі мен халқының алдындағы басты еңбегі – геологиялық зерттеулердің дамуына қосқан зор үлесі. Оның тікелей басшылығымен елімізде ірі мыс және марганец кендерін өндіру жұмыстары басталғаны белгілі. Алайда ең бастысы – Қазақстанның аграрлы-ағартушылықтан сапалы индустриалды-ғылыми интеллектуалды елге айналуына ғалымның қосқан рөлі. [2] Академик Қаныш Сәтбаевтың баға жетпес үлесі – ғылыми мәдениет пен ғылымда методологиялық әдістерді орнатуы. Бұлар – Қазақстанның ғылыми қызметкерлерінің қазіргі буыны мен ғылымға қызығатын жастар үшін жүйеленген зерттеу жұмысының үлгісі іспеттес. Отандасымыздың туғанына 125 жыл толуына орай оның еліміздің дамуына, ұлттың инновациялық санасының – Рухани жаңғырудың – қалыптасуына қосқан үлесін ерекше атап кеткен жөн!

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев -елімізде геология ғылымын өркендетуіне өлшеусіз үлес қосқан ғалым.[3] Үлкен Жезқазған кенін зерттеу, Сарыарқаның геологиялық картасын жасау аса маңызды туындыларының бірі. Сәтбаевтың тікелей басшылығымен Қазақстанда түсті және кара металлургия ошақтары зерттеліп, іске қосылып ел игілігіне айналды. Оның бастамасымен Қарағанды металлургия заводының құрылысы басталып, Жезқазғанның кенді қазбаларын одан әрі байыту істері қолға алынды. Ол өндіргіш күштерді өсіруге, минералдық шикізаттарға бай аймақтарды зерттеуге үлкен көңіл бөлді. Атасу темірмарганец кендерінің негізінде Қарағанды облысында кара металлургияны дамыту жөнінде мәселе көтерді. Жезқазған-Ұлытау аймағында мыстан басқа темір, жез, марганецпен көмір кендерін ашты. Сәтбаевтың жетекшілігімен ғылымның геология саласы қарыштап қанат жайды. Ғылымның ең соңғы жетістіктері өндіріс тәжірибесіне енгізілді. Тәжірибеде тексерілген даусыз деректер жинақталып, қорытындыланды. Кейбір теориялық қағидалардың өзіне батыл өзгерістер енгізілді. Сәтбаевтың қолдауымен 1948 жылы Алматыда Орта Азия геофизика тресі ашылды. 1956 жылы Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі ұйымдастырылды. Академик Сәтбаевтың ауыр өнеркәсіптің материалдық базасын нығайтудағы ересен еңбегін бүкіл ел мақтаныш етеді. Ғұлама ғалым Қазақстан мәдениеті мен өнерінің, әдебиетінің зор қамқоршысы, ақылшысы болды. Ол атақты ғалымдар И.П. Бардин, И.И. Мещанинов, М. Келдыш есімдерімен қатар бүкіл әлемге әйгілі болды. Сәтбаевтың басшылығымен жүзеге асырылған маңызды шараларының бірі – Қазақстан экономикалық аудандарының өндіргіш күштерін зерттеу және игеруге бағытталған Қазақ

ССР Ғылым академиясының көшпелі сессияларының өтуі. Мұндай сессиялар Алтайда, Солтүстік, Батыс, Оңтүстік және Орталық Қазақстанда өткізілді. Бұл мәжілістерге өндірістегі мамандар кеңінен қатысты. Ондағы мақсат – ғылым мен техниканың ынтымағын, тығыз байланысын күшейту. Бір жағынан ғылымның ең соңғы жетістіктерін өндіріс тәжірибесіне енгізу болса, екінші жағынан өндірістің аса бай практикалық тәжірибесін, жиналған, тәжірибеде тексерілген даусыз деректерді жинақтап, қорытындылап, терең анализ жасау, ең әрісі, тіпті даусыз ақиқат деп саналып жүрген теориялық қағидалардың өзіне тиісті түзетулер енгізу көзделетін. Сәтбаевтың қолдауымен 1948 жылы Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылды; 1956 жылы Қазақ ССР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылды.

Қ.И.Сәтбаев негізгі ғылыми еңбегін Қазақстан кен орындарының геологиясын, минералдық қорларын жасауға арнады. Ол 640 - тан астам ғылыми еңбектерінің авторы. Қаныш Имантайұлы-рудалы кендердің пайда болуы және олардың жер қойнауында орналасуы, таралу заңдылықтарын зерттейтін Қазақстанның металлогения ғылымының негізін салушы.Сәтбаев еңбектері ғылымдағы зор жаңалықтар енгізді, Қазақстан геологиясы өз заманындағы биік сатыға көтерді. 104 Ә.Х.Марғұлан « Халықтың сүйген ұлы. Қаныш — аяулы ғалымдығымен бірге ол халықтың сүйген ұлы, бар өмірін, білімін ел игілігі үшін сарп еткен кісі. Сондықтан оның әдемі жарқын бейнесі біздің жас ұрпақтар үшін аса қадірлі, аса қымбат. » - деп Қаныш Сәтбаевты өте жақсы бағалап, қазақ халқы үшін жасаған еңбегінің молдығына тағы да бір көз жеткіздіргендей.

Қ. И. Сәтбаев – туған халқының нұрлы болашағы үшін білімнің құдіреті арқылы күресе білген бірегей тұлға. Қазақ ғылымының қарашаңырағы Ұлттық академиясында қыруар ғылыми зерттеулер жүргізді. Ол кісі соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезеңде қазақ Академиясын өзі бас болып құрып, ғылымның бастауында тұрды. Қазақстан ғылымы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі қастерлі де қымбат. Жасынан зеректік танытқан Қаныш аға өзінің бар ғұмырын ғылымға арнау туралы шешім қабылдағанда ол тек биік мақсаттарды көздеген еді. Қазақстанда геология мектебін қалыптастырып, жер асты қазба байлықтарын ел игілігіне жаратуы, осы салада көптеген ізбасар шәкірттерді тәрбиелеп шығуы өз алдына бір төбе. Жалғыз геология ғана емес, басқа ғылым салалары бойынша да талай азаматтардың ізденіс жолына түсіп, ғалым болуына өзінің ағалық және әкелік қамқорлығын көрсетті. Оның бүкіл өмір жолы, еліне сіңірген еңбегі, жасаған қызметі кейінгі жастарға үлгі-өнеге болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сәтбаев К. И. Қазақстан менін Отаным. – Алматы: Ғылым, 1999.
2. Қазақстан: ұлттық энциклопедия. Т.7: Н-С / бас. Ред. Б.Аяған.-Алматы
3. СәтбаеваШ. Сәулелі әулет: ғылыми – көпшілік басылым/ Ш.Қ. Сәтбаева.- Алматы: Қазақстан,1996.
4. Сәрсекеев М. Құғындалған “Сәтбаев” : естелік –эссе / М.Сәрсекеев. –Алматы:

УДК 372.881.111.1

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ОБРАЗ АКАДЕМИКА К.И.САТБАЕВА В ДИАЛОГАХ КНИГИ «ШЕСТЬ ПИСЕМ ДРУГУ» Е.А.БУКЕТОВА

Букетова Н.И., Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан

Аратаева А.Т., Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан

Китибаева А.К., Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан

**Амренова А.С., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
г. Астана, Республика Казахстан**

«История наша – несколько вспышек в степи», так сказал известный поэт Олжас Сулейменов. Действительно, проезжая через степи Сары-Арки, начинаешь понимать, что пространство, прочерченное линией мелкосопочников, устланное в некоторых местах огромными валунами,

отполированными водами, некогда заливавшего эти места, мирового океана – это Вечность! Человек внёс в эти места своё измерение – время, добавил в музыку ветра, лёгкого шёпота трав и свою особенность, своё богатство – язык.

Артефакты, которые через несколько тысячелетий заботливо и бережно были извлечены из толщи земли в этих местах, сообщают нам о городах, в которых шла размеренная жизнь в гармонии с природой [1]. И первым из учёных Казахстана, который обратил внимание на исследование письменных памятников на камнях, петроглифов, был президент АН КазССР, академик Каныш Имантаевич Сатпаев, неповторимая, многогранная личность, самородок.

Данное исследование ставит целью раскрытие образа академика в повести Е.А. Букетова «Шесть писем другу» с позиций современных подходов к анализу художественных произведений [2]. При интерпретации письменных текстов соответственно понятию «деконструкции» Жака Деррида, тексты как бы высказываются относительно самих себя и дают читателю возможность вслушаться в мелодику этих текстов, увидеть их смысловую конструкцию изнутри при помощи средств, которые Деррида обнаруживает в самих этих текстах [3, с.8].

Антропоцентрическая парадигма дала большой импульс для интегративных исследований гуманитарных наук, где философия тесно кооперирует с филологией, психологией, герменевтикой, культурологией, межкультурной коммуникацией, литературоведением, переводоведением и многими дисциплинами, объединенными одной темой «Человек» [4].

Особое место для исследований по всем гуманитарным направлениям имеют теоретические выводы Ф. де Соссюра о знаковой природе языка и существовании дихотомии языка и речи [5, с.13]. Алефиренко Н.Ф. определяет дискурс как сложное коммуникативно-когнитивное явление, в состав которого входит не только сам текст, но и различные экстралингвистические факторы (знание мира, мнения, ценностные установки), играющие важную роль для понимания и восприятия информации. Элементами дискурса служат излагаемые события, участники этих событий, перформативная информация и «не-события», т. е. обстоятельства, сопровождающие события, фон, оценка участников события и т. п. Коммуникативный компонент связан с субъектами дискурсивной деятельности как языковыми личностями. Когнитивной составляющей служит знание – объект дискурсивной деятельности [6]. Такое понимание коммуникативно-когнитивного единства дискурса способствует осмыслению двух проблем: а) соотношения понятий «дискурс» и «текст»: дискурс – «текст *плюс* ситуация», а текст, соответственно, – «дискурс *минус* ситуация» (Widdowson 1973; Östman, Virtanen 1995) и б) жанрово-идеологической природы *дискурса* [6].

Вопросы разграничения текста и дискурса стали предметом анализа многих учёных. Так О.Ю. Стародубова приходит к выводу: «Текст как архиватор историко-культурного кода становится дискурсом и содержит разные типы информативности – от фактической до концептуальной – как ментально-ориентированной, так и вненациональной. На фоне процессов глобализации текст как элемент художественного и публицистического дискурса становится амбивалентным средством аналитической (критической) интерпретации разных аспектов внутри – и внешнеполитической сфер деятельности и одновременно механизмом национально-культурной идентификации [7].

Собственно, из этого различия появляется возможность анализа текста, то есть связной речевой деятельности в письменной форме. Для лингвистики текста всегда были привлекательными произведения художественной литературы. Теоретик постструктурализма Ю. Кристева в 1967 году вводит термин «интертекстуальность», переосмыслив работу М. Бахтина 1924 г. «Проблема содержания, материала и формы в словесном художественном творчестве» [8].

М. Бахтин вкладывает глубинный смысл в творчество создания художественного текста, утверждая, что в этом процессе автор может находиться то в разных временных периодах, то иметь дело с предшествующей литературой и называет эти отношения «диалогом» [8]. Ю. Кристева подошла к понятию «диалога» по М. Бахтину как к средству литературного анализа и основополагающей в данном случае становится формулировка Р. Барта: «Каждый текст является интертекстом; другие тексты присутствуют в нем на различных уровнях в более или менее узнаваемых формах: тексты предшествующей культуры и тексты окружающей культуры. ... Через призму интертекстуальности мир предстает как огромный текст, в котором все когда-то уже было сказано, а новое возможно только по принципу калейдоскопа: смешение определенных элементов дает новые комбинации» [9, с.78]. Для Р. Барта любой текст – это своеобразная «эхокамера» [9, с.78].

Текст повести Е.А. Букетова «Шесть писем другу» характеризуется как интертекст, содержащий в себе смыслы семантических и семиотических пространств нескольких языков [10].

Исходя из этого принципа, любой художественный текст, каким бы он не казался «бледным» получает в лице читателя дополнительные краски в зависимости от его культурного, образовательного, эмоционального уровня. Данный подход открывает перед исследователем широкие возможности использования понятия «интертекстуальность» как особой аналитической единицы, обладающей внутренними смыслами, исходящими от языковой личности человека, носителя культурного кода этноса, внешними, как представителя социума, в котором он существует. С этих позиций для ученого открывается широкий горизонт, если избрать в качестве объекта исследования человека как языковую личность, его литературные тексты, человека - творца, его записки, рисунки, картины его мира в разных ипостасях. Так как в большей степени интертекстуальному анализу по своей специфике подлежат художественные произведения, то остановимся на информации о личности автора текста повести.

Для выявления интертекстуальных смыслов в художественных произведениях весьма интересна книга Е.А. Букетова «Шесть писем другу» [2], где представлен широкий спектр смыслов в соответствии с определениями интертекстуальности и понятиями, которые дают возможность рассмотрения данного явления в более широком контексте, чем только лингвистическом анализе. Следует отметить, что с литературоведческих позиций данная книга была объектом исследования Савченко Т.Т.: «...Е.А.Букетов, приступая к повествованию в письмах, вводит читателя в процесс поиска формы, её определения, в свою творческую лабораторию: «Ты давно предлагал мне написать о жизни... [2, 15] Буду писать тебе о своей жизни, но в этом писании, пожалуйста, не жди какой-то системы, последовательности [2, 17] [15].

Само название книги, рассматриваемое как заголовок, как предмет интертекстуального анализа интересен не только с семантической стороны, но и структурной формы, подразумевающей «диалог». Лингвистический и стилистический анализ контекста дискурса позволяет определить жанр написания книги, который определяется уже по слову «писем» и дополнением названия словом «другу», что предполагает доверительную, позитивную авторскую позицию в виде «диалога», то есть акта коммуникации. В то же время использование числительного «шесть» конкретизирует смысловой объем, но не сужает его, а наоборот, действует как некое воздействие извне и дает толчок к прочтению письма «номер один» и является признаком интертекстуальности [10].

Анализ художественного текста/дискурса академика Е.А.Букетова представляет интерес для научного исследования как интерпретация в дискурсивном плане. Как представитель казахской этнокультуры автор вносит в текст произведения и контекст событий в повести национально-культурную специфику. Более того, как билингв, пишущий как на родном казахском, так и на русском языке, он вносит и другие ассоциативно-вербальные особенности в тексты диалогов.

При определении социально-исторического контекста, в котором была создана повесть, выявляется, что она написана в начале второй половины 1970-х годов, которые были названы «годами застоя», то есть промышленной стагнации в СССР и сильнейшего давления советской идеологии на личности. Реальный контекст жизни автора с 1925 по 1983 – это период становления советской власти, военное время, тяжелое послевоенное строительство и в то же время подъем науки и образования в Советском Союзе. Для студенчества этого времени характерно полуголодное существование, когда стипендия и государственное обеспечение питанием были немаловажным фактором при выборе вуза и специальности. Это сыграло решающую роль также и в жизни Е.А. Букетова, когда он, приехав поступать на филологический факультет и узнав, что в горно-металлургическом институте обеспечивают питанием, поступил туда. Жизнь показала, что все-таки он выбрал правильное направление: технические науки также были его стихией, как и филология. Кроме того, естественные науки не подвергались такой сильной цензуре и идеологическому давлению как гуманитарные, поэтому был простор для свободной мысли. В то же время все художественные произведения, публицистика подвергались цензуре на государственном уровне, когда даже названия статей и книг подлежали соответствующему семантическому анализу. И, вероятно, по этой причине первый журнальный вариант повести Е.А. Букетова вышел в свет под рекомендованным редакцией

журнала названием «Время светлой судьбы», хотя рабочий был, «Записки научного работника» или «Шесть писем другу».

С первой страницы повести-диалога идёт пересечение текстов автора и «друга», в котором в интертекстуальной форме разворачиваются сюжеты, ситуации в контексте смыслообразования, где не замечаешь переходы оценки и самооценки автора и героя или стороннего наблюдателя - Сознания: «...И вот теперь, стремясь уложиться в начертанную тобой программу, начал думать о себе, своём деле, о людях, среди которых вращаюсь, пытаюсь на все это как-то смотреть со стороны: сверху, сбоку, с отдаления и т.д.» [2, с.15]. Авторская позиция разнонаправленного характера, где пересекаются, казалось бы, совершенно логически несовместимые формы и смыслы, это признак интертекстуальности соответственно структурному принципу в рамках постмодернистского дискурса. В этом предложении ярко демонстрируются возможности дискурса как идеального типа общения, когда автор сам как его творец, может смотреть на события и действия отстранённо, со стороны, часто отрываясь от реальной жизненной ситуации и имеет нейтральную аналитическую «площадку» в своём сознании.

Интертекстуальный подход открывает новые возможности анализа глубинной семантики текста. Повесть Е.А. Букетова – яркая демонстрация творческой эволюции автора, когда он в диалоге с «другом», а в большей степени с самим собой анализирует философию бытия, приходя к простому выводу: «Что ни говорите, человек не может изменить свою природу, он всегда остается человеком» [2, с.17]. Именно с этих позиций прочитывается образ первого академика, президента Академии наук Казахской ССР Каныша Имантаевича Сатпаева. Остановимся на социально-исторической характеристике его времени жизни.

К.И. Сатпаев родился 12 апреля 1899 года в Павлодарском уезде Семипалатинской области Российской империи в семье бия. С 1909 по 1911 годы Каныш Сатпаев учился в аульной школе. Затем поступил в русско-казахское училище в городе Павлодар, которое окончил с отличием в 1918 году закончил Учительскую семинарию в Семипалатинске. Там же начал работать учителем естествознания на педагогических курсах и готовился к поступлению в Томский технологический институт, который заканчивает в 1926 году. Затем начинается его трудовая деятельность как инженера в посёлке Карсакпай, как геолога и учёного, которому в трудных научных дискуссиях и тяжёлой полевой геологоразведке, удалось доказать на самом высоком уровне политического, исполнительного и научного уровней, большое будущее Джезказганского региона, строительство железнодорожной линии Джезказган – Караганда – Балхаш, строительство важной для Центрального Казахстана водной артерии Иртыш – Караганда и многого другого, что дало огромный импульс для промышленного, научного, сельскохозяйственного и культурного развития республики Казахстан.

Перейдём непосредственно к тексту повести, а именно анализу контекста с выделением темы «Каныш Имантаевич Сатпаев». Тему можно разделить на несколько микротем/дискурсивных ситуаций с описанием конкретной ситуации в тексте:

- человеческая эмпатия и ситуация везения в научном плане;
- промежуток времени в жизненной ситуации как поворотной от важной встречи с президентом академии наук;
- информация об облике, этике, языке общения и манере поведения президента при первой личной встрече как характерные особенности национально-культурной идентификации;
- характер научных бесед, перспективного мышления в науке на концептуально равном уровне коммуникации;
- эмоционально – психологическое состояние молодого учёного после встречи с президентом.

Рассмотрим дискурсивную ситуацию *Человеческая эмпатия и ситуация везения в научном плане*

С первой строки названной подтемы: «Пишу эти строки и думаю о том, как мне решительно везло в моей научной судьбе», автор Е.А. Букетов, прототип главного героя Мажита Муканова, выражает внутреннее чувство благодарности на ментально-концептуальном уровне словами «думаю» и «решительно везло». У читателя, как участника этой информации, не появляется ни тени сомнения в её правдивости, которую он подкрепляет фактом, что «везение» связано именно с человеком, вызвавшим в нём глубокое чувство эмпатии, его научным руководителем в аспирантуре Дмитрием

Викторовичем. В процессе коммуникации Мажита с «другом» факты «везения» выражаются в двух ипостасях: в его умелом научном подходе к исследовательским задачам и интересам аспиранта и к выработке профессиональных навыков в преподавании в вузе «...помог мне встать на ноги не только как исследователю, но и как преподавателю высшей школы» [2].

И далее, уже как «сторонний наблюдатель», делает жизненно важный вывод на личностном уровне в рамках оценочной семантики языка: «Теперь только могу оценить, как много мне дали и сам профессор Дьячков, и его научное окружение». Слово «теперь» указывает на некий временной континуум, когда сформировался концепт «благодарность» на пересечении формирования знаний и оценки событий, явлений в жизни автора / героя как факторов «везения» и нового, какого-то важного предложения, которое спишет все трудности по проведению научных исследований. И, когда читатель уже заинтригован словами: «Если бы ты знал, от кого исходило это предложение...», «друг» уже ждёт признания от Мажита, в этот момент автор прерывает предложение многоточием, которое сигнализирует о высоком уровне эмоций и экспрессии главного героя, что у читателя появляется перед глазами восклицательный знак. И дальше словами: «Но давай-ка лучше расскажу по порядку» продолжает коммуницировать с переходом к другой подтеме.

Дискурсивная ситуация *Промежуток времени в жизненной ситуации как поворотной от важной встречи с президентом академии наук*

Из аула приехал к Мажиту друг детства, он проводил его на поезд и на работу в институт пришёл к вечеру и, узнав от директора института, что президент Академии наук хочет с ним познакомиться, очень разволновался.

Мажит очень плохо спал перед встречей с Канышем Имантаевичем, думая о том, чем же могла заинтересовать его персона такого важного человека. Он робко вошёл в приёмную президента Академии наук в только что отстроенное величественное здание. Мажит раньше видел президента лишь на собраниях и портретах и, войдя, в просторный кабинет увидел, как «высокий, величавый аксакал ...грузно поднялся с кресла» и пока он шёл по кабинету «успел обойти ...неимоверно большой президентский стол и подал ему руку со словами:

«А-а, вот Вы какой, Мажеке! Мне о Вас академики, работающие у вас в институте, много говорили... И я решил с Вами познакомиться...»

Дискурсивная ситуация *Информация об облике, этике, языке общения и манере поведения президента при первой личной встрече как характерные особенности национально – культурной идентификации*

Президент, хотя и был в два раза старше Мажита Муканова, своим светским поведением и вместе с тем уважительным «Мажеке», как обращаются казахи в коммуникации, как бы приблизил его к себе, показал, что он «равный», что все его регалии, звания не отлучили от высокого ценностного понятия казахского народа как «адамгершілік» - человечность, что он, молодой учёный представляет для него интерес как личность. Как представитель старшего поколения казахского народа Сагпаев, как пишет автор, посадил Мажита напротив себя и стал расспрашивать точь-в-точь, как это делает в степном быту любой аульный аксакал. И это тепло, эти вопросы, простые по содержанию и знакомые с ему с детства, сняли с него волнение и растерянность, что позволило ему в какой-то момент почувствовать свободу и раскованность, и он спокойно стал рассказывать о своих научных интересах, о перспективах исследования.

В процессе беседы Мажит увидел «пожилого человека с крупными чертами лица и огромным лбом, скульптурно-привлекательные пропорции которого подчеркивались зачёсанными назад, сильно поседевшими, но ещё густыми, слегка кудрявившимися волосами. Мажит отметил, что его «лицо было не так красиво, как на известных портретах, но было доброе, выразительное. Выпуклые подбровья над узковато прорезанными, но большими глазами подчёркивали недюжинную волю, которой был наделён этот человек» [2, с.202 – 203].

Дискурсивная ситуация *Характер научных бесед, перспективного мышления в науке на концептуально равном уровне коммуникации*

Каныш Имантаевич как настоящий учёный увидел высокий когнитивный потенциал молодого человека, с которым можно было составить научную дискуссию на концептуально равном уровне.

Это его очень обрадовало и он, улыбнувшись, стал говорить открыто, не скрывая своего позитивного отношения к Мажиту: «Мажеке, как это хорошо, что у Вас все продумано, чтобы работать в научном плане дальше, чтобы не останавливаться на чём-то достигнутом... что у Вас нет такой беды, когда человек имеющий диплом кандидата, а иногда и доктора наук, все ещё ищет... Последнее, к сожалению, бывает чаще, чем первое. Опасные явления, предвещающие застои... Вот я и пригласил Вас; Академия желала бы предложить работать в её системе, в этом случае будет возможность в любом масштабе проводить научные исследования в соответствии с Вашими замыслами и делать многое другое для развития науки в республике. Речь, Мажеке, идёт о том, что мы хотим просить Вас стать директором только что открытого института химических наук в известном Вам большом промышленном центре республики» [2, с.203 – 204].

Дискурсивная ситуация Эмоционально – психологическое состояние молодого учёного после встречи с президентом

Мажит, конечно, принял предложение академика Сатпаева, и вся лексика дальнейшего его повествования говорит о сильнейшем эмоциональном воздействии встречи с президентом: «состояние внезапного соприкосновения с чем-то недостижимым, сказочно высоким», «высокая ответственность», требующая «истинного, глубинного понимания значения твоих будущих замыслов и действий». Размышляя о своём приподнятом настроении, вернее духе, после разговора с Сатпаевым, Муканов пишет «другу»: «Я не мог не думать возвышенно. Ведь человек, который беседуя со мной более часа, всё время старался подтянуть меня к своему уровню простотой и приветливостью, своим неизменным уважительным обращением «Мажеке» и на «Вы», что звучало для меня непривычно, ибо аксакал годился мне в отцы, являлся первым академиком народа, состоял в составе Президиума Большой Академии страны, числился среди тех немногих имён, которые символизируют самое выдающееся место, занимаемое наукой моей Родины в мире. Ведь в его мягких ладонях, с такой добротой и радушием касавшихся моих рук, хранится тепло от пожатия самых выдающихся людей нашего времени и нашей эпохи».

Эти мысли были потаёнными, но они были искренними и чистыми и давали Мажиту чувство окрылённости. Несмотря на предупреждения окружающих, что менять тёплую столицу на руководство «научной конторой, где возможно, нет ни одного нормального научного работника, в Мажите заговорили гены его родственников – Алжиган-ата и Жактай-ага, для которых девизом было национальное понятие «намыс», со значением «честь». Прообразом первого героя книги был аксакал аула, старший в роде Алыпкаш, «живой аруах, живой дух» Аяган – ата. Прототипом Жактай-ага стал брат отца, дядя Мажита Ибрай (Ибрагим) ага., для которого были характерны смелость, бесстрашие, решительность. И эти образы дали молодому учёному Мажиту Муканову силы и уверенность успеха в будущей его научной и организаторской деятельности и выковали твёрдую, непоколебимую внутреннюю установку: работать, чтобы оправдать доверие президента Академии наук Казахской ССР, Каныша Имантаевича Сатпаева.

Книга «Шесть писем другу» Е.А.Букетова была написана в непростые для страны и автора годы. Интегративный подход к структурному, стилистическому, семантическому и другим видам анализа текста/дискурса повести даёт удивительную возможность открыть синтез языка и речи, выраженный средствами письменной коммуникации без условных границ времени и социально-исторических фактов. Глубинное «прочтение» даже нескольких страниц книги, посвящённых академику К.И. Сатпаеву, дают концептуально ярко выраженный образ учёного с универсальными знаниями, патриота и провидца, Человека мира.

Список использованных источников:

1. Букетова Н.И., Туркенова С.С., Аратаева А.Т., Минаева Е.В., Касенова М.Д., Истомина А.А. Перспективы исследования интертекстуальности художественного текста повести Е.А. Букетова “Шесть писем другу”// Материалы межд. научно-практ. конференции «Перспективы и новые тенденции развития иноязычного образования» (29 – 30 .11.2023).-Караганда, 2023.- С.9-12.
2. Букетов Е.А. Шесть писем другу.-Алма-Ата: «Жалын», 1989. -288 с.

3. Гурко Е. Деконструкция: тексты и интерпретация. Деррида Ж. Оставь это имя (Постскриптум). Как избежать разговора: денегации. – Минск: Экономпресс, 2001. – 320 с.
4. Букетова Н.И., 2018. Реликтовая корневая морфема как языковая универсалия. Караганда: ТОО Tengri Ltd. 292 с.
5. Соссюр Ф. де, 1977. Труды по языкознанию. Москва: Прогресс. - 696 с.
6. https://ejournals.eu/pliki_artykulu_czasopisma/pelny_tekst/aa90a07d-e2ae-4117-92e7a134e222dafb/pobierz
7. Стародубова О.Ю. Анатомия текста и дискурса. Часть 1: Художественный дискурс и механизмы конструирования модели действительности: учебное пособие / О.Ю. Стародубова. – Чебоксары: ИД «Среда», 2021. – 136 с.
8. Kristeva J. Séméiotikè. Recherches pour une sémanalyse. Paris, 1969.
9. Barthes, Roland; Lavers, Annette. Mythologies. - Paladin Books, London, 1973.
10. Buketova N.I., Aratayeva A.T., Turkenova S.S., Amrenova A.S., Jussupov B.I. Intertextual implications of E.A. Buketov's philosophy of humanism and multiculturalism // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». — 2023. — № 3(111). — 286 с.

ӘӨЖ 2964

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ- ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШЫНЫҢ СИМВОЛЫ

Джуманова Л.С., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Менің халқым менен де биік ...

Қаныш Сәтбаев

Санаулы айлардан кейін Қазақстан әлемге әйгілі ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуын атап өтпекші. Оның геологияны ғылым ретінде дамытуға қосқан үлесі зор, әрі еңбегі ерекше бағаланып отыр. Қаныш Имантайұлы Қазақстанда әлі күнге дейін еліміздің экономикалық жағдайы мен дамуына әсер ететін орасан зор жобаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға түйткіл болған тұлғалардың бірі. Қаныш Сәтбаев - қазақ даласының біртуар ұлы, ол Қазақстанның ғылымы мен өнеркәсібі саласында өз орны бар атаулы ғалым.

Қ.И.Сәтбаев қазақ тіліндегі алгебра оқулығының алғашқы құрастырушысы, қазақтар арасынан шыққан алғашқы кәсіби инженер-геолог, КСРО Ғылым академиясының тұңғыш қазақ-академигі, Қазақстан Ғылым академиясының бірінші президенті және негізін қалаушысы, Қазақстандағы Ғылым академиясы Геология институтының бірінші директоры, Қазақстандағы тұңғыш Мемлекеттік және Ленин сыйлықтарының лауреаты болған. Қаныш Сәтбаев Қазақстан ғылымының көрнекті ұйымдастырушысы, сондай-ақ әлемдегі ең ірі болып табылатын Ұлытау-Жезқазған мыс кен орнын ашқан геолог ретінде танымал адам.

Көрнекті ғалым-геолог, ғылымның аса көрнекті ұйымдастырушысы, ірі мемлекет және қоғам қайраткері Қ.И. Сәтбаевтің есімі Қазақстан тарихында алтын әріптермен жазылған. Академик Қ.Сәтбаевтың Қазақстан Республикасының дамуына атқарған ісі ұшан- теңіз! Ғылымның көптеген салаларында энциклопедиялық білімі бар жоғары эрудициялы адам Сәтбаев елге зияткерлік, ғылыми даму трендін әкелді, нәтижесінде қазақстандық қоғам ағартушылықтан зияткерлік-ғылыми және кәсіби қоғамға айналды. Ұлы ғалымның еңбегінің арқасында халқымыздың, жастарымыздың және еліміздің бүгінгі инновациялық және ғылыми әлеуетінің іргетасы қаланды.

Бүгінде біз елдің дамуы үшін осындай жанкешті еңбек пен қайсарлыққа барған ғалымның күш-қуаты мен еңбекқорлығын терең түсіне бермейміз және оның ел дамуына қандай серпіліс бергенін түптеп ойламаймыз да. Ол кезде, өткен ғасырдың 30-шы жылдарының ортасында Қазақстан қоғамы сауатты және білімді болған, алайда кез келген кәсіби инженерлік кадрларды даярлау Ресей Федерациясында немесе Өзбекстанда жүргізілген, ал ғылыми зерттеулер жүргізу тек мәскеулік және ленинградтық ғалымдардың ғана еншісінде еді...

Жас инженер-геолог Қаныш Сәтбаев кәсіби қызметін 1927 жылы Қарсақбай мыс кенішінде жергілікті кәсіби кадрлардың тапшылығына, қаржыландырудың жетіспеушілігіне және ағылшын концессионерлерінен мұраға қалған құрал-жабдықтардың ескілігіне қарамастан қажырлы еңбегін бастайды. 3 жылдан кейін, 1930 жылдың басында оның тобы ашқан бірнеше бытыраңқы мыс кен орындары 2 млн тоннадан кем емес қоры бар әлемдегі ең ірі Жезқазған мыс кен орны болып табылатыны ғылыми расталады. Кейінірек оның алғашқы «Үлкен Жезқазған проблемасы тұрғысында» деген атаумен ғылыми мақаласы жарық көреді. Орталық Қазақстанның және жалпы еліміздің келбетін күрт өзгерткен Үлкен Жезқазғанның ашылуы, адами ерліктен басқа, практикалық міндетті іске асырудағы кәсіби ғылыми тәсілдің жарқын мысалы болып табылды. Сол кезде, Қарсақбай кентінде, өркениеттен мыңдаған шақырым жерде алшақ жатқан аймақта Қ.Сәтбаев ғылыми фактілерді, артефактілерді зерттеу мен талдаудың ең озық құралдарының көмегімен дәл және мұқият талдаудың тәсілін берік ұстанды.

Ғалымның кен шоғырланған аймақты дөп басып дәл таба білу қасиетіне таңданбасқа амал жоқ. Жекелеген ғылыми фактілердің негізінде ғалым талдама жасай алды: «Үлкен Жезқазған жалғыз нысан емес. Жезқазған ауданының шегінде осы кендерді ірі ауқымда өндіруді белгілеуге мүмкіндік беретін темір, темір-марганец кендерінің жеткілікті ірі қорлары бар» [1]. Бұл кен орнының ашылуы Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Одақтың болат құю өнеркәсібін сақтауда маңызды рөл атқарды. Кенді Жезқазғанды дамытуды қаржыландырудың басталуымен - мыс балқыту комбинатын, су қоймасын салу және темір жол төсеу мен 1934 жылы елде бірінші жоғары техникалық оқу орнын, яғни Қазақ тау-кен металлургия институтын құру үшін алғышарттар жасалды. Құрылған институт еліміздің өсіп келе жатқан тау-кен металлургия және геология өнеркәсібі үшін өзінің кәсіби кадрларының ұстаханасына айналды.

Осыдан 85 жыл бұрын Қазақ тау-кен металлургия институтында құрылған жоғары буындағы инженерлік кадрларды кәсіби даярлаудың бұл векторы республиканың жоғары білімді мамандарға деген қажеттілігін қамтамасыз етіп, алғашқы қазақ ғылыми кадрларын қалыптастырудың басты бағытына айналды. Қ. Сәтбаев елдің тау-кен металлургия секторының инженерлік-зияткерлік және ғылыми элитасын қалыптастырудағы дәйектілігі - оның ұйымдастырушылық қасиеттері мен ғылыми болжамдарының айқын айғағы. Бұл бағыттағы қадамдар 1940 жылы Геология ғылымдары институтының базасында алғашқы қазақ ғылыми орталығын құруға мүмкіндік берді. Кейін ғылымның аралас салаларын тарту арқылы КСРО Ғылым академиясы филиалының базасында 1946 жылы Қазақ Ұлттық ғылым академиясы құрылды. Қазақстанның жас ғылым академиясы өсіп-өркендеді. Ғылыми кадрлар қалыптасты. Қ.И.Сәтбаев талантты жастарды жан-жақты қолдап, өсірді. Ол Маңғышлақ түбегіндегі табиғи ресурстарды кешенді зерттеуге, көмірдің, мұнайдың, газдың, қара металлургияның жаңа кен орындарын зерттеуге басшылық етті, Ертіс-Қарағанды каналының құрылысын белсенді қолдады, Академик Қ.И.Сәтбаевтың мүдделер ауқымы ерекше кең және жаратылыстану ғылымдарының шеңберінен тыс болды. Ол қазақ тарихын, әдебиетін, мәдениетін, этнографиясын, музыкасын мен фольклорын, Орталық Қазақстан аумағындағы археологиялық ізденістерін, педагогика мен әдебиет жөніндегі еңбектерін білетін үлкен маман болды. Ол бірінші болып М.О.Әуезовтың «Абай жолы» романының маңызын бағалап, фольклор жинаушы А.Затаевичке 25 халықтық ән тапсырды, театр, өнер, мәдениет, жастар тәрбиесі туралы көптеген жұмыстар қалдырды.

Қ. Сәтбаевтың басшылығымен қазақстандық геологтардың ғылыми топтары жүргізген Орталық және Шығыс Қазақстанның кең аумағында ең заманауи техникалық құралдарды пайдалана отырып жүргізілген жүйелі және терең зерттеулер оны 1950 жылдардың басында Қазақстанның геологиялық карталарын жасау және оны дұрыс жүйелеуге ықпалын тигізді. 1955 жылы оның «Орталық Қазақстанның металлогендік болжам карталарының әдіснамасы, нақты базасы және негізгі қорытындылары туралы» деп аталатын келесі іргелі ғылыми еңбегі жарық көрді. Ғалым өз жұмысында былай деп жазды: «Мәселені ғылыми әзірлеудегі кешенділік, бақылаудың барлық бастапқы фактілерін жинаудағы толықтық, оларды талдаудағы нақтылық, жалпылаудағы объективтілік және шығармашылықтағы ұжымдық - Орталық Қазақстан шегінде маңызды пайдалы қазбалардың металлогендік болжам карталарын жасау жөніндегі жұмыстарды орындауға жетекшілік ететін әдіснамалық қағидаттар» [2].

Ғылыми және академиялық пікірталас пен талқылау, ғылыми материалды синтездеу және талдау өнерінің арқасында академик Қ.Сәтбаев пен оның ғылыми әріптестері «Барлығына күмән келтіріп, фактілерге ғана сену» қағидат ұстана отырып қазақстандық ғылым сапасының берік стандартын бекітті, ол әлі күнге дейін өзекті болып келеді. Қазақстанның алғашқы жүйеленген металлогендік карталарын пайдалана отырып, деректерді ғылыми алдын ала болжау,

экстраполяциялау және болжау әлі күнге дейін біздің еліміздің аумағында металл кендерінің жаңа бай кен орындарын табысты ашуға мүмкіндік береді. Шашыраңқы фактологиялық өңірлік деректерді Орталық Қазақстанның бірыңғай кешенді-геологиялық картасына жүйелеу Қ. Сәтбаевқа кен орындарының кеңістікте орналасу заңдылықтары туралы іргелі және әмбебап ғылыми ережелерді әзірлеуге мүмкіндік берді. Таң қаларлығы, олар сандық математикалық есептеулер мен деректерді компьютерлік симуляциялау дәуірінен бұрын құрылған және қазіргі уақытта өздерінің ғылыми негізділігін растаған. Зерттеу барысында ғалымның мынадай қорытынды жасауы негізді қызығушылық туғызады: "Орталық Қазақстанның эндогендік кенді минералдануын нақты талдаудың қорытындылары оның аумағындағы өнеркәсіптік кенді кен орындары жоғарыда көрсетілген рудогенездің барлық үш дәлелді факторлары көрініп тұрған жерде ғана қалыптасқанын дәлелдейді. Атап айтқанда, Орталық Қазақстан үшін терең өңірлік жарықшақтар мен оларды сүйемелдейтін қанатты және үйлестірілген сызат аймақтарының жүйелері өзара буындану немесе қиылысу тораптарына ие болған жағдайлар неғұрлым қолайлы болып шықты. Бұл ретте, әсіресе, күрт анизотроптық, жыныстардың бастапқы қабатталған кешендерінен құралған, олардың желке тәрізді қиылысатын ақаулық-бүктемелі құрылымдарымен түйісетін жерлер маңызды. Бұл жерлерде бір мезгілде терең магма ошақтарының металлды ерітінділері бар болғаны өте маңызды "[3]. Қ.Сәтбаев жасаған және жоғарыда аталған жұмыста көрініс тапқан ғылыми қорытындылар ғалым-геологтың білімділігін паш етеді. Ол тұжырымдаған ғылыми ережелер әлі күнге дейін ғылыми геологиялық әлемде кеңінен таралған, әрі бүгінде бұл «ең жоғары дәйексөз индексі» деп аталады. Қ.Сәтбаев былай дейді: "Скарндық және гидротермальды металлогендік формациялардың мұндай артықшылығы тек жыныстардың жақсы қабатталған кешендеріне ғана байланысты, олардың физикалық қасиеттері бойынша әр текті жыныстар арасында айқын көрінетін құрылымдық беттері бар. әртүрлі қаттық дизъюнктивтік бұзылулар неғұрлым ықыласпен қалыптасатын Орталық Қазақстан жағдайында ғана емес, бүкіл әлемде эндогендік металлогендік формацияларды кеңістікте орналастырудың әмбебап заңдылықтарының бірі болып табылады "[4].

Сәтбаевтың ғалым ретіндегі басты еңбегі оның Қазақстандағы геологиялық зерттеулерді дамытуға қосқан орасан үлесінде екені анық. Оның тікелей басшылығымен ірі мыс, темір және марганец кендерін игеру басталғаны белгілі. Бірақ оның Қазақстанды аграрлық елден индустриялық-ғылыми-зияткерлік елге сапалы айналдырудағы рөлі ең маңызды. Академик Қаныш Сәтбаевтың ғылым саласындағы ғылыми мәдениет пен әдіснамалық тәсілдерді енгізуге қосқан үлесі де баға жетпес. Ұлы отандасымыздың туғанына 125 жыл толуы қарсаңында оның еліміздің дамуына қосқан баға жетпес үлесін, Қазақстан халқының ғылыми ойын, зияткерлік және рухани әлеуетін тағы да еске түсіру маңызды, әрі ұлттың жаңа инновациялық санасын қалыптастыруда қолдау таба алады.

Қазақ халқы мен Қазақстан тарихында академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жер қойнауы құпияларының феноменальды куәгері, көрнекті ғалым-геолог және ғылымның ұйымдастырушысы ғана емес, ең алдымен өз уақыты үшін аса ірі ойшыл және табиғат зерттеуші болған. Қазақстанның өркениетті индустриялық дамуына өз үлесін қосқан үлкен қоғам және мемлекет қайраткері, нәзік саясаткер қоғамның бейресми көшбасшысы болған тұлға.

Тіпті ғалымның еңбегінің қысқаша сипатталған кезеңдері де оның ғылыми қызметінің ауқымы мен елдің дамуына қосқан үлесі қаншалықты зор екендігі туралы түсінік береді. Өзінің еңбегі мен жетістіктерінің арқасында Қаныш Сәтбаев Қазақстанның ұлттық мақтанышының нышанына айналды. Оның жұмысы ел тарихына елеулі үлес қосты және мемлекеттің дамуы үшін ғылыми және өнеркәсіптік қызметтің жоғары құндылығының көрсеткіші болып табылады.

Қ.И. Сәтбаев өзінің еңбегі үшін көптеген мемлекеттік наградалар мен атақтарға ие болды. 1964 жылы қаңтардың соңғы күні ұлы ғалым-геолог Мәскеуде қайтыс болды. Академик Қ.И.Сәтбаев 1964 жылы 31 қаңтарда Алматыда жерленді. Академиктің есімі Қарағандыдағы бұрынғы Никольский деген атаумен белгілі болған қалаға 13 қыркүйек 1990 жылы беріліп, аталмыш қала қазір Сәтбаев қаласы деп аталады. ҚР Ғылым академиясының Геология ғылымдары институты, Жезқазған тау-кен металлургия комбинаты, Жоңғар Алатауының минералы, мұздығы және тау шыңы, Қазақстан Республикасының қалалары мен кенттеріндегі гүл сұрыбы, көшелер мен мектептер атауы, қазіргі уақытта ҚР ҒМ жаратылыстану ғылымдары саласындағы аса үздік жетістіктері үшін оның атындағы сыйлық белгіленді, Қ.И. Сәтбаевтың халықаралық қоры құрылды.

Абай Құнанбаев: «Ғалым және ойшыл - адамзаттың мақтанышы», - деді. Менің ойымша, Қаныш Сәтбаевтың жарқын өмірі Қазақстан жастары үшін жол көрсеткіш жұлдыз болып табылуы тиіс. Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен қызметі біз үшін үлкен үлгі. Біздің өміріміздің жалғасы, қазақстандықтардың жаңа буыны, жаңалықтар ашып, ғылым саласында Қаныш Сәтбаев сияқты биіктерге жете алар ма екен? Бұл мәселе әр қазақстандықты толғандыруы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстанның халық шаруашылығы/ҚССР Мемлекеттік жоспары мерзімдік органы/ Журнал. - 1936. – № 1-2. – 74-83 б.
2. ҚССР Ғылым Академиясының Жаршысы/ Геология сериясы.- 1955. – 20 басылым. – 3-35 б.
3. Орталық Қазақстанда эндогендік кендену аймақтарын кеңістікте орналастырудың басты заңдылықтары/ Кеңестік геология. - 1957. – № 58. - 93-109 б.
4. Түсті металл кендерін кешенді пайдалану бойынша Қазақстан Ғылым академиясының зерттеулері/ ҚССР Ғылым Академиясының Хабаршысы. - 1962. – № 12. - 3-11б.

ӘОЖ 9.929

ДАНАЛЫҚҚА ТОЛЫ ДАРХАН ҒҰМЫР (Қаныш аға жайлы мөлтек сыр)

Жақан Ә., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

Жаратылыстың құдіреті шексіз. Баянауылдан қанат қаққан бала Қаныш аспан әлеміне шарықтай ұшып, адамзат биігін бағындырды. Оның осынау зор жетістігіне қызыққан, таңқалған өзге жұрт өкілдері көз жетпейтін көк аспанның ең биігіндегі бір жұлдызды «Қаныш Имантайұлы Сәтбаев» деп белгіледі. Аспан төрінен жұлдызды иемдену ісі қазақта болмаған. Бұл ғарышқа шыққан құдіретті жолды қазақ баласы қалай игерді? Қандай тылсым күштер әсер етті? Соған ой түбінен көз жіберіп көрейік...

Әуелде Имантай жолаушы иен далада түнде ұйықтап жатып ғажайып түс көріпті. Сол түсінде ақбоз ат мінген бір әулие оған үш шарана сыйлап кетеді. Ертеңінде осы түсін Құрмантай абызға жорытқанында, батагөй ақсақал: «...Құдай қолдаса үш перзент көреді екенсің. Аққа оранып келіп аян берген, сірә, Қыдыр болар, ұзақ жасап, қалған ғұмыр жасыңда бақ-жұлдызың жарқырап, перзенттерің атыңды алты алашқа таратып, баянды бақытқа шаш етектен кенеледі екенсің. Тәубе айтып, хақ тағаланың шексіз құдіретіне құлшылық студен жаңылма!» - деп ақ батасын берген екен. Дүниеге келмей жатып, Алланың аяны мен әулиенің батасына ие болған періште-перзент басқалардан бөлек болмағанда қайтсін?! Бұл – бірінші көрініс. Екіншіден, дүниені дүбірлетіп келген торсық шеке ұлдың кіндік қаны тамған туған жері – табиғаты таңғажайып Баянаула (жергілікті тұрғындар Баянауылды осылай атайды екен) аймағы болса, ол да сүйікті құлына Тәңірдің тартуы шығар. Бұған қоса, ата жағынан да, нағашы жұртынан да тектілік дарыған. Белгілі ойшыл, әулие ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің түзген қазақ шежіресіне зер салсақ, Қаныштың арғы тегі кілең мықтылар. Небір билер мен батырлар, шешендер мен сөз зергерлері, өнер иелері мен елге ұйытқы болған тұлғалар шыққан екен. Осындай алтын тамырдан, ақ желіден тартылған толағай ұлдың қияға қанат қаққан қыран болуы да табиғи заңдылық шығар. Белгілі сәтбаевтанушы, қайсар қаламгер Медеу Сәрсекке «Қазақтың Қанышы» атты кітабында: «Өзі үшін ерекше бұл оқиғаны Имантай ақсақал үйінде қастерлеп ұстайтын Құран кітабының қалың мұқабасының ішкі жағына: «Доңыз жылында, жаңа есеппен 1899 жылы наурыз айында, яки марттың 31-жұлдызында жаппар жаратушы Имантай деген құлына ұл берді. Нәрестенің есімін Ғабдулғани қойдық», - деп араб әрпімен жазып қойыпты...

Батагөй қарт баланың орауын жазып, құлағын ашып, «Ғабдулғани, Ғабдулғани, Ғабдулғани!» деп үш қайтара айғайлап, азан шақырады. (Бұл сөздің мағынасы – аса биік, яки «Мәртебелі құл» деген ұғымға саяды).

Осыдан соң нәресте туған анасының қасына апарылады. Оңаша үйде, алды-артына тау ғып үйген құс жастықтардың қоршауында, орауда отырған Әлима кішкене бөбегін мейірлене иіскеп: «Ғаниым менің, Ғанышым!» десе керек. Анасының «Ғаныш» деп еркелетіп атағаны, оны ауыл-аймағы, соңынан күллі қазақ, әлем қауымы солайша таныған, тек мектепке қатынап, куәліктер алған кезінде есімнің орысша жазылу жөнімен Қаныш боп өзгерген» - деп қызықты деректер келтіреді. Ұлтымыздың ұлы ойшылдары Шоқан мен Абай да аналарының қойған ерке есімдерімен елге хәм әлемге танылғаны белгілі. Аяулы аналарының ерекше толғанып, мейірлене ақ сүтін емізген, еркелетіп өзіндік есім берген үш перзент те ел сенімін ақтап, ұлт мақтанышына айналды. Ғажап сәйкестік!

Қаныштың қазақ халқына берген сыйы ұшан-теңіз. Ол табиғаты тұнған таңғажайып өлкеде өмірге келгендіктен бе екен, даланы ерекше жақсы көрді, қасиетті жер қойнауын терең зерттеді. Мына бір шағын деталь да Қаныш ағаның мол мұрасынан сыр тартқандай: Академик Сәтбаев дүниеден қайтқан жылы-ақ оның геолог әріптесі, ғылым докторы, профессор В. С. Коптев-Дворников: «Ол артына үш түрлі ұлы игілік қалдырып кетті: Жезқазған – бір, Қазақстанның Ғылым академиясы – екі, Геологиялық ғылымдар институты – үш... Мұның үшеуінде де ғалым, коммунист, геолог, қазақ халқының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев іргесін қалаған жақсы істі әрі қарай дамытуға құлшынған жүздеген адамдар еңбек етеді...» деп жазыпты. Сол уақыттарда жүздеген жандар осы үш нысанда еңбек етсе, қазір мындаған, миллиондаған адамдар ғұлама ғалым игіліктерінен нәр алып, күнделікті өмірлік қажеттерін табуда десек, артық айтқандық емес. Мәселен, зерделі ғалымның, маман геологтың зерттеуі бойынша жер астынан қаншама қазба байлықтар табылды, олар игеріліп, соншама зауыт-фабрикалар салынды, үлкенді-кішілі біршама қалалар мен аудандар тұрғызылып, жаңа елді мекендер пайда болды. Ертіс-Қарағанды жармасы (каналы) өмірге енді. Мұны ғалымның өндіріс жаңалықтары дейік. Ал Қаныш Имантайұлының қазақ ұлтының тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне қосқан үлесі де тіпті керемет! Басқасын былай қойғанда, 1927 жылы «Ер Едіге» халық дастанын толықтай жиыстырып, алғы сөзін жазып, жарыққа шығаруының өзі – үлкен ерлікке пара-пар еді.

Ұлтымыздың ұлы тұлғасы халықтың алғысы мен мемлекеттік марапаттарға кенде емес. Дегенмен, мына бір дерек – Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың зор тұлғасын әлем алыптарының қатарына алып барады ғой деп ойлаймын. Назар аударып көрейік: «...1979 жылдың 31шілде күні Қырым жұлдызханасының астрономы Н. С. Черных Күнді айналатын үлкенді-кішілі планеталар жүйесінен жаңа астероид ашып, Халықаралық Планета Орталығына (Американың Смитсон институты) хабарлаған. Төрт-бес жыл қосымша бақылаудан соң кеңес астрономының бұған дейін ғылымға белгісіз Кіші планета ашқандығы мәлім болады. Ғалым-физиктің өтініші бойынша, оған «...Қазақстанда астрономия ілімін өркендетуге зор еңбек сіңірген, тамаша кеңес ғалымы, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың» есімі берілді (1984). Сөйтіп, бүгінде түпсіз жұлдыздар әлемінің ту қиырында, Күннен 2, 223 астрономиялық қашықта (332 миллион шақырым), диаметрі он бір шақырым, түсі қара қоңыр, қатты жыныстан тұратын, Марс пен Юпитердің аралығында шыр айналып жүрген (Жерден оны бір жыл, бес айда бір-ақ мәрте бақылауға болады) әлемдік жұлдыздар картасында 2402 санға ие «Сәтбаев планетасы» космосты мәңгі шарлап жүр» (Медеу Сәрсекке, «Қазақтың Қанышы» 585-ші бет). Қаныш ағаның жер бетіндегі және аспан әлеміндегі, ғарыш кеңістігіндегі орасан ойларын, адамзатқа аса пайдалы ізгілікті іс-әрекеттерін, ғалымдық ғибратты жолын көркем тілмен толғаған көрнекті жазушы Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» деп аталатын бұл роман-эссесі Алматыдағы «Атамұра» баспасынан 1999 жылы 40 баспа табақпен 5000 дана таралымда жарық көріпті. Бір ғажабы, аталмыш кітап туралы Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов: «Алыпты алып қана арқалай алады. Абайдай данышпанды Әуезов әлемге танытты. Сәтбаевтың ұлы тұлғасын М. Сәрсекке ұлықтады. ЮНЕСКО жариялаған дерекке қарағанда оның «Сәтбаевы» әлемнің 112 еліне тарапты. Бұл – заңғар ғалымның есімін туған жұртында айтқызбай жүрген кешегі кереғар заманда Медеудің ерлігімен жүзеге асқан іс. Мансұқ тақырыбын отыз алты жыл бойы жалғыз арқалаған қайсар жазушы ұлы тұлғаның дүние жүзі тойлап отырған 100 жылдық мерейтойына «Қаныш елі», «Қазақтың Қанышы» атты жаңа туындыларымен келіп отыр. Ұлтымыздың ұлы перзенттерін ұлықтаудың үлгісі осындай-ақ болар...» - деп толғана жазған екен.

Иә, Қаныш Имантайұлының толқыған мұхиттай мол мұраларын кеңінен насихаттау, ұрпақтан ұрпаққа жеткізе беру – әр қоғам, әр заман өкілдерінің қасиетті міндеті, адамдық борышы болып қала бермек.

Сөз соңында айтарым, Қаныш ағаның қазақ ұлтын ерекше сүйген жүрегін, далаға құштар көңілін, әлемдік ойларға бойлаған басын, даналыққа толы ғибратты жолын ұлт жастарына, келер толқынға нәсіп етсін дегім келеді.

Асыл да ардақты ағамыздың рухы шат болсын!!!

УДК 433.902

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ

С.У. Жауымбай, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Қарағанды, Қазақстан

Н.А. Бейсенбекова Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Қарағанды, Қазақстан

Тоталитарлық режим жылдарында қазақтың ұлы ғалымы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қиындыққа қарамастан қазақтың ғылымның қалыптасуы мен дамуы үшін өзінің қасына ұлы тұлғаларды топтастырып болашақ үшін үлкен жұмыстарды атқарды. Соның бірі Қазақстан археология ғылымы. «Ұлы Даланың жеті кыры» атты танымдық-тәрбиелік, ұлттық мәні бар бағдарламада көрсетілген Ұлы Даланың ежелгі металлургиясы, аң стилі және Ұлы Даланың ұлы есімдері деп ерекше көрсетілген. Осы тарихи бағдарламаның Қ.И. Сәтбаевқа да тікелей қатысы бар деп санаймыз. Ол өз заманында ежелгі металлургияның маңыздылығын және аң стилінің қазақ халқының болашақта брендқа айналатынын тани білген, солар туралы талай мақалалар жазған. Сонымен қатар, ол Ұлы Даланың ұлы есімдерінің қатарын толықтыратын тарихи тұлға.

1926 жылы Томск технологиялық институтын бітірген жас маман Қаныш Сәтбаев Орталық Қазақстанның «Атбас түсті металл» тресіне геолог болып орналасып, Жезқазған — Ұлытау өңіріндегі түсті металл орындарын керіп, Қазан төңкерісіне дейін осы өңірде жұмыс жасаған ағылшын зерттеушілерінің қалдырған геологиялық архивтерін зерттеумен қатар далалық аймақтардағы, тастарға суреттерге де көңіл бөлген [1].

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қалдырған құнды мұраларының ішінде Орталық Қазақстанның тарихи ескерткіштері туралы жазған ой-пікірлерінің, қорытындыларының, ұстанымдарының орны ерекше. Атап айтар болсақ 1941 жылы «Народные хозяйства Казахстана» деген журналда жарық көрген «До исторической памятники в Жезказганском районе» деген мақаласында [2] Жезқазған — Ұлытау өңірінің тау-тасын аралап түсті және қара металл кенін іздестіру барысында жартастарға, қойтастарға салынған тас, қола және темір дәуірлерінің жүздеген тасты кашап салған суреттерін кездестіріп күнделігіне жазып отырды, сондай ескерткіштердің бір тобы Байқоңыр көмір кені маңындағы, Бұланты өзенінің бойындағы бұғылардың, аюдың т.б. жабайы аңдардың суреттері, осындай ежелгі адамдар туындылары Ұлытау бойындағы Тамды, Көксай және Жетікыз өзендерінің бойындағы тас бетіндегі суреттер. Ерекше көңіл аударғаны Едіге тауының етегіндегі өзі көрген үш тас мүсіннің биіктігін, көлемін, мүсіннің жасалған тастың сапасына дейін нақтылап жазып, тауының солтүстік батысындағы осы балбал тастар жайлы қалдырған ақпараты өте құнды болып саналады. Бұл балбал тастарда әйелдердің мүсіні бейнеленген. Әйел балбал тастардың биіктігі 110см, бет-бейнесі анық бейнеленген және басында ұсақтап өрілген бұрымдары бар, мойнында моншағы бар. Әйелдің сол қолы кеудесіне қойылған, оң қолы төмен түсіп тұр. Осындай балбал тастар Сарысуөзенінің жағалауында және Сарыобаның етегінде де кездеседі. Тарихи тас ескерткіштерден басқа бұл жерде мыс-қола дәуіріндегі адамзаттың мыс рудаларын балқытқаны туралы суреттер де бейнеленген.

Ғалым Жезқазған өңірінен мыс қорын, құрамын зерттеген кезде ежелгі замандарда қазылған кен орындарын көптеп кездестірген. Жезқазған маңындағы ұзындығы 750 м, ені 50м, ал тереңдігі 6-8 м. ашық әдіспен мыс кенін ерте ежелгі заманда алған карьерлерге тандана отырып, Қ.И. Сәтбаев көне дәуірде Жезқазған маңынан 1 млн. тонна мыс балқытқан деп жазады. Сонымен қатар ғалым-геолог бұндай ежелгі ашық карьерлерді XIX ғасырдағы геологтар, XX ғасырдағы ағылшын кен барлаушылары жаңа кен орындарын ашуда оларды өздеріне бағыт, белгі ретінде алды деп жазады. Ашық карьерлермен қатар тауды кеулей қазған штольнилер төменгі қабаттан тоттыққан рудаларды тапқан. Онда мыстың мөлшері 5% болған. Металды алу үшін тас балталары және кварциттен жасалған құралдарды пайдаланған. Атақты ғалым Қаныш Имантайұлының осы мақаласында Орталық Қазақстандағы ерте дәуірдегі рудаларды балқытудың одан күнделікті өмірге қажетті құралдарды жасаудың тәсілдері туралы да айтылады. Әсіресе Сорықұдық өзенінің жағалауындағы және Милықұдық жазықтығындағы рудалардың көптігі, мөлшері туралы жан-жақты баяндалады. Сонымен қатар, рудаларды балқытудағы судың рөлі және сулардың қалай жиналатыны туралы да жазып кеткен. Автордың осы еңбегінде Сарысу өзенінің жағалауындағы мыс-кен орындары туралы геолог Г.И. Николаевтың, В.Б.Шевченконың мыстың калдықтары, мысты қалай қорытқандығы жайлы ой-пікірлерін де жазады. Қ.И.Сәтбаевтың пікірі бойынша Орталық Қазақстанның Жезқазған аймағында өте ерте индустриалды мәдениет болған деген қорытынды жасайды.

Ғалымның өз заманында жасаған болжаулары мен зерттеулері бүгінде Еуразия континентінде б.э.д. II-мыңжылдықта Қазақстан тау-кен және металлургиялық орталық болып қалыптасқандығы

дәлелденді. Осы кезде батыстан шығысқа, шығыстан батысқа қарай жылжыған халық қазақ жерінде түсті металдың бай көзін ашты. Яғни, қола дәуірінің орта және соңғы кезеңдеріне тұспа-тұс келетін тау-кен өнеркәсібі мен металлургия белсенділігінің «жарылысы» болды. Қ. Сәтбаевтың болжамының, дәлелінің бірі қазіргі Орталық Қазақстанда ежелгі кен орындары үш кен орналасу белдеуінде жатыр: Жезқазған, Өспен-Спасск және Солтүстік Балқаш жағалауы. Тек қана Өспен-Спасск кен орналасу аумағының ұзындығы 400 км, ені 150-200 км-ді алып жатыр. Осы аумақта бес кен орталығы бар, олар: Жезқазған, Балқаш, Кенқазған, Бозшакөл, Қоңырат, Саяк, Қарғаралы, Шет, Жаңаарқа. Қазіргі кезде осы кен орындарынан ежелгі заманнан қалған мыңдаған ашық карьерлер кездеседі.

Өз кезінде Қ. Сәтбаевтың тотыққан мыс рудасы туралы пікірі бүгінде Орталық Қазақстанда осы руданы алудың үш түрлі әдісі айқындалды: бірінші ашық карьерлер, олардың кішілері — 4x3 м, орташалары — 30x20 м, ал үлкендері 300-700x100x150 м, тереңдіктері 1-17 м. бұл әдіспен мыс қорының 90% қазылған, кей жерлерде руданың орналасуына қарай көлбей қазған штольнялар және жерді үңгі қазған шахталар кездеседі. Қарағанды облысының Бұқаржырау ауданына қарасты Алтынтөбе ежелгі кен орнынан ашық карьер формасында қазылған 24 кен орны кездесті. Көлемі жағынан ұзындығы 2-33 м, ені 1-20 м, тереңдіктері 0,2-5 м. ашық карьерлер арасынан тереңдігі 2 м, кірер аузы 2x1 м шахта табылды [3]. Ежелгі кен орнынан солтүстік-шығыс бөлігінде қола заманынан қалған қыш ыдыстардың сынықтары, металл балқытқаннан қалған шлак, ағаш көмірдің қалдықтары көптеп кездеседі. Еңбек құралдары туралы Қ. Сәтбаевтың пікірлері де дәлелденіп, археологиялық қазба жұмыстарының барысында ежелгі кеншілердің пайдаланған құралдары қатты тастан жасалғаны, әсіресе ақ кварцты, кара-көк диорит, галька, базальт т.б. тастарды кеңінен пайдаланғаны анықталды. Ал қола дәуірінің соңғы кезеңдерінен бастап қола сыналар мен шот балғалар қолданылған. Сонымен қатар кен орнының маңынан қоныстың қалдықтарымен қатар тұрғандардың зираттары да сақталған.

Кен қазушылар тау жынысындағы мыс рудасының бай бөлігін ғана қазып алып отырған. Егер руда жердің төменгі қабатына кетсе, соның бойымен шахта әдісімен қазған, кейде тереңдігі 30 м шахталар кездеседі. Қазір мыңдаған жылдар сақталған шахталарға түсу, оның қабаттарын зерттеу өте қауіпті, дегенмен ежелгі кеншілер руданың орналасуына қарай кеудей қаза отырып, өте тар кеңістікте бір жағына көлбей немесе еңбектеп жатып қазуға мәжбүр болған. Кейбір қазіргі сақталған шахталар мен штольняларда үлкен адам емес, жасөспірім сиятындай ғана кеңістік сақталған, шамасы бала еңбегін де пайдаланғанға ұқсайды. Бізге белгілі шахтада қайламен жұмыс істеу XX ғасырға дейін сақталған. Бір жұмысшы жұмыс күнінде 300 кг дейін кен қазуға тиіс болған. Кеншілер қазып алынған руданы тері қаптарға салып, өзімен бірге еңбектеп сыртқа шығарған. Жұмыс өте ауыр және қауіпті болды. Оралда, Алтайда, Шығыс Қазақстанда шахта құлап, жер астында қалған кеншілердің сүйектері кездеседі. Кейбіреулерінің қасында 30-40 кг руда салынған тері қапшықтар табылды.

Ашық карьерлерде кездескен үлкен тау жыныстарын отпен қыздыру арқылы қазған, яғни тау жынысының бетін тазалап, үстіне от жағады, әбден қызған кезеңде су құйып тасты жарған да, жарыққа ағаш немесе мыс сыналар қағып, руданы әрі қарай қазған.

Қазылып алынған руданың құрамандығы мысты бөліп алу үшін суды пайдаланаған. Кенші ағаш астауларға су толтырып қазып алынған руданы ішіне салып ұзақ шайқаған, сол кезде мыс түбіне шөгіп, қалған бөлігі сумен шайылып кететін болған. Осындай әдіспен сұрыпталған руданы балқыту үшін жақын маңдағы қоныстарға, пештерге алып барған. Кен орындарынан алып келген руданы тас балғалар, үккіштер, қайлалар арқылы тас келілерге салып майдалаған. Сонымен қатар, тас келілер мен шоттар астық дәндерін үгітуге және жер жыртуға да пайдаланылған. Орталық Қазақстанның ежелгі кеншілерінің пайдаланған тас еңбек құралдары қола дәуірінің Атасу, Мыржық, Акмая, Алат қоныстарынан табылды. Тас балғалар руданың үлкен кесектерін ұнтақтауға, тауға сына қағуға қолданылған. Балғалар диабаз, диорит, эпидот, кварцит сияқты қатты, бірақ өңдеуге ыңғайлы тастардан жасалған [4].

Тас келілер руданы, шлакты үгуге немесе ұсақтауға арналған. Тас келілер өңдеуге ыңғайлы қалақ тастардың ортасын шұңқырлау арқылы жасалған. Бұл еңбек құралы әмбебап болғандықтан, қола дәуірінің көптеген қоныстарынан табылды. Тас төстер руданы уату үшін, металдан жасалған заттарды өңдеу үшін пайдаланылған. Бұл еңбек құралын жасау үшін беті тегіс, қатты тас кесектерін қолданған. Қайлалар негізінен руданы өндіру үшін, шахта, штольняларда тас жыныстарын ұрып түсіру үшін пайдаланылған. Қайлалар конус тәріздес сынықша болып келеді, кейбіреулерінің орта тұсында ағаш саптарға байлау үшін қашаған белдіктері кездеседі. Тас кетпендер ашық карьерлерде рудаға жеткенше жер қыртысын қазу үшін пайдаланылған.

К.И. Сәтбаевтың мақаласында рудаларды қалай қорытқандығы туралы жалпы шолу айтылады. Ал геолог-ғалымның жазған әдіс-тәсілдерін қазіргі археология ғылымы нақты іс жүзінде дәлелдеді.

Бүгінде мыс рудасы конструкциясы жағынан әр түрлі пештерде балқытылғандығы анықталды. Қарапайым пештер диаметрі 0,5 м, тереңдігі 0,3-0,4 м дөңгелек шұңқыр болып келеді, пештің түбі балшықпен сыланған, тар болады. Күрделі пештер екі камерадан тұрады: ұзындығы 1 м, ені 0,6-1 м; бір камера жел үрлейтін көрікке арналса, екінші камерада металл балқытылған. Үш камералы пештер де кездеседі, жел айдайтын көрік ортаншы камераға орналасқан. Пештердің ішінде сегіз цифры тәрізділері де кездеседі: екі камерадан тұрады, үлкені 1 м асады, тереңдігі 0,5 м, екіншісінің диаметрі 1 м жетікпіремейді, ол желді пешке үрлейтін бөлігі. Сонымен қатар жерді қазып салған шахта тәріздес пештер кездеседі. Осындай пештердің оннан астамы қола дәуіріндегі Атасу қонысынан табылған. Ол пештердің үлкендерінің диаметрі 3,5 м, тереңдігі 2м. Пештің қабырғасы 10-20 см сазбен салынған. Осы қабырғада спираль тәріздес 1-3 ауа айдайтын жол-фурма жасалған. Пештің түтін шығатын мұржасы ұзын, бет жағын қалақ гранит тастармен жапқан. Пештің мұржасы шығатын жеріне тастан металды қыш ыдыс-тигельде балқытатын орын қалдырған, жалпы пеш пен мұржаның қиылысқан жерінде ең жоғарғы температура болатындығын ежелгі металлургия жақсы білген. Шахта тәріздес пештер металды кешенді түрде балқытуға арналған, ол руданы балқытып, одан кейін тигельде қайта қорытып, тас немесе қыштан жасалған қалыптарға құю операцияларын бір мезгілде орындауға арналған.

Мыстан басқа Орталық Қазақстанда осыдан үш мың жыл бұрын алғашқы темір қорытқан металлургия Алат қонысында тұрған. Алат қонысы Қарағанды қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 220 км қашықтықтағы Қарқаралы ұлттық тарихи паркінің территориясында, Кент тауының ішінде. Ежелгі қоныс таудың етегінде, Қызылкеніш өзеннің сол жақ жағалауын бойлай орналасқан. Өзеннің табанына жақын жиырмаға жуық үйдің орны жатыр. Археологиялық қазба барысында қоныстың шығыс жағындағы металлургиялық өндірістік алаңынан 666 шаршы м жері қазылды.

Қоныс стратиграфиялық тұрғыдан екі кезеңді қамтиды: жоғарғы мәдени қабат темір рудасы мен мысты балқытқан, қалыңдығы 0,4-0,45 м, ал төменгі қабатта мыс рудасын балқытқан. Мәдени қабатының қалыңдығы 0,45-1 м болады. Сонымен мәдени қабаттың төменгі бөлігі — ерте, жоғарғы қабаты соңғы дәуірлерге келеді. Бұл археологиялық жағынан б.э.д. II-I мыңжылдыққа сәйкес, яғни б.э.д. XII-VIII ғасырларды қамтиды.

Мәдени қабаттың төменгі бөлігінде қола балқытқан пештің орны, 2 оттын орны, 12 шаруашылық шұңқырлары, 13 бағаналардың орны, ор - батыс бөлігінде және 2 үй-шеберхананың қалдығы шығыс бөлігінде кездеседі. Қола балқытқан пеш үш бөліктен тұрады, бір бөлігінің асты қатты күйген. Шамасы металды балқытатын бөлігі болған. Ортадағы шұңқыр арқылы ауа үрлесе, үшінші бөлік от жағатын жағы болған.

Металлургия тұрған шеберхананың екі қабырғасы сақталған, біріншісінің биіктігі 0,8 м, үйдің көлемі 37 м², ұзындығы 7,2 м, ені 5,1 м. Еденінде оттын орны, қыш ыдыстардың сынығы, сүйектен және мүйізден жасалған заттар кездеседі. Шеберхана үйдің сыртында, үш күлтөбенің орны сақталған. Бір күлтөбеден бірнеше ондаған кг. Болатын малдың сүйегі шықты, іштерінде мүйізден жасалған еңбек құралдарының сынықтары да бар.

Шеберхана мен металлургиядан қалған мәдени қабаттан Орталық Қазақстанда алғашқы темір рудасын қорытқандығының айғағы табылды. Ежелгі сақтар, олардың ішінде тасмолалықтар темірден қару-жарак, еңбек құралдарын жасай білгендігін деректерден білеміз. Бірақ қорғандардан шыққан заттай деректер олардың темірді толық игергендігін дәлелдей алған жоқ. Тек Қазақстанда Алат қонысынан темір балқытқан төрт пештің табылуы, оның қасында темір рудасының, шлақтың, тастан жасалған металлургия-мамандардың жұмыс құралдарының табылуы Орталық Қазақстанда темір рудасын балқытқандықтың толық дәлелі. Бұл қоныс, оның ішінде шаруашылық алаңы қыш ыдыстардағы өрнек бойынша б.ғ.д. II-I мыңжылдықтарға жатады. Бұл ежелгі темір дәуіріндегі сақтардың кезеңі, қола дәуірінің соңғы кезеңі болатын [5].

Алат қонысының металлургия қола құюшылары осыдан үш мың жыл бұрын пеш ішінде суық ауаны үрлеу арқылы шала балқыған темірді алды. Темір рудасын қазіргі домандық пештердей емес, шамамен 1100 °С температурада темірді шала қорытып, піскен темір кесегін алды. Ал темір рудасы толық балку үшін 1539 °С температура қажет. Темір балқытатын пештің ішінде ағаш көмір мен темір рудасы реакцияға түсіп, балқыған темір ұсақ түйіршіктер түрінде пештің төменгі жағына жиналды, үстіңгі жағында шлақ қалқып жүрді. Осы темірдің бірнеше кг тұратын шала балқыған бөлігін суығаннан кейін тас балғалармен бөлшектеп, еңбек құралдарын, қару-жарақтар жасады.

Алат қонысында бізге дейін жеткен археологиялық объектілерден темір балқытқан пештерді атап айтамыз, пештердің диаметрі 1,5-2,4 м, тереңдігі 12-35 см, дөңгелек-сопақша болып келеді. Пештің жан-жағын 1-2 қатар гранит қалақ тастармен қоршаған. Пештердің жанында тереңдігі 5 м, ұзындығы 1,5-3,9 м жел үрлейтін канал бар. Бетін үлкен қалақ тастармен жапқан.

Қоладан жасалған қоныстың мәдени қабатынан сабы бар, екі жағы да қайралған пышак, жүзі өткір, орта тұсында байлауға ынғайлап ойық жасаған балта, 2 қанатты, сап жағы қуыс екі садақтың ұшы, пластинка тәріздес білезік, 2 төрт қырлы біз, екі ағаш өңдейтін қашау, қола түймелер шықты. Қыштан жасалған ыдыстардан төрт мыңнан астам ыдыс сынықтары табылды, бұл шамамен екі жүздей сынған ыдыстардың қалдығы. Қыш ыдыстардың сыртын жоғары, орта және төменгі жақтарынан колмен өрнектеген. Өрнектер әр түрлі: үшбұрыштар, шырша тәріздес сызықтар, каннелюрлер, тарақ тісімен жасалған штамптар, тырнақпен ойып салған өрнектер түрінде болып келеді. Қоладан жасалған қыш құмыралардың сынықтарының арасынан Орта Азияда станокта жасалған ыдыстар да кездеседі. Бұл екі елдің арасындағы сауда-саттықтың, айырбастың болғандығын көрсетеді.

Егер Орталық Қазақстанда бірнеше ондаған ірі және орташа кен орындары қола дәуірінен қалып, оларда миллион тонна руда алынғанын, оның 20-25% мыс кені бар бөлігін ғана балқытқандығын ескерсек, бірнеше жүздеген тонна металл өндіргендігін байқаймыз. Бұл сол замандағы өте үлкен көлемдегі металл және ол үнемі сырт елдермен айырбасқа түсіп отырды. Айырбас туралы бізде деректер аз, дегенмен жүздеген, кейде мыңдаған шақырым қашықтықтағы елдермен айырбас араларындағы делдалдар арқылы іске асып отырғандығы белгілі. Бөлек отбасылар немесе металлургия кездерінің өздері жүздеген немесе мыңдаған км жүріп, айырбас жасай алмады, ол үшін тайпа мен тайпа арасында қалыптасқан дәстүр болды. Оны жалғастырушы, ғалымдардың болжауынша, Федоров-нұра тайпалары болды. Осы тайпалардың арасында құрғақ керуен жолдары арқылы айырбас іске асты. Булгарлардан (Еділ бойы) шыққан керуен орта ғасырда Киевке дейін, ал б.э.д. VI-IV мыңжылдықтарға неолит кезінде Орталық Қазақстаннан Орта Азияға, Батыс Сібірге, Кавказ сыртына дейін барған. Оған дәлел қола дәуірінің Кент және Алат қоныстарынан шыққан осы өңірдің қыш ыдыстары, ал Алтынтөбеден тараған, құрамында қалайы мол қоладан жасалаған заттардың Еділ бойындағы сруб мәдениетінен табылуы тосы мыс тасыған керуеннің алыс жерлермен қарым-қатынаста болғандығының тағы бір дәлелі. Тау-кен өнеркәсібі мен металлургиясы дамыған Орталық Қазақстан өндіргіш күштері мен өндірістік қатынастарды дамыған, тұрмыстық деңгейі жоғары, халқы тығыз орналасқан өңірге айналды.

К.И. Сәтбаев XX ғасырдың басында геологиялық жағынан осы аймақты жан-жақты зерттей келе, оның ертедегі металл өндірушілерінің әдіс-тәсілдеріне, пайдаланған құрал-жабдықтарына сүйене отырып, металлургияның орталығы болатындығына көзі анық жеткен. Жезқазған өңіріне XV ғасырдан бастап халық тығыз орналаса бастады, Қ. Сәтбаевтың мәліметінше осы өңірге қоныстанғандардың негізін найман руының Бағаналы және Балталы аталықтары. Ғалымның пайымдауынша наймандар Орталық Қазақстанға Алтайдан көшкенге ұқсайды. Жезқазған ауданының Сарысу өзенінен 20км шығысқа қарай Тангалы-нұра деген жердегі Тасбұлақ бұлағының маңындағы жартастарға қазақтардың үш жүзінің барлық руларының таңбалары ойып салынған. Халық аузындағы аңыздарды жазып алған Қ. Сәтбаев Тасбұлақ маңына үш жүздің ру басшылары жиналып «қазақ» деген атпен бүкіл қатысқан рулардың таңбаларын тасқа ойып салған деген пікір айтады.

Қ. Сәтбаев 1771 жылдары Жезқазған өңірінде болған географ капитан Н. Рычковтың еңбегіне сүйене отырып Ұлытау маңының солтүстігін — арғындар, батысын — қыпшақтар, ал оңтүстігін бөлігін наймандар мекендеген деп жазады. Сонымен қатар ол өзінің мақаласында жергілікті өлкетанушы Рахмет Жаппасбаевтың әңгімелеріне сүйене отырып Сырлытам деген зират туралы айтады. Сырлытам Алаша ханның зираты сияқты қызыл кірпіштен қаланған. Ішкі жағы жылтырақ эмальді бояумен боялғандығын жазады. Зираттың қабырғасына қазақша киінген ер адамдардың суреттері салынған және күресіп жатқан екі ер адамның суреті салынған. Бірақ осы Сырлытам боялған зират туралы ауызша аңыз жоқ деп жазады. Қ. Сәтбаевтың мақаласында Орталық Қазақстанның көне металлургиясымен қатар үлкен кесенелер туралы жазады. Соның бірі Ұлытау өңіріндегі «Алашахан ордасы» аталатын үлкен сарай-қамалдың қалдығы (Жаңғабұл өз-нің бойында) және Каракеңгір өзенінің жағасындағы «Алашахан күмбезі» аталатын 10-11 ғасырларда салынған ғимарат әлі күнге дейін сақталған. Сонымен қатар, ғалым Каракеңгір өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіші, халық ауыз әдебиетіне сәйкес, Жошы ханға арнап салынған деп жазады.

Ғалымдардың пікірінше Домбауыл кесенесі ең көне құрылыстардың бірі болғанымен есте қалады. Домбауыл ғұндар билеген кезде салынған болып есептеледі. Бұл кесене ұлы сазгер және жауынгер Домбауыл құрметіне салынған дей келе Қ. Сәтбаев бұл ескерткіштер өте ертедегі ескерткіштер болып саналады және найман тайпасының руларына қатысы жоқ дейді. Халық

аузындағы аңыз бойынша, Алашахан ескерткіші XVI ғасырдағы қазақ ханы Хакназарға қойылуы мүмкін.

Ұлытаудан батысқа қарай 30 км жерде Қаныш Сәтбаев Серелі және Жетіқыз өзендерінің жағалауында кірпіштен, әдемі түрлі-түсті тастардан жасалған кене құрылысты көреді. Автордың айтуынша сол кене құрылыстың төменгі жағында тас плита қойылған, онда он жол араб жазуы бар. Қ.Сәтбаев «оны біз оқи алмадық, бірақ бірінші жолдағы мұсылмандық құран жолдарын ғана оқи алдық» дейді. Осы тасты 1936 жылы Қарсақбайға Ленинград эрмитажының ғылыми қызметкері Морозов келіп, тасты Ленинградка алып кеткендігі туралы жазады. 1937 жылдың жазында Морозов Сәтбаевқа тастағы жазуды профессор Поппэ талдап, ондағы жазудың мазмұнын түсіндіреді: «793 жылы (1391) Токтамысқа жорыққа шығып, Тоқтамақ еліне келдім. Осы жерде оба тас қойдым. Ел мені сыйынумен еске алсын» деп жазылғанын хабарлады. Ел аузындағы аңыз бойынша, Әмір Темір Токтамыс ханды уысынан шығарып алғанымен, оның аста-тек алтын-күміс байлықтарын қолға түсіреді. «Біздің іздегеніміз байлық емес, Токтамыстың өзі» деп осы Алтыншоқыда бар байлықты өртеуге бұйрық берген деседі. Шоқы басындағы балқыған металл қалдықтарын қарапайым халық Токтамыс ханның қазынасының қалған бөлігі деп қарастырады. Қ.И. Сәтбаевтың қолдауымен тауда Әмір Темірдің қалдырған тасының көшірмесі тұр. Ескерткіш тастың түпнұсқасы Ресейдің Эрмитажында сақтаулы екен. 1391 жылы Әмір Темір 200 000 әскерімен Токтамыс ханды өкшелей қуып Ұлытауға келгенде табиғаттың сұлулығын көріп тамсанып, осы тасты ескерткіш ретінде қоюға бұйрық беріпті. 1935 жылы әлгі белгітасты Қаныш Сәтбаев жергілікті ақсақалдардың көрсетуімен тауып, ең алғаш баспасөзге жариялайды.

Қорыта айтқанда, академик Қ.И. Сәтбаевты тек геология, металлургия ғана қызықтырмаған, ол қазақ халқының көне тарихы, оның ішінде Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» деп аталатын мақаласындағы Ұлы Даланың ежелгі металлургиясының маңыздылығын ерте түсінген, оны зерттеудің бағыт-бағдарын берген және Ұлы Даланың киелі ескерткіштері, аңыз-әңгімелері, аң стилі (тастағы аң суреттері) туралы зерттеген тарихшы, этнограф ғалым деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сәрсекке М. Қазақтың Қанышы. Деректі ғұмырнама роман. Қазақша. 8-басылымы. - Астана: Фолиант, 2018.
2. Академик К.И. Сатпаев. Статьи, публицистика и материалы к биобиблиографии. Алма-ата: Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1970.
3. Жауымбаев С.У., Евдокимов В.В. Сарыарқаның ежелгі металлургиясы: ғыл. көпшілікке арн. очерк. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2011.
4. Жауымбаев С. Горное дело и металлургия бронзового века Сарыарки. Караганда: Изд-во КарГУ, 2001
5. Жауымбаев С.У., Евдокимов В.В., Кукушкин А.И., Шохатаев О.С. Горно-металлургическое производство первобытных племен Сарыарки. — Караганда, 2017.

УДК 001

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 125 ЖЫЛ

Жумагулова Қ.Б., ҚР Ұлттық Музейі
Ақжасарова А.Қ., ҚР Ұлттық Музейі
Назаров Е.Ж., ТОО "SA Garden Schools" Астана, Қазақстан

Отандық ғылым тарихында тұңғыш қазақ кәсіби тау-кен инженері-геолог, тұңғыш қазақ ғылым докторы, Қазақ КСР Ғылым академиясының негізін қалаушы және Тұңғыш Президенті, шығыс елдерінің ғалымдары арасында ғылым және техника саласындағы КСРО Ғылым Академиясының тұңғыш академигі, КСРО Ленин және Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қаныш Сәтбаевтың тұлғасы ерекше рөл атқарды. Биылғы жылы тұңғыш академиктың 125 жылдық мерейтойы республикалық деңгейде атап өтілуде.

Академик, геолог және қоғам қайраткері 1899 жылы 12 сәуірде Теңдік ауылынан 1 километр қашықтықтағы Айрық деген жерде Имантай бидің отбасында дүниеге келді. Бүгінде бұл – Павлодар облысы Баянауыл ауданы Сәтбаев ауылдық округіндегі Мұса Шорман ауылы.

Әкесі Имантай Сәтбайұлы жігіт ағасы болған кезінен Ақкелін болысының халық соты, байырғы халықтың тілімен айтқанда, қазы-биі міндетін көп жыл атқарған. Имекең тілі орамды, ақыл-ойы терең, туған жұртының ескі тарихын, өлең-жырларын жақсы білумен бірге, заман аужайын жете танып, бағыт-бағдарын пайымдай алатын әрі байсалды мінезге ие, мейірімді, парасатты жан болған. Имекеңнің 83 жас жасаған ғұмырында қазақтың ауыз әдебиетінің үлгілерін көп жинап, сол іспен арнайы шұғылданған орыс зерттеушілеріне де қолғабыс еткені туралы кейбір деректер мұрағаттарда сақталған [1. 282 б.].

Қ.И. Сәтбаевтың анасы Әлима Исақызы ой-қабілеті күшті жан, сөзді орайымен тауып сөйлеп, әсіресе жұмбақ, жаңылпаш айтысқанда ауылдастарының алдында тапқырлығымен ерекшеленген. Анасы Әлима Қанышты «Кенжетайым» деп еркелеткен екен. Анасы Әлима Исақызы кенже ұлы Қаныш бес жасқа келгенде қайтыс болған. Жас Қаныш Имантайдың бәйбішесі Нұрым Тасболатқызының мейірбан әрі құтты бауырында өсті. Болашақ ғалым өз әкесінен, ауылдық молдадан, оған қоса жергілікті екіжылдық Ақкелін мектебінен алғашқы білім алды. Павлодардағы екі жылдық орыс-қазақ гимназиясына түседі. Гимназияны бітіріп, Семей мұғалімдер семинариясында оқиды. 1920 жылы Қаныш Сәтбаев Баянауылдағы мәдени-ағарту жұмысы бөлімінің төрағасы болып тағайындалды. Сонымен бірге ол халық судьясы болып жұмыс істеді. Жас Қаныштың қалыптасуына ата-анасы, оқыған ортасы және сол заманның озық азаматтары туған ағасы Ғабдулғазиз Имантайұлы Сәтбаев, немере ағалары Әбікей Зейінұлы Сәтбаев пен Әбдікәрім Жәмінұлы Сәтбаев үлкен әсер етті. 1921 жылы болашақ ғалым технологиялық институтқа оқуға түседі. Бірақ 1922 жылы туберкулезі асқынып, оқуды үзе тұруға тура келді. Күндізгі бөлімде білім алу қиын іске айналғандықтан, геолог М.А. Усовтың көмегімен өз бетінше білім ала бастады. Осылайша Қаныш оқуын тек 1926 жылы аяқтады [2. 48-60 бб.].

Студенттік жылдарында Ш.Ш. Уәлихановтың шығармаларын терең талдап, мұқият оқыды. Шоқанның Қостанай төңірегіндегі ақын-жыраулардың аузынан жазып алған, әйгілі Едіге батыр жайындағы «Ер Едіге» эпосын қазақ тіліне аударады. Осы еңбегі 1927 жылы Мәскеуде басылып шықты. Қаныш Имантайұлы: «Бұл аңызды қазақшаға қайта аударуымның негізгі себебі –бұрынғы Мелиоранскийдің аударған нұсқасында аты қазақша, заты ноғайша болып кетуіне байланысты» деп жазды. Бұл еңбегін ана тіліне деген үлкен қамқорлығы һәм тіл ұстартуға қосқан тамаша үлесі деп білеміз. Жезқазған – Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындаған. 1931 жылы басылған А. Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген. [3. 9 б.].

1926 жылы Қ.И. Сәтбаев Томск технологиялық институтын табысты аяқтайды. Бұл туралы Мыржақып Дулатов «Еңбекші қазақ» газетіне алғашқы қазақ тау-кен дипломын алуымен құттықтап, мақала жазады. Институтты тамамдаған кейін тау-кен инженер-геологы дипломын иеленген қазақтың алғашқы азаматы ретінде халық шаруашылығы Орталық кеңесінің қарамағына жіберіледі. Қаныш әлемдегі аса ірі мыс кенішіне айналатын Қарсақпайда өткізетін он бес жылдық өмірі басталады. Бұл жерде оған «Атбасцветмет» тресінің геология бөліміне басшылық жасау тапсырылады. Бөлімнің міндетіне қос бірдей комбинаттың - құрамына Қарағанды көмір бассейні, Өспен мыс кеніші, Спасс мыс қорыту зауыты енген Спасс комбинатының және жаңадан салынып жатқан Қарсақбай мыс қорыту зауытынан, Байқоңыр көмір шахталарынан, Жезқазған мыс кеніштерінен және Қорғасын кен орнынан тұратын Қарсақбай комбинатының қажетін өтеу кірген.

1927 жылы жас маман, инженер-кенші Қаныш Сәтбаев өзінің кәсіби қызметін жергілікті кәсіби кадрлардың жоқтығына, қаржыландырудың жеткіліксіздігіне қарамастан, ағылшын концессионерлерінен қалған ғылыми-зерттеу жабдықтарында жұмыс істеуді Қарсақбай мыс кенішінен бастайды. 3 жылдан кейін 1930 жылдың басында оның тобымен ашылған шашыраңқы мыс кенорындары – үлкен Жезқазған кенорны қоры 2 млн тонна мыстан кем емес әлемдегі ең ірі кенорындардың бірі екендігі ғылыми дәлелденеді. Кейінірек оның «Үлкен Жезқазған мәселелеріне арналған» алғашқы ғылыми мақаласы жарық көреді. Бұл Орталық Қазақстанның және тұтастай еліміздің бет-бейнесін толығымен өзгертті. Үлкен Жезқазғанның ашылуы адам ерлігімен қатар бүгінде жастар үшін практикалық міндеттерді жүзеге асырудағы кәсіби, ғылыми тәсілдің үлгісі болып табылады. Өркениеттен мыңдаған шақырым қашықтықта орналасқан Қарсақбай кентінде Қ. Сәтбаев

ғылыми фактілерді зерттеу мен талдаудың ең үздік құралдарының көмегімен өмірінің соңына дейін дәл әрі жете талдау жасаған [4].

1935 жылы Қ.И. Сәтбаев Алтыншоқы тауының жотасында барлау жұмыстары кезінде XIV ғасырдың тасқа қашалған құнды ескерткішін тапқан болатын. Тастың бетіндегі бұл жазу Ақсақ Темірдің Дешті Қыпшаққа – Алтын Орданың ханы Тоқтамысқа қарсы атақты жорығы кезінде қашалған. Кейінен 1936 ж. аяғында табылған тас тақтаны Мемлекеттік Эрмитажға алып кетеді. Сол оқиғаның куәгері болған С.А. Рожновтың айтуы бойынша «Алтыншоқыдан алтынға бергісіз қазына таптық, өте қымбат дүние, тым көне уақыттың белгісі» - деп түсінік берген екен Қ.И. Сәтбаев [2. 278-279 бб.].

Академик Қ.И. Сәтбаевтың көп қырлы талантының жарқын көрінісі – ол, ғылыми жұмыстардың ұлы ұйымдастырушысы болды. Оның халқына мұраға қалдырған қазынасы – іргесін өзі қалаған, ғылым ордасы Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясы болып табылады.

Қаныш Имантайұлы бұл ғылыми-ұйымдастырушылық жұмысқа 1941 жылы шақырылды. Осы жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының орынбасары болып сайланды.

1943 жылдан филиалдың төрағасы қызметін атқарды. Сол жылы Қ.И. Сәтбаев геология ғылымындағы үздік жетістіктері үшін КСРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, ал 1946 жылдан толық мүшесі (академик) болып сайланды. Ол сол кезде КСРО-ға кірген күншығыс республикалары халықтары өкілдерінен шыққан тұңғыш академик еді.

1946 жылы 1 маусымда КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы негізінде Қазақ КСР-нің Ғылым академиясы (қазіргі ҚР Ұлттық ғылым академиясы) ашылуы республика өміріндегі аса көрнекті оқиға болды. Академияның тұңғыш толық мүшелері болып 14 адам – Қ.И. Сәтбаев; М.О. Әуезов; Ә.Б. Бектұров; Н.Т. Сауранбаев т.б. бекітілді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев академия президенті ретінде ғылым мен өндірісті байланыстыруға, ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізуге үлкен мән беріп отырды.

Ол өзі негізін қалаған Ұлттық ғылым академиясының 1946-1952 және 1955-1964 жылдар аралығында 16 жыл басқарды, ал геологиялық ғылымдар институтына үш жылдық үзілісті қоспағанда 1941-1964 жылдар үздіксіз жетекшілік етті. Қаныш Имантайұлының пайдалы кендердің болжам карталарын құрастырудың методологиялық теориялық негіздерін айқындауға қосқан үлесі зор.

1958 жылы Қ.И. Сәтбаев бастаған бір топ ғалымдарға Орталық Қазақстанның кешенді металлогениялық және болжам карталарын жасағаны үшін Лениндік сыйлық берілді. Сол елуінші жылдардың өзінде-ақ кешенді металлогениялық болжам карталарды өндіріске енгізуге айтарлықтай нәтижелер берді: Сарыарқа аймағында қара, түсті, сирек металдардың жаңа кендері ашылды. Ашылған кендер мен руда белгілерінің 90%-і айтылмыш болжам карталардың негізінде анықталды [5. 183 б.].

1940 жылдың соңы мен 1950 жылдың басында сталиндік билеу жүйесінің Кеңес мемлекеті зиялыларына қарсы басталған үшінші саяси қуғын-сүргін кезінде Қ.И. Сәтбаев оның құрбандығына шалына жаздады.

1964 жылы 31 қаңтар күні Москваның Кунцево деген орманды аймағына орналасқан Кремль ауруханасында Қаныш Имантайұлының жүрегі соғуын тоқтатты.

Биылғы жылы тұңғыш академиктың 125 жылдық мерейтойы республикалық деңгейінде атап өтілуіне байланысты, 19 сәуірде Қазақстан Республикасының Ұлттық Музейінде «Ұлт мақтанышы – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция мен көрме ұйымдастырылды.

Конференция жұмысына Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтының геолог-ғалымдары, Томск политехникалық университетінің ғалымдары, Астана қаласындағы Ресей Ғылым және мәдениет орталығының өкілдері, Өзбекстаннан, Тәжікстаннан геология ғылымының ардагерлері, Қаныш Имантайұлының немересі – геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор Третьяков Александр Валентинович қатысты.

Конференция аясында Алматыдағы академик Қ. Сәтбаев мемориалдық музейінің, академик Қ. Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейінің, Қарсақпай кентіндегі Қ. Сәтбаев атындағы мемориалдық музей-үйі қорларынан және Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы және танымал суретші – кескіндемеші Сырғабаяев Алмас Болатханұлының тұлғаға арналған портреттер топтамасынан бірлескен көрме ұйымдастырылды.

Көрмеде Қ. Сәтбаевтың өмірі мен қызметі туралы ақпарат беретін 100-ден астам жәдігерлер ұсынылған. Фотоқұжаттар жиынтығы ғалымның балалық шағы, Томск техникалық университетінде студенттік өмірі, ең алғашқы қызмет жолын бастаған Қарсақбайда барлау жұмыстарын жүргізуі,

Жезді кенішінің ашылуын қамтиды. Фотосуреттердің бір бөлігі Қаныш Имантайұлының Қазақ КСР Ғылым академиясындағы қызметі және КСРО Жоғарғы кеңес депутаты ретінде Англияға барған іссапарына арналған. Сонымен қатар, көрмеде ғалымның геологиялық зерттеулер барысында пайдаланған тау-кен компасы, лупасы, балғасы, микроскопы, қаламы, қолжазбалары мен құжаттары, «Үлкен Жезқазған» кітабы, үстел жабдықтарының жиынтығы, марапаттары ұсынылған. Олардың арасында 1940 жылы әлемдегі ең ірі Жезқазған кен орнын ашқаны үшін, 1945 жылы тыл ресурстарын жұмылдырғаны, 1957 жылы Қазақстан ҒА тың және тыңайған жерлерді игеруге жұмылдыру, 1963 жылы Қазақстанның геологиялық ғылымын дамытуға және пайдалы қазбаларды зерттеуге сіңірген еңбегі үшін төрт мәрте алған Ленин ордендері көрсетілген. Экспозицияда геолог-ғалымның костюмы, бас киімдері, шапаны, домбырасы, белдігі, ер тоқымы, көзілдірігі, чемоданы және т.б. жеке заттары қойылған.

Қ.И. Сәтбаев төрт мәрте Ленин орденімен, Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталған, бірнеше рет КСРО Жоғарғы Кеңесіне, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланған, КСРО Жоғарғы Кеңесі Одақтық Кеңес Палатасы төрағасының орынбасары, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, КСРО Компартиясы съездеріне делегат болып сайланған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері еді. Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қазақ халқы мен Қазақстан тарихында ғылымның негізін қалаған көрнекті геолог-ғалым ретінде ғана емес, сондай-ақ өз заманының асқан сөз шебері, ойшылы және белгілі қоғам қайраткері ретінде де ерекше орын алады. Қазақ тау-кен ісінің бастау алып, жер қойнауын зерттеу ісінің қалыптасуы, Жезқазғанның дамуы академик Қ.И. Сәтбаевтың есімімен қаншалықты тығыз байланысты болса, ғалымның ғылыми еңбек жолы Қазақстанның экономикалық және рухани түрде дамуымен да соншалықты тығыз байланысты. Сәтбаев есімімен тіпті ғарышта «Сәтбаев» 2402 планетасы, жерде «сәтбаевит» жаңа минералы аталған.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Серік Имантайұлы Жаксыбаев Қаржас ұрпақтары – Павлодар: ЭКО, 2008. – 400 б.
2. Сәрсек М. Қаныш Сәтбаев: роман-эссе. – Астана: Фолиант, 2008. – 648 с.
3. Нысанбаев, Ә. Сәтбаевтың рухани әлемі [Мәтін] / Ә. Нысанбаев // Egemen Qazaqstan (Егемен Қазақстан). – 2019. – 10 сәуір (№ 68). – 9 б.

4. Е.Қ. Бейсембетов. Қазақстанның дамуында ұлы ғалымның рөлі.– URL: <https://satbayev.university/kk/news/kazakstannyn-damuynda-uly-galymnyn-rol-i>.

5. Академик К.И. Сатпаев и наука Казахстана: статьи, очерки, воспоминания. – Алматы: Ғылым, 1999. – 272 с.

УДК 001

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – ҰЛТ ТАРИХЫН АДАМЗАТ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЕН САБАҚТАСТЫРҒАН БІРЕГЕЙ ТҰЛҒА. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҮЛЕСІ

Еримбетова Қ.М., Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

Ғылым ордасында есімі мен ізі қалған ұлт перзенттерінің бірі әрі бірегейі – академик Қаныш Сәтбаевтың Қазақстанды өркендетуге орасан зор үлес қосқандықтан, халық осы күнге дейін оның ашқан жаңалықтарының игілігін көріп отырғанын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, ғалымның туғанына 125 жыл толуына арналған Ғылым ордасында өткізілген салтанатты жиында сөйлеген сөзінде мәлімдеген болатын [1]. Баянауылдың бел баласы Қаныш Сәтбаевтың өмір мектебі, тұлғалық феномені неде? Қандай жолдан өтті? Қандай мұратқа ұмтылды? Адамзаттық құндылық аясында Ұлтқа қызмет етудің құралы ретінде тарихтан тағылым ұстаныма қалай келді? Қандай тарихи кезеңдер ахуалдары жасөспірім де жас маманға әсер етті екен? Әрине Имантай бидей текті әулетте жарық көрген Қаныш, Әлімхан Ермеков пен М.А. Усов және басқа да Алаш қайраткерлерінің идеялық көзқарастарынан қандай тағылым алды және басқа. Осы аталмыш сұрақтар аясында жеке зерттеу тақырыбының нысандары сұранып-ақ тұр. Тарих бетіндегі тұлғалық келбетіне көз жүгіртсек: Он жасынан жиырма жеті жасқа дейін білімі мен біліктілігін үздіксіз мұқият түрде көтере ұстаздықты қатар ала жүрген, ғылыми зерттеу жұмыстарына ерте араласқан қазақтың бірегей тұлғасы. Отыз екі жасында Жалпыодақтың жиналыстар мен съездерге қатысып қатарын түзей, Қазақстан ғана емес Орта Азияның пайдалы қазбалар кен орындарын зерттеу жөніндегі комиссияның, Үкіметтік комиссиялардың құрамында белсенділік көрсетті. Отыз бес жасында КСРО Ғылым академиясының Қазақ базасы Ғылыми кеңесінің мүшесі ретінде Халықаралық геологиялық конгресстер мен конференцияларға қатысып, баяндамалар жасап отандық өнеркәсіптің даму перспективасына қатысты пайымдарын жеткізді. Мемлекет құру ісінде Қазақ КСР Конституциясы Жобасының қорытынды мәтінін бекіту бойынша өткізілген Кеңестердің Төтенше X Жалпықазақтық съезінің делегаты, Қазақстанды зерттеудің Республикалық қоғамының төрағалығына сайлануы, ғалымның интеллектуалдық әлеуетін көрсетеді. Екінші дүниежүзілік соғысының ұшқыны КСРО шекарасына түскеннен бастап Қаныш Имантайұлы Алматы қаласына Қазақстан Үкіметі шешімімен Геология ғылымдары институтының директоры лауазымына шақырылады, КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалы Президиумы төрағасының орынбасарлығына сайланады. 1942 жылы Бүкілодақтық аттестациялық комиссия шешімімен геология-минералогия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді. Қазақ КСР халықшаруашылығы мен бюджет жобасын қарастыру бойынша құрылған (1941-1964жж.) Үкіметтік комиссиясының мүшесі, КСРО ҒА Қазақ филиалы Президиумының төрағасы (1943-1946жж.); редакциялық-баспа Кеңесінің төрағасы (1942-1951жж.); «КСРО ҒА Қазақ филиалы Жаршысы» журналының жауапты редакторы және редколлегия төрағасы (1943-1951жж.); 1946 жылы КСРО ҒА мүшелігіне сайланды.

Қаныш Имантайұлы ел тарихы - келешек ұрпаққа қалдырылатын асыл мұра екендігін бүкіл жан тәнімен ұғынған ерекше тұлға. Қазақ тарихының сақталуына бірден-бір әсер еткен факторлар: шежіре жазу және оны сақтау дәстүрі (халық ауыз әдебиеті), Мұхаммед Хайдар Дулаттың, Қадырғали би Қосымұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің мұралары және басқа да тарихи жазбалар, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу. Еліміз шежірелік деректерден бастап, тарих саласындағы академиялық жүйенің құрылуы, зерттеу жұмыстарындағы ұстанымдық өзгерістер кезеңінен өтсе, осы жұмыстардың басы-қасында жанашырлық танытқан Қаныш Сәтпаев болатын. Қанышқа тағылым болған дүниелер жеткілікті. Мысалы, 1888 жылы Омбыдан шыға бастаған «Дала уалаяты» газетінің ағартушылық-танымдық рөлі ерекше болды. Қазақ тарихын зерттеумен арнайы айналысатын академиялық ғылыми мекеменің ұйымдастырылуы кеңестік кезеңде жүзеге асырылды. Қазақ тарихы қағидалық және тақырып жағынан алғанда да жылдар бойы КСРО тарихының

құрылымдық тақырыбы аясына басыбайлы болған-ды. Әлемдік-тарихи эволюциялық дамудың бір бөлшегі екендігі де еске алынбады, қалай да кеңестік дәуірмен байланыстыру үрдісі қалыптасты. Қазақстан тарихы мен этнографиясын зерттеумен көптеген кәсіби ғалымдар (Ш. Уәлиханов, Пржевальский, Козлов, Богданович, Мушкетов, Сверцев, Семенов-Тяньшанский) қызығушылық танытты немесе өздерінің еңбектерінде құнды мәліметтер қалдырды. Тұлғаға 1909 жылы жарық көрген «Абай» шығармасының әсері мол болды деп пайымдауға болады.

Қаныштың ғылыми дүние танымының қалыптасуына ата-анасы, туған-өскен ортасы, балалық шағының ерекше кезеңі негіз болды. Оның оқу-білімге деген құштарлығы ақындық, шешендік сөзді қастерлеп, ұлттық мәдениеттен сусындап өсуі, ұлттық өнер мен мәдениетті бағалауы, ғылымның әр саласына түрен салуы Қанышты ғылымның шыңына жетелейтін ғұмырнамалық сара жол екендігін уақыт көрсетіп берді. Жазушы Мұхтар Әуезов: «Қаныштың бір ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі» - дейді [3]. Енді бірде Семейде үш өнерпаз: Қаныш Имантайұлы, Әміре Қашаубай және менің әкем Иса Биназарұлының сахнада бірге күй шерткенін, Қаныштың шөміш тәрізді музыка аспабын (мандолина) ұстағаны туралы ақпаратты кездестіреміз [4]. Бұдан біз

ғалымның сан салалы маман және оның отаншылдығы мен бар өмірін халқына арнап өткен ұлт азаматы екендігін көреміз. Мұхтардың бұлай деуінің жаны бар. Шыңғыстаудан Мұхтар, Баянауылдан Қаныш білім қуып, Семейдің мұғалімдер семинариясында кездеседі. 1914-1918 жылдары Семейде білім алған қазақ жастары бірге оқып, бірге тұрады. Оған Семейдің мұғалімдер семинариясына орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беруге шақыру алған Қаныштың немере ағасы Әбікей Сәтбаев себепкер болады. Әбікей інісіне Омбы қаласына, Павлодардағы екі жылдық мұғалімдер курсына және Семейдегі мұғалімдер семинариясына түсу туралы кеңес береді. Болашақ ғалым таңдауы Семей қаласы болады. Семей Сібір мен Орта Азияның сауда жолында орналасқан шекаралық алтын қақпа болды. Мәдениет пен өнердің рухани орталығы Семейде қазақтан шыққан тұңғыш ғалым Қаныш ағамыз төрт жыл білім алады. Өмірбаяндық дерегінің бірінде Қ.Сәтбаев: «Білім алуыма зор септігін тигізген туысқан ағам, қарт интеллигент Әбікей Зейінұлы Сәтбаевқа өзімді ғұмыр бойы қарыздар есептеймін...» деп жазыпты. Сондай-ақ, көрнекті ғалым, академик Ә.Х. Марғұлан да өзінің ұстазын ыстық ықыласпен еске алады. – деп жазады [5].

Қанекен Абай атамыздың қайтыс болуына он жыл әдебиет кешіне куә болады. Семейде жүріп Алаш азаматтармен ниеттес болып, автономиялы еркіндік алу, қазақ мектептерін ашу, сот жұмысы сияқты мәселелерді көтереді. Әбікей Сәтбаев, Нұрғали және Нәзипа Құлжановтар, Халел Ғаббасов, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев, Биәхмет Сәрсенов, Әлкей Марғұлан, Сейітбаттал Мұстафин, Мәннан Тұрғанбаев, Ахат Шәкәрімұлы сынды қазақ зиялыларының есімі Семейдің мұғалімдер семинариясы тарихында ойып тұрып орын алатын ұлы есімдер. 1919-1920 жылдары ұлы Мұханның басшылығымен Жүсіпбек, Қаныш, Ыдырыс тәрізді тағы басқа қазақ зиялылары ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырып, дамытуда елеулі еңбек сіңірді. Ал, 1921 жылы Семей губерниялық атқару комитетінің халыққа білім беру бөлімінің бастығы Жүсіпбек Аймауытов, ал оның орынбасары болып Қаныш Сәтбаев қызмет атқарған [6, 104]. Ұлттық білім беру жүйесін жандандыруда Семей облыстық және уездік Земство басқармаларының өзіндік үлесі болды. Бұл туралы Әлихан Бөкейхан: «Земство қолға алып қылатын істің бір зоры-бала оқыту. Земство мектеп салады. Медресе көрмеген бала болмайды» - дейді [7]. Сонымен бірге, Семей қаласында мәдениет және оқу-ағарту ісі қолға алынып, Мәннан Тұрғанбаевтың мұрындық болуымен Қазақ мұғалімдер бюросы құрылады. Жас семинарист Мұхтар Әуезов Қазақ мұғалімдер бюросына хатшы болып тағайындалады. Бюро тек Семей қаласында емес, қазақ жерінің өзге өңірлерінде де құрылады. Демек, ұлттық білім беру жүйесін дамытуда, қазақ мұғалімдер бюросының жұмысын жандандыру қазақ зиялыларының күн тәртібіндегі өзекті мәселелерінің бірі екендігі айқын. «Согласно заявления г. председателя Семипалатинской уездной Земской управы, киргизской учительской союз в заседании от 25 ноября сего года постановил делегировать в совет уездного отдела по народному образованию следующих трех своих представителей: Манан Турганбаева, Каныш Сатбаева, Сейтбаттал Мустафина» Семей уездік Земство басқармасына 1918 жылдың 25 қарашасында №221 қатынас құжатын жолдаған және сол арқылы Қазақ мұғалімдер бюросының білім беру мәселелерін шешкендігіне көз жеткіземіз. 1914-1918 жылдары Семей мұғалімдер семинариясынан білім алған Қаныш Сәтбаевтың да білім беру, оқыту мәселелеріне өзіндік үлес қосқандығына да куә боламыз [8]. Сонымен бірге, Мәннан Тұрғанбаевтың, Сейтбаттал Мұстафиннің және Қаныш Сәтбаевтардың арнайы пәндерден дәріс оқығандығын архив деректері де дәлелдей түседі [9]. Аталған қазақ зиялыларымен иық тіресе қатар жүріп, ұлт мәселесін көтеріп, пікірлес болғандығы қылышынан қан тамып тұрған Кеңес өкіметінің Қаныштың артынан шам алып түсіп, қудалауға ұшырауына негіз болады.

Ғалымның Семейден туған еліне кетуіне себепкер болған Ертістің қара суығы, ызғар желі Қаныштың өңменінен өтіп, соңында құрт ауруына ұшырайды. Дәрігерлер болашақ қазақ ғалымына тек ауылға барып ем алғанда ғана нәтиже болатындығын ескертеді. Сөйтіп, Қаныш Сәтбаев ағамыз 1918 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясын тәмамдап, елге оралады. Ескі құрт ауруы қайта қозып, ауруын қымызбен емдеу үшін 1920 жылдан 1921 жылға дейін туған өлкесінде болады. Ғалым аға бұнда да текке жатпай өзін қызықтыратын қазақ мектептеріне арнап алғашқы алгебра оқулығын жасауды бастайды. Кейін Семейдегі мұғалімдер семинариясында мұғалім болып қызмет жасайды.

Қаныштың ауылына құрт ауруымен (туберкулез) емделуге 1921 жылы Томск технологиялық университетінің профессоры, геолог Михаил Усовтың келуі Қаныштың геология саласына деген қызығушылығын оятып, білім арнасын мүлде басқа салаға бұруына негіз болады. Том қаласынан келген профессор Қанышпен жақын танысып, оған геология ғылымы туралы мол мағлұмат береді. Сонымен бірге, ол мен қазақ жерінде ашылмаған кен орындары бар екендігін де мәлім етеді. Бұл кездесу Қаныштың ауылдағы 1921 жылы халық сотындағы қызметін тастап, Томскідегі технология институтына түсуіне себепші болады. Сөйтіп, 1926 жылы оқу орнын тәмамдаған қазақтың тұңғыш

ғалымы геология, минерология саласына қадам басып, қазақ елінің жер асты байлықтарын халық игілігіне жаратып, үлкен ғылыми мектеп қалыптастырады. Жоғары білім алған жас инженер барлық ынта жігерін, күш – қуатын, білімін халыққа қызмет етуге арнайды. 1919 жылдан бастап Сібірде тұңғыш рет мемлекеттік геология қызметі ұйымдастырылып, сол үлкен істе Қ.И. Сәтбаевтың студенттік өмірінің басталуы Сібір геология қызметімен геология ғылымының дамуындағы жаңа маңызды тарихи кезеңмен тұспа-тұс келді. М.Усовтың ғылыми-педагогикалық қызметіне өте жоғары баға берген Қаныш Имантайұлы 1960 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы шығарған «М.Усовтың геологиядағы негізгі идеялары» деген еңбегінде өз ұстазының идеяларын насихаттап, дәріптеді. Университет қабырғасында жүргенде Том университетінде білім алып жүрген бірқатар қазақ студенттері халық ағарту комиссариятына хат жолдап, нәтижесінде оларға 500 рубль көлемінде шәкіртақы (стипендия) тағайындалған [10].

Қаныш Имантайұлы геология саласынан бөлек, тарих ғылымына да үлкен үлес қосты. Ұлттық тарих тұтас ұлттық тарихи таным дәстүрінің негізі ауыз әдебиеті екендігі хақ. Оның ауыз әдебиетіне деген қызығушылығы 1925-1926 жылдары сазгер А.Затаевичтің көне қазақ әуендерін жазуға көмек көрсету туралы өтінішіне орай домбыра мен 25 қазақ әнін орындап, аталаған әндердің ғылыми айналымға енуіне көмегін тигізген тұлға. Белгілі этнограф және музыкатанушы А.Затаевич жас геологтың бұл қызметін жоғары бағалап, аталған әндерді «Қазақтың 500 ән мен күйі» басылымына енгізеді.

Геологиялық барлау жұмыстарымен қатар өлке тарихынан сыр шертетін мәселелерді анықтау Қаныштың қазақ елінің құпиясын ашып, оны әлемге паш етуді мансұқ етті. Ол 1930 жылдары көне заманғы металлургияны өңдеу әдістері, тасқа қашалып жазылған суретті жазбалар мен бейнелер, ежелгі және ортағасырлық жерлеу әдістері мәселелеріне қызығышылық танытты. Археологтар Ә.Марғұлан, К.Ақышев және өзге де ғалымдар Қ.Сәтбаевтың қызметі туралы: «Орталық Қазақстан археологиясын зерттеуге «Атбасар түсті металл» тресінің бас геологы Қ.Сәтбаев белсене араласты. Оның археология жұмысына қызығушылық танытқаны соншалық Ұлытау, Жезқазған, Амангелді аудандарында көптеген археологиялық ескерткіштерді ашты. Тасқа қашалған суреттердің де сырын ашуда белсенділік танытты. 1936 жылы Алтыншоқидан тақтатасқа қашалған жазбалар шығыстану ғылымында үлкен жаңалық болды. Тақтатастың мәтіні: «793 қой жылы (1391 жыл) Тимур Тоқмақ еліне Тоқтамысқа қарсы жорыққа шықты. Осы жерде оба тұрғызылды. Барлық адам баласы осы жерден өткенде мені есіне алып дұға жасасын» деген жазуды оқиды.

113

В Народный Комиссариат Просвещения

1925-26 гг. сего для студента Семьяева на
 бонусах по 500 руб. в месяц - Семьяеву по 500 руб.
 студенту Семьяеву по 300 руб. Туберкулез студента
 Семьяева стипендиатами сего месс
~~по 500~~ не стипендиру по 500 руб.

1. Топица Халим, студент, Зорный академик
 в Москве, IV курса, Урмт. Семьяева, студ. Казань.
2. Сайбаев Рашид, студент, Булакский полк -
 поим. Института, IV курса, Урмт. Семьяева,
 студ. Казань.
3. Сулейманов Т. студент, Меурова Булакский
 университета, II курса, Урмт. Семьяева, студ.
 Казань.
4. Халиуллин Мухамед, Леонидовский
 институт в Ленинграде, III курса, Институт,
 Урмт. Семьяева, студ.
5. Ауэзов Мухтар, Ленинград, Ун-т. Динерст
 айрманы II курса, Урмт. Семьяева, студ.
 Казань.
6. Исламбаев Омар, Томский институт
 техники, II курса, Урмт. Кудряков, студ.
 Казань.

Кандидат на стипендию по 300 руб. с месс.

1. Бердышев Гас, IV курса, Меур, академик
 в г. Омске, кандидат, студ. Булакский,
 нац. русский.
2. Барыбаев Хабиб, II курса, Омский Меур,
 академик, Урмт. Семьяева, студ.
 Казань.
3. Баязитов Абсалым, Омский полк -
 техникум, II курса, педагог, студ. Семьяева,
 Урмт. Семьяева, студ. нац. Казань.
4. Мерданов Александр, студ. Булакский
 институт, кандидат, I курса,
 нац. русский.
5. Муслим - студент

415-қор, 1-тізбе, 419-іс, 113-п.

Жоғары да айтқанымыздай, Имантай ақсақал тілі орамды, ақыл-ойы терең, парасатты, өте сауатты һәм ауқатты отбасы болған. Заманында болыс болып, қазылық айтып халық соты ретінде танылып, әділдікті жақтаған. Әкесінің осы жасаған жақсылығы билікті қолына алған кеңестік идеология үшін таптырмас сылтау болды.

«Бай тұқымы» деген түрткі сөзден аулақ жүру үшін Ғабдұлғазиз ауыл аймағын, туыстарын Омбы қаласының маңайынан жер алып, бар жақынын сонда көшіріп алыпты. Қаныш Сәтбаев Қарсақбайда қызмет істеп жүргенде өз балалары Ханиса мен Мәлешті, ағасының, Имантайдың асырап алған баласы Әбсәлімнің балаларын, Ғазизаның екі ұлы Рашат пен Кемалды өз қолына алып, тәрбиелеген екен. Қаныш ағамыз білім жолында жүргенде ағасы Ғабдұлғазиз оның отбасына, толықтай Имантай әулетінің шаңырағына ие болған. Сәтбай әулетінің 1932-1933 жылғы аштыққа ұшырамауына осы Ғазиз бен Қаныштың сіңірген еңбегі өте зор.

Кеңес өкіметі қазақ еліне дүрбелең ала келген кез еді. Осы елдің өркендеп дамуына күш-жігерін аямай қызмет еткен талай қазақ зиялылары өлім құшты, атылды. Аман қалғандары бас сауғалап, көрші елді мекендерге босып кетті. Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ елінің дәстүрі, ұлттық рухы, елдік тарихы бұзылды. Қолға түскен қазақ зиялыларына «Халық жауы» деп ат қойып, айдар тағып халқына қарсы қойды. Тоталитарлық жүйенің үстемдік құрған кезінде осындай бір туар азаматты мақтан тұтудың орнына оның есімін халық жадынан ұмыттыруға бағытталған жымысқы әрекеттердің болуы әрине, өкінішті. Мәселен, 1922 жылы Семей мұғалімдер семинариясы негізінде ашылған қазпедтехникумда 1927 жылдың жазына дейін директорлық қызмет атқарған Қанекеннің немере ағасы Әбікей Зейінұлы Сәтбаев 1927 жылдың маусым айында айыпталып түрмеге қамалады.

Соңында, кеңес өкіметінің құқайын көрген Әбікей Сәтбаев, 1937 жылы жалған жала кесірінен атылып кеткен [11].

Аға мен іні атысқан, әкесінің сақалына баласы жармасқан қиын кезең белең бергендей көрінді. Ең қиыны – өз бастарын ұлт мүддесінен ала қашқандары елеңдетті. Әркім өз қарақан басын күйттеп кетті.

Дегенмен, кеңестік өкіметінің сұрқия саясаты Сәтбаев әулетіне өте үлкен қиындық әкелді. Бір әулеттегі кеңестік дәуірде құрбан болған Қаныштың немере ағасы Әбдікәрім Жәмінұлы (1897-1937), Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туған ағасы Ғазиз (Ғабдұлғазиз Имантайұлы (1894-1937) 1937 жылы тұтқынға алынып, хабар-ошарсыз кетті. Түрмеде ме, айдауда ма, қай жерде оған қазаның жеткені беймәлім қалды. Осы, тағыда басқа ақтандақтарды Шәмшиябану Қанышқызы «Сәулелі әулет» атты еңбегінде нақтылай түседі. 1917-1919, 1928, 1932, 1937 және 1951-53жж. болған қайғылы оқиғаларда Қаныш өзінің үш үлкен ағасын, жақын туыстарын жоғалытты. Сонымен бірге қаншама адамды аштықтан, қуғын-сүргіннен аман алып қалды. Әрине, олар туралы әңгіме сыни істерде нағыз адам болып қалған кейіпкерімді биіктете, толғандырады. Қаныш Сәтбаев Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулат, Әлімхан Ермеков, Асылбек Сейітовтер мен сыйластық қарым-қатынаста болған. Демек, Қаныштың болашақ ғалым болуына мұрындық болған тұлғалар десек қателеспейміз.

Әкесінің және оның балаларының қуғын көргенін Қаныштың қызы Шәмшиябану Сәтбаева «1937 жылы НКВД қызметкерлері Ғазиз ағаны Омбыда ұстағаннан кейін үйін тінтіп, бірсыпыра кітаптарын қағаздар салынған бумаларын үш жәшікке толтырып алып кеткен ...», -деп өз көзімен көргенін өкінішпен айтады [12]. Ашаршылық жылдары елге барған ағасын өзінің қаржастары «байдың баласы» деп ұстап берген екен. Өкенің, туыстың баланы танымайтын заманы ел басына түсті. 1925 жылдары Абайдың баласы Тұрағұл ауылына келген Ә. Марғұланға: «Біздің Ертіс бойында Имантайдың екі ұлынан асқан білімпаз, оқымысты адам жоқ. Біз ол екеуінің маңайына бара алмаймыз», - деген екен [13, 290–292 б.].

Сталиндік қуғын-сүргін тек Қаныш Сәтбаевтың жақын туғандарын алап қана қойған, оның салқыны қазақ ғалымын да шарпып өтті. Дәл сол кезде оның көптеген әріптестері не өлім жазасына кесілді, не ғылымды тастап кетуге мәжбүр болды. 1951 жылдың күзінде «Буржуазиялық ұлтшылдармен» күрес басталып, қазақтың зиялылары қудалауға ұшырады. М.Әуезов, А.Жұбанов, Қ.Сәтбаевқа «ұлтшыл» деген жала жабылып, жұмыстан босатылды. Қаныш Сәтбаевты үш мәселе бойынша кінәлі деп айыптады, бірінші, партияға өтер кезде әлеуметтік тегін жасырды (әкесі молда, бай баласы деген желеумен) десе, екінші, Алаш қайраткерлерімен иық тіресе қызмет етті, ұлтшылдарға қамқорлық танытты, 1927 жылы «Алашорда» ұлтшылдық партиясының үгітшісі болды және Ғылым академиясының басшысы болып тұрғанда қазақ ғалымы қазақ балаларының оқимын, ізденемін дегендерін өз қамқорлығына алып, оларға нұсқау беріп, оқып білім алуына өз септігін тигізген жан. Осы әрекеті үшін Ғылым академиясының кадрлары арасына жат элементтерді жинақтаған «ұлтшылдарды қанатына алушы» деп айып тағылады.

Енді бірде Томскіде оқып жүрген Қаныш Сәтбаевтың қолына «Ер Едіге» жинағы түседі. Жинақта оны алғаш қағазға түсірген Шоқан Уәлихан мен Платон Мелиоранскийдің нұсқасы жарияланған екен. Қаныш жырда кеткен қателерді түзеп, қайта өңдейді. 1927 жылы ғалым Мәскеудегі КСРО халықтары орталық баспасында «Ер Едіге» жырын басып шығарады. Қаныш Сәтбаевтың немересі Нұрлан Жармағамбетовтың айтуынша, дастан Алаш Орда көсемі Әлихан Бөкейханның қолдауымен жарық көрген. Кітаптың алғысөзінде Қаныш Едіге батырдың қазақ тарихындағы орнына ерекше тоқталып өтеді. «Едіге қазақ батырлары ішіндегі ең маңдайлы, аруағы күшті, көлемі, сәулесі күшті шолпаны есебінде», - дейді ол, - «Сыпыра жырау Едігені Ер Шыңғыс, Әз Жәнібек, Ақназар сынды ерлерден де артық сипаттайды». Өкінішке қарай, Қаныштың бұл еңбегі кеңесшіл ортада оң бағалана қоймады. Ал 1951 жылы академикті Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті қызметінен босатуға ықпал еткен «себептің» бірі де осы «Ер Едіге» болды [14]

Қ.И. Сәтбаев 1952 жылы 20 қаңтар күні Сталинге «Жазықсыз кінәлі болғаным ба?» деген хат жолдайды. Бұл хатта Қаныш Сәтбаев өзінің саналы өмірінің 15 жылын геолог қызметінде болып, 11 жылға жуық Қазақстан ғылымының жетекшісі болғанын айта келіп, жоғары мәселе бойынша объективті түрде анықтама-түсінік беріп, таза да адал еңбегін ескеріп, әділетсіз айып пен партиялық жаза алынып тасталады деген үмітпен ойын жеткізеді.

Қ.И. Сәтбаев бұл қаралаудан тек 1955 жылы ғана ақталып, қайтадан Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып тағайындалады. Барлық сынақтарға қарамастан, Қаныш Сәтбаев босатылғаннан кейін өзінің ғылыми жұмысын жалғастырды. Ол Кеңес Одағының жетекші геологтарының бірі болды және кеңестік қана емес, әлемдік геологияның дамуына айтарлықтай әсер еткен зерттеулерін жалғастырды.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев: «Ғылым-білім жолына жастай түскенім үшін ескі зиялы, немере туысым Әбікей Сәтбаевқа шексіз қарыздармын!» деп жазды [15]. Қаныштың биік тұлғасы кеңес заманында шығыстың жарық жұлдызы, шоқтығы биік ғалым. Қаныштың өмірі – халықтың өмірі, оның ғылым, рухани өмірдегі орнын, қызметін халықтың өмірінен әсте бөліп қарауға болмайды.

Ғылымның биік шыңын бағындырған ғұлама ғалым ретінде оның ғылымға салған сара жолы өшпек емес. Қазақ ғылымының биік шыңы аласармақ емес. Абай айтқандай «артына өшпейтұғын із қалдырған» мұндай алып тұлға қазақ халқымен мәңгі бірге жасай береді дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Медеу Сәрсекке. Қазақтың Қанышы. Деректі ғұмырнама роман. Қазақша. -басылымы. – Астана: Фолиант, 2018. - 960 б.
2. <https://www.facebook.com/amantay.isin/posts/pfbid038MAzKX8rcWeLFM3WuHvLWuxejP2z287grS4EQVNSzBLwh8ek7z5wfAzYZ7ukQN8A1>
3. Сарыарқа газеті, 1995, - 10 наурыз. 19 бет.
4. <https://e-history.kz/kz/news/show/339845>
5. Даналық дәнін сепкен ұстаз. <https://adebiportal.kz/>
6. Сыдықов Е. Алаш қаласының тарихы. Зерттеу. – Семей, 2010, - 154 бет.
7. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. 251 б.
8. Абай облыстық мемлекеттік архиві 415-қор, 2-тізбе, 643-іс, 15-п.
9. ҚР Орталық мемлекеттік архиві 1398-қор, 1-тізбе, 224-іс, 87-п.
10. Абай облыстық мемлекеттік архиві 415-қор, 1-тізбе, 419-іс, 113-п.
11. Абай облыстық мемлекеттік архиві 415-қор, 1-тізбе, 419-іс
12. Сәтбаева Ш. Сәулелі әулет. – Алматы: Қазақстан, 1996 ж. 177 б.
13. Көпейұлы М. Ж., Қазақ шежіресі Алматы, 2010, - 290-353 бб.
14. https://el.kz/uli_adamdar_omiri_kanish_satbaev_
15. Махат Д. Семейдегі «сәтбаевшылдық» // egemen.kz 6 Маусым, 2024.

УДК 001

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ СҮТ АНАСЫ МЕН КІНДІК ШЕШЕСІ КІМ?

Кейкин Е.Қ., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

1928 жылы қазақ байларының мал-мүлкін тәркілеу, қудалау басталғаны белгілі. Ел ішінде орын алған дүрбелеңде бай тұқымы деп Сәтбай әулеті бірден көзге түсті. Том институтын бітіріп, қызметке енді кірісіп жатқан Қанышқа бұл жағдай оңай тимеді. Осы кездері Қаныштың «Губерния (Семей) мен оның уездері қызметкерлері үшін» анкетасын толтырғанда, әке-шешенің аты-жөні және жасы деген бағанаға: «әкем - Имантай, 74 жаста, шешем - Нұрым, 75 жаста» деп көрсеткені архив деректерінде сақталған [1]. Ал, шын мәнінде Қаныштың анасы Әлима болатұғын.

Имантайдың жастай қосылған қосағы Нұрымнан туған Күнше есімді қызы кішкентай кезінде шетінеп кетеді, одан кейін бәйбіше пұшпағы қанап бала таппайды. Перзентінен айырылған Имантай өзінің тетелес інісі Жәміннің Әбсәләм есімді баласын жөргегін құрғатпай асырап алады. Әбсәләмнің тегі - Сәтбаев Әбсәләм Имантайұлы болып жазылады. Кейінгі ұрпақтары да Имантаев болып жазылып кетті.

Бәйбішесі Нұрымның: «*Отағасым, менің сөзіме назар аударшы, екеуіміз отасқалы қату сөзге келмейміз. Сенен алған өнегем де аз емес, өзегімізді өртеген қайғы да ортақ. Сені ұрпақсыз қалдырғым келмейді. Мұстафаның ұлы Қанафиден өліп кетті, Исаның жап-жас қызы Әлима жесір қалды. Ол да қанша отырар дейсің, өзі көркем, әрі мінезге бай, мейірімді адам көрінеді. Сол бұйырып тұрған шығар, тоқалдыққа ал. Мұстафаның ағасы, Мұсаның ұлы, Сәдуақас досымыз ғой, сол кісімен уәделесіп алсақ, ар жағының Алла сәтін берер. Ол бала тапса, мен баға беруге жалықпаспын»* деп айтуымен Имантай 1890 жылы екінші рет төсек жаңғыртады.

Қанафиден атақты Мұса Шорманның туған інісі Мұстафаның баласы. Шаңырақ көтергеннен кейін Қанафиден ауырып дүние салады, Әлима жастай жесір қалады. Әлима текті әулеттің қызы.

Әкесі Қаржас-Талас руынан шыққан Иса Бабатайұлы. Имантай өз замандас досы Сәдуақас Шормановты араға салып Әлимаға құда түседі. Ол кезде Имантайдың әкесі Сәтбайдың да көзі тірі. Бәлкім, құда түсіп барған болар. Әсілінде, атам қазақ жесір әйелді өз әулетінде әменгерлік жолмен ұстап қалады. Әлиманы Сәтбай әулетіне ұзатқанына қарап-ақ, Шорман мен Сәтбай әулетінің бір-бірімен өте сыйлас болғанын аңғарасың.

Жоғарыда Әлиманың текті жерден шыққанын айттық. Академик, техника ғылымдарының докторы Жақан Сүлейменұлы Ержанов Әлимамен немере бауыр. Академик Е. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде қызмет еткен биолог, әкелі-балалы ғалымдар – Тельман Нұрымұлы, Нұрлан Ержанов та осы әулетке жақын.

Имантай Әлимадан үш перзент сүйеді. 1892 жылы Ғазиза есімді қыз, 1894 жылы Бөкеш (Ғабдұлғазиз) есімді ұлы дүниеге келеді. Ал кенже баласы Қаныш (Ғабдұлғани) туғанда Құранның мұқабасының ішкі жағына араб әріптерімен: **«Доңыз жылында, яғни 1899 десек, наурыз айында, яғни 31 жұлдызында жаппар жаратушы Имантай деген құлына ұл берді. Нәрестесінің есімін Ғабдул-Ғани деп қойдық»** деп жазыпты деседі [2].

Әлима анамыз 1904 жылы өкпе дертінен қайтыс болды. Қазақтың Қанышын әлемге танытқан қаламгер Медеу Сәрсекке былай дейді: *«Әлиманың денсаулығы аурудан тұрып, жайлауға шыққан соң да оңала қоймаған сынды. Бас көтеріп жүруінен төсекте жатуы көбірек болғанға ұқсайды. Тоқ етерін айтқанда дәмкәс ананың омырауы бітімі ірілеу туған нәрестені жарыта алмаған. Сол себептен де кішкентай Қаныш шыр етіп дүниеге келген күні кіндік шешесі Мейіздің омырауымен ауызданған»* [3]. Бұл мәтіннен ұғатынымыз -- Қаныштың кіндік шешесі де, сүт анасы да Мейіз болып тұр. Ал Мейіз кім еді? Мейіз Имантайдың жылқышысы Қасеннің бәйбішесі. Академик Ебіней Бөкетов «Сөнбес жұлдыз» мақаласында Қаныш Сәтбаевтың сүт анасы туралы жазады: *«Қазіргі уақытта балалар емханада туады да, оның кіндігін кескен адамда ешкімнің жұмысы болмайды. Қанекең туғанда оның кіндігін кескен Құлжан апай кіндік-ана деген құрметті атақ алған. Құлжан апасы Қанекеңе тіпті жақын екен. Өйткені туған анасы, Қанекең пайда болғанда, қатты науқас күйінде болса керек. Сондықтан кіндік-анасы, өзі де соның алдында нәрестелі болған екен (сәбидің есімі Сейітжан Боранбекұлы – Е.К.), бір емшегімен кіндік-ұлын асырапты дейді. Кейін еліне келген кездерде, бойшаң, денелі академик-ақсақал, кеуіп қалған бұта сияқты кішкентай ақ кемпірдің жанына барып отыра кетіп, -- кәне, балаңа не сақтадық, сақтағаныңды әкел», -- дейді»* [4]. Енді Ебекең жазған осы естелікті тарқатып айтсақ, кіндік ана, сүт анасы деп отырған Құлжан кім болды? Медеу Сәрсекенің зерттеуінде Мейіз туралы деректер бар. Жоғарыда айтып өткендей, Имантайдың жылқышысы Қасеннің жұбайы. Ал енді Ебіней Бөкетов неліктен Медеу жазғандай Мейіз деп емес, Құлжан деп басқа есімді атап көрсетеді. Маған осы сұрақ қызық болды. Себебі, Қасеннің баласы Нұрлан Баянауылға қарасты біздің Жарылғап ауылында (бұрынғы 1 май ауылы) тұрған. Бір білсе, осы әулет білер деген оймен ұрпақтарын іздестіріп, сөз ұғар, әңгімені келістіріп айтатын Кенжебек Нұрланұлы Қасеновпен таныстым. Кенжебек ағай менің әкем Қуатпен бір сыныпта оқыпты. Бүгінде Екібастұз қаласында тұрады. Кенжебек ағай әңгіменің тиегін ағытты:

- Біздің руымыз Найман, Баянауыл жерінде Қаржас-Сатылған ішіндегі Дәрбеуіл деп атайды. Оның өзіндік тарихы бар. Әуелгі тұрақтап тұрған мекеніміз -- Жұмат Шанин селолық округіне қарасты Желтау. Арғы бабам Есенқұлдың баласы Божан, одан Күнсұлу мен Можан деген баласы тарайды. Божанның Күнсұлу деген қызын Шөтікұлы Сәтбай алады. Күнсұлудың бауыры, Можанның баласы менің атам Қасен. Қасеннің әке-шешесі Желтауда қайтыс болады. Күнсұлу жалғыз бауырын қасына алдырады. Қасен атам би атаның (Имантайдың – Е.К.) жылқысын бағады. Сәтбай мен Күнсұлу Қасен атамды үйлендіреді. Міне, біздің Сәтбай әулетіне келу себебіміз осылай. Қасен атамның алғаны Мейіз. Мейіз шындығында Қаныштың күтушісі әрі кіндік шешесі болған. Мейіздің елі Қаржас-Талас. Ал Қанышты емізген Боранбектің бәйбішесі Күлжан болатын. Менің әкем Нұрлан, шешем Нағипа Боранбекқызы. Сонда менің өз әжем Мейіз - Қаныштың «кіндік шешесі», ал нағашы әжем - Күлжан Қаныштың «сүт анасы». Ал «сүт ағасы» Сейітжан Боранбекұлы. Сейітжан 1898 жылы дүниеге келді, Қанекеңнен бірнеше ай ғана үлкендеу. Сол себепті бір анадан емгендіктен Қанышқа аға іспеттес.

Міне, осы деректерге сүйене отырып, Ебіней Бөкетов жазуы бойынша сүт анасы Күлжан болып шығады. Тек Ебекең Құлжан деп жазған екен. Күлжан ананың кеудесін Қанышпен тел қозыдай бірге емген Сейітжан соғыс майданына кетіп қайтып оралмапты. Ұшты-күйлі жоғалған сарбаздар қатарынан екен. Егер аман-есен оралғанда, Қанекеңнен біршама естелік қалар еді.

1928 жылғы зобалаңнан кейін Сәтбай әулетінен дәулет кетіп, Имантай дүние салады. Кешегі өзіне адал қызмет еткендер де жан сауғалап қалады. Нұрлан Қасенұлы Семейде күтіп тұрған Қанекеңе пар ат жеккен арбамен жұбайы Шарипаны балаларымен жеткізіп береді. Заманның аумалы-

төкпелі болатынын сезген Қаныш сол жүздесуде: «*Нұрлан, сен жалғызсың, ертең сені де байдың құйыршығы деп құдалайды, себебі заман өзгеріп жатыр, орныңды ауыстыр*» деген екен. Қанекеннің ақылы бойынша кәмпеске кезінде жан сауғалап басқа жаққа кеткен. Баянауыл ауданының біраз жеріне қоныс аударып, 1943 жылы біздің 1 май ауылына көшіп келіп, содан 1974 жылға дейін ауылымызда тұрды. Үлкен баласы Бәзкен Нұрланұлы ауылымызда мұғалім болды.

Қаныш Сәтбаев туралы дерек жинау үшін Медеу Сәрсекке 1966 жылы Баянауыл еліне сапар шегеді. Қаныштың балалық шағын жазу үшін туған жері Баянауыл ауданына қарасты Ақкелін өңіріне келіп, ел ақсақалдарына, замандастарына жолығады. Осы сапарында Имантайдың бауырында өскен Әбсәләм Жәмінұлының баласы Тәрмізімен бірге ауылдарды аралаған екен. Баянауылдағы бүгінгі Мұса Шорман ауылынан (бұрынғы Теңдік) 70-80 шақырым жерде орналасқан менің туған өлкем Жарылғап ауылына (бұрынғы 1 май) арнайы келіпті. Жоғарыда айтып өттік, біздің ауылда Имантайдың жылқышысы болған Қасеннің баласы Нұрлан тұратын, сол кісіні арнайы іздеп келіпті. Медеу Сәрсекке Нұрланның үйіне түсіп, бір аптаға жуық болып, Қанекеннің балалық шағы, Имантай туралы, жалпы Айрық, Қаратұмсық қыстауы жайлы әңгімелеседі. Нұрлан ақсақал Мейіз анасы туралы да айтады. Медеу Сәрсекке жазған «Қазақтың Қанышы» роман-эсседі Нұрлан ақсақал айтуы бойынша деген оқиғалар көп баяндалады. Ол туралы Медеу Сәрсекке: «*Нұрекең менің Қанекен туралы жазғалы жүргенімді естіп, еңкілдеп жылады*», -- деп еске алады. Кенжебек ағайдан «*Медеу Сәрсекке неліктен Мейіз әжеңізді «сүт анасы» деп шатастырып алды?»* деп сұрағанымда былай деп жауап берген еді:

-Медеу аға ауылға келгенде мен 18 жастамын. Бәрі есімде. Әкейі екеуі бірнеше күн қатарынан әңгімелесті. Медеу біздің үйде жатты. Үйге сары автоклуб көлікпен келді. Бәлкім, Тәрмізі әкеп тастап кеткен болар, мен тек үйде Медеу ағаның жалғыз болғанын білемін. Ол кезде жап-жас қой. Содан қаншама жылдан кейін Қаныш туралы іргелі еңбек шықты. Қалың қазақ қуанды. Әкейге орысша шыққанын оқып бердім. 90 жасқа таяп қалған әкем балаша қуанды, Медеудің жазу шеберлігіне тәнті болды. «Айтқандарымды айна-қатесіз қағаз бетіне түсіріпті, тек екі жерді шатастырыпты» деді. «Мейіз шешем сүт анасы емес, кіндік шешесі әрі күтушісі еді. Екінші бір жерде -- «молочного брата, верного товарища всей его жизни Нурлана Касенова» депті. Мен қалайша Қанкежанға сүт ағасы боламын? Мен 1893 жылы жылан жылы дүниеге келдім, ал Қанкежан 1899 жылы доңыз жылы дүниеге келді, «сүт анасы» Күлжан, ал «сүт ағасы» Сейітжан» деп айтты.

Иә, осы оқиғаны Кенжебек ағай маған айтқанда, өзім де Күлжан мен Мейізді әбден шатастырып, зорға түсіндім. Заңғар жазушымыз да шатастырып алған болар. Қазақтың Қанышы туралы роман-эсседі Медеу аға былай дейді: «*Қанкежан біржосын тыныш бала болды, -- деп әңгімелейді оны бесікті тербеткен Нұрлан Қасенов. -- Басы бақырдай үлкен еді, өте көп ұйықтайтын. Жер басып отырған шағында, тіпті жүре бастаған кезінде басы ауған жағзына құлай кетіп, зәремді талай алғанын қалай ұмытайын...*».

Медеу ағамыз Нұрлан Қасеновтің бесіктегі Қанышты тербетіп, ойнатқанын айта келіп, Қаныштан үлкендігін өзі де жазып өткен. Имантай мен Қасенді -- бірін бай, екіншісін жалшы деп түсіну өте қате. Жоғарыда айтқандай, Қасен Имантайға нағашы, себебі Сәтбайдың бәйбішесі Күнсұлу Қасеннің туған әпкесі. Сонда Қаныш пен Нұрлан нағашылы-жиендер. Енді осы тұста баянауылдық өлкетанушы Өкпеұлы Кәрімтай ағамызды сөйлетсек: «*1958 жылы Қанағанның бәйбішесі Шарипа 1 май ауылына (біздің ауылға) Нұрлан ақсақалдікіне келді. Ол үйден ағай барып (Кәрімтай атамның ағасы Мұхамеджан Өкпеұлы – Е.К.), Шарипаны қонаққа шақырды. Ол кісі қайтарда соғатын болып келіскен. Айтқан күнде үйге келді. Қайтар жолдың үстінде әкейдің зираты бар еді. Нұрланға «сіз көлікпен жүре беріңіз. Кеше қолымнан дәм татқан, құрметтеген ағаның басынан қалай көлікпен өтемін. Біз жаяу барайық» деп менің жеңгем мен келіншегімді ертіп, қаншама жер жаяу барды» - дейді [5]. Шарипаның құрмет көрсетіп Өкпе ағаның басына соғу себебі -- Өкпе ағамыз Имантаймен өте сыйлас адам болған. Шорман, Сәтбай әулеттеріне құс баптап, аңшылықтың қыр-сырын үйретіп отырған екен.*

Сәтбай әулеті мен Қасен ұрпақтары арасындағы өте тығыз байланыс, жақсы қарым-қатынас үзілмей, күні бүгінге дейін сақталып келеді. 1959 жылы Қаныш Сәтбаевтың Баянауылға арнайы келіп, туған жері Айрықтағы әке-шешесінің басына құлпытас орнатқанын білеміз. Бөпежан Аяпберген пен Қалмұқан Исабаев «Қаныш аға осындай еді...» естелік кітабында осы турасында «Туған өлкеге соңғы сапар» деген атпен естелік әңгіме жазады. Перзенттік парызым деп ұққан Қанекен Әкімтай, Жұмаш, Нұрландардың көрсетуімен анасы Әлиманың, әкесі Имантайдың басына құлпытас орнатады. Қаныштың немере ағасы Әкімтай сол кезде Сәтбай әулетінен ауылда қалған ең үлкені еді.

Кенжебек Нұрланұлы әңгімесіне тағы құлақ түрсек: *«Иә, 1959 жылы Қаныш елге келгенде біз 1 май ауылында тұрдық, Қанекең өзі ескертіп айтса керек, ауылдың почтасына арнайы шақырту хабар келді. Әкем мен шешем арба жегіп, ішінде мен бармын, Жаңатілекке бір қонып, Теңдікке жеттік. Әкемнің қасынан мені көрген Қанекең: «Нұреке, мына бала кенжең бе?» деп басымнан сипап, көкке бір-ақ көтерді. Алып денелі Қанекеңнің қолынан аспанға ұшардай болып көтерілгенімді қалайша ұмытайын. Құлпытас орнатылып, ас берілгесін Қанекең ата-баба қорымына қарап тұрып: «Әкімтай аға, мынау орын сіздікі» деп ата-анасы қасынан бір орынды нұсқапты. Сонда әкей: «Қанкежан, менің орыным қай жер?» деп қалжың болса да астарлап сұраған екен. Қанекең: «Нұреке, сіздің орныңыз мына жер болады» деп сол тұстан бір жерді көрсетті. Әкем «Қанекең маған орын белгілеп берді, мен қайтсам, сол жерге қоясыңдар» деп бізге үнемі аманаттап айтып жүрді. «Ертең қыс ішінде дүниеден өтіп кетсем, сендер ол жаққа жеткізе алмай қаласыңдар» деп, туып-өскен Айрыққа (бүгінгі Мұса Шорман ауылына) көшу керегін айтып, ойластырып жүрді. Содан бір күні әлдекімнен Қанекең белгілеп берген сол орынға біреулер бір баланы жерлепті дегенді естиді. Әкей өте қатты өкпелеп, «Қанкежанның сөзін тыңдайтын елде ешкім қалмаған екен» деп, сол кездері Теңдікке көшпей қалды. Тек кейін 1976 жылы Сәтбаев кеңшарына көшіп бардық, ақыры әкеме де, шешеме де Қараащының үлкен қорымынан топырақ бұйырып, сонда жерленді».*

Қаныштың күйеу баласы Қайнекей Жармағанбетов «Соңғы сапар» деген естелігінде 1959 жылғы осы сапар жайлы былай дейді: *«Қанекең, «Победа» ішінде өзінің сәби шақтағы досы, құрдасы Жұмаш қартпен қатар отыр... Екеуі жол бойы Ащының бойында өткен әр оқиғаны еске алып, әңгіме шертіп келеді. Қаратұмсыққа жеткенде төбешік болып қалған үй орнын көріп, әр бөлмедегі өткен шағын Қанекең еске алады. Жұмекең де сөз жарастырып, неше қилы оқиғаны еске салды. Ойын баласының құмарын сарықпайтын, ашыған көжесін қыс бойы үзбейтін Мейіз әжей де еске алынды»* [4].

Қаныш Сәтбаев Мейіз әжейдің құрметіне екінші әйелі Таисиядан туған қызының есімін Мейіз деп қояды. Мейіз Сәтбаева (1931-2007) әке жолымен жүріп, геология-минерология ғылымдарының докторы болды. Ал Нұрланның үлкен қызының есімі Әлима. Әлима әже (1922-2010) біздің 1 май ауылында тұрды, жолдасы Балақ Әмірұлы екеуі де дүкенде жұмыс істеді. Қаныштың үлкен қызы Ханиса 1921 жылы туса, ал Әлима 1922 жылы дүниеге келген. Ханиса мен Әлима Айрықтың кең даласында бірге ойнап өсті. Кенжебек ағайдың айтуынша, үлкен әпкесінің есімін «Әлима» деп Қаныш Сәтбаев қойған екен. Осылайша нағашылы-жиендер аналардың құрметіне есімдерін қыздарына беріпті. Нұрланның анасы – Мейіз, Қаныштың анасы – Әлима. Нұрланның қызы – Әлима, Қаныштың қызы – Мейіз. Бүгінде осы аталғандардың барлығы марқұм болды, Алла иман байлығын берсін!

Сонымен кіндік шешесі Мейіз неліктен естеліктерде жиі айтылған? Оның себебі -- анасы дүниеден ерте қайтқан соң Мейіз әже Қаныштың күтушісі әрі қамқоршысы болған. Ал, уызына қандырып, өз баласымен қоса емізген Күлжан анамыз -- «сүт анасы». Ананың кеудесін емген сәттер нәрестенің есінде қалмауы мүмкін, ал ес білгеннен кейінгі ананың аялы алақаны, жылы құшағы баланың мәңгі есінде қалады. Нұрым анасы Имантайдың кенжесі Қаныштың күтімін Мейізге тапсырады, сол себептен болар, Қаныштың Мейіз әжесін жиі еске алатыны. Ал Күлжан анамыз бертінге дейін өмір сүріпті. Кенжебек ағай «суреті бар еді, жоғалтып алдық» дейді. Сейітжан мен Күлжаннан туған Орынтай деген үлкен қызы Теңдік ауылында Нұртай Оразбековке тұрмысқа шығады. Үлкен әулет, бүгінде ұрпақтары өсіп-өнді. Қаныштың сүт анасы Күлжанның зираты Қараащыдағы Алабас тауының баурайындағы тас зиратта жатыр.

2023 жылы Медеу Сәрсекенің «Біртуар Бөкетов» деректі роман-эссесі Бөкетов университетінің баспасынан жарыққа шықты. Бұған дейін де автордың Евней Арыстанұлы туралы ғұмырнамалық еңбегі оқырманға жол тартқан еді. Бұл кітап 2007 жылы Мәскеудің «Молодая гвардия» баспасынан «ЖЗЛ» топтамасымен жарық көрген «Евней Букетов» ғұмырнамасының толықтырылған нұсқасы. Ебекең Медеу Сапаұлына Қаныш Сәтбаев туралы 200 беттік қолжазбасын берген екен. Жазушы сол жазбаны негізге ала отырып, «Біртуар Бөкетов» кітабында Күлжан анаға қатысты мынадай мәлімет келтіреді: *«Қолжазбада ғалымның кіндік шешесі әрі омырауын емізген екінші анасы Күлжан деген әйелдің есімі аталады; ал, мен жиган естеліктерде Күлжан мүлдем жоқ, бірнеше азамат өздерінің анасын Қанекеңнің кіндік шешесі деп жариялаған. Қаныштай асылға естелік айтушының қайткен күнде өзін жақындастыру ниетінен туып, кейбір айғақтар ойдан бопсалаумен қиындастырылады. Мен өзім соның бәріне күмәнмен қарап, Таисия Алексеевнадан туған қызын Мейіз деп атағанын арқау еткенмін, өйткені «Өзімді емізген Қасен есімді жылқышының бәйбішесінің есімі Мейіз еді, сол кісі менің екінші анам», - деген»* [6].

Иә, жоғарыда айтқандай, Ебекең Қаныш туралы дерек жинап жүріп, Құлжан ана туралы жазды. Евней Арыстанұлы Құлжан есімін неліктен жарыққа алып шықты, оның мәнісі мынада: Медеу Сәрсекке Қаныштың балалық шағы туралы көп мәліметті Баянауыл ауданындағы Қасен баласы Нұрланға жолығып жинастырса, ал Ебекең мәліметтерді Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданында тұратын Жұмық ұрпақтарынан алған. Осы тұста аздап шежіреге ден қойсақ: Жұмықтан – Балғабек, Боранбек, Шәдет тарайды. Балғабектен – Шалабай, Боранбектен – Айтжан, Сейітжан, Шәдеттен – Мұқыш, Жұмаш, Мерғали, Нұрғали, Махмет туады. Боранбектің жұбайы – Құлжан ана, ал Жұмаш Шәдетұлы Қанышпен бірге оқып, бірге өскен туысы. Медеу Сәрсекке жазған Қаныш туралы еңбекте осы шежіредегі аталғандардың көбі жазылған. Жұмаш ақсақалдар өздеріне аталас туыс Боранбайдың жұбайы Құлжан есімін Ебекеңе айтқан болып тұр. Медеу ағамыз: *«Ғалымның жүз жылдық мерейтойы қарсаңында Павлодарда жарық көрген ауылдастарының естеліктер кітабында сүт анасы туралы алты әйелдің есімдері аталған»* деп жазады. Мейіздің немересі Кенжебек Нұрланұлы «біздің әжеміз сүт анасы емес, кіндік анасы» дейді. Кенжебек ағамыз өз әжесі Мейіздің атын жаңғыртып жатса, «бір гәп бар» деп күдікпен қарар едік. Айналып келгенде екі адам да өзіне бөтен емес жандар. Боранбектің туыстары «Құлжан» ананың аты Медеу Сәрсекке жазған Қаныш туралы еңбекте аталмай қалғасын, Ебекең жазып жатқан «Жас Қаныш» еңбегінде аталғанын қалаған болар.

Құрметті оқырман, мен бұл мақаланы Қаныштың атын әлемге танытқан, кеше ғана дүниеден өткен заңғар жазушы Медеу Сәрсекеден кемшілік іздеу мақсатында жазбадым. Медеу Сәрсекені деректі құжаттарды өте шебер қолданатын зерттеуші деп білемін. Қазақтың мықты тұлғалары -- Қаныш Сәтбаев, Ермұхан Бекмаханов, Ебіней Бөкетов туралы жазған мемуарлық шығармалары шоқтығы биік туындылар. Одан қалса, Семей полигонының қасіретін Медеу Сәрсеккедей зерттеп жеткізген ешкім жоқ. Көлемі 850 беттік «Семей қасіреті» деген деректі тарихи хикаят жазып қалдырды.

Жоғарыда атап кеткен Мейіз ана туралы түзетуім Медеу Сәрсекке жазған Қаныш туралы зерттеуге бір мысқал да нұқсан келтірмейді. Алайда, осы тақырыпты зерттеп жазуды өзіме азаматтық борыш деп білдім. Себебі, кейіпкерлердің ұрпақтары көз алдымызда, ел ішінде жүр. Бүгінгі ұрпақ Қаныштың сүт анасы Құлжанның есімін біле жүрсін, тарих бетінде қалсын дедім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Аяпбергенов, Қ.Исабаев. Қаныш аға осындай еді. – Алматы: «Өлке», 1999. – 124 б.
2. Ш.Сәтбаева. Сәулелі әулет. – Алматы: «Қазақстан», 1996. – 175 б
3. М.Сәрсекке. Қазақтың Қанышы. – Алматы: «Атамұра», 1999. – 592 б
4. Қаныш аға. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 400 б
5. Е.Кейкі. Өкпеұлы Кәрімтайдың ғибратты ғұмыры. – Қарағанды: «MAGZAN», 2022. – 376 б
6. М.Сәрсекке. Біртуар Бөкетов. – Қарағанды: «Бөкетов университет баспасы», 2023. – 621 б

UDC 001

KANYSH SATPAYEV'S CONTRIBUTION TO KAZAKHSTAN EDUCATION AND SCIENCE

U.I. Kopzhassarova, Academician Buketov Karaganda University, Kazakhstan
Cihat Burak Korkmaz, Ankara Yildirim Beyazit University, Turkey
D.E. Adambay Academician Buketov Karaganda University, Kazakhstan

Kanysh Imantayevich Satpayev is an outstanding Kazakh scientist, geologist, state and public figure. He was born on April 12, 1899 in village № 4 of Akkelinsky parish of Pavlodar district of Semipalatinsk region, now it is Bayanaul district of Pavlodar region. His contribution to the development of Kazakhstan and world science can't be underestimated. In addition to his achievements in the field of geology, Satpayev also made a significant contribution to the development of the humanities in Kazakhstan, contributing to the foundation of scientific institutions and supported cultural initiatives.

His genius was seen since his childhood. At the age of five, he began going to the mullah in the Senior village and mastered Arabic literacy in two years instead of three. At the age of seven, he went to the Akkelinsky school, which he graduated in three years instead of four. After that, he entered the two-grade Pavlodar College, which he completed a year ahead of schedule, and in 1914 he entered the Semipalatinsk

Teacher Seminary. On the whole, while studying at school, college and teacher seminary he demonstrated his strong desire for gaining knowledge and self-development.

After completing seminary four years later, Satpayev began working as a teacher. In the city of Alash, he taught natural science at two-year courses for teachers of national schools. He worked on these courses for more than a year, teaching natural science. However, due to health problems K. Satpayev had to quit his job and return home to Bayanaul.

He didn't want to leave teaching profession. For this reason, he began teaching literacy and math to Bayanaul children from two villages. K. Satpayev encouraged children to explore their native land, demonstrating his ability as a mentor and inspirer of youth.

At the same time, K. Satpayev began writing an algebra book. It was his first scientific work – an algebra book for Kazakh schools in native language [1].

Kanysh Satpayev's scientific legacy is great; he had more than 600 published works. His main works are devoted to research on geology and mineral exploration of Kazakhstan. He played a key role in three great deals: the discovery and development of Greater Zhezkazgan, the creation of the Academy of Sciences of Kazakhstan and the foundation of the Institute of Geological Sciences. These achievements have become the foundation for further scientific and economic development of Kazakhstan.

K.A. Satpayev was a delegate to the XX, XXI and XXII Congresses of the CPSU, a member of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan, a deputy of the Supreme Soviet of the USSR and the Kazakh SSR, Deputy Chairman of the Council of the Union of Soviet Socialist Republics, a member of the Presidium of the USSR Academy of Sciences, a member of the Lenin Prize Committee, a member of the Higher Attestation Commission, Chairman of the Kazakh Society Soviet-Chinese friendship.

Satpayev's large mineral deposits discovery had big impact on geology science and influenced the economic development of the region and the country as a whole. Thanks to Satpayev's invention, Kazakhstan became known in the world community and began to play a significant role in global copper market.

Kanysh Imantayevich Satpayev explored not only copper; for 15 years he did his best for the discovery of other mineral resources in Zhezkazgan region and Karsakpai. He investigated and found coal in Baikonur and Kiyakty, as well as significant reserves of lead and silver. Satpayev discovered rich deposits of iron and manganese, which became the basis for future plants. In addition, Satpayev's discoveries of building materials as sand, gravel, gypsum, limestone and clay; gold and molybdenum, as well as various impurities necessary for melting copper contributed to the improvement of economic stability in the country and the quality of life of its citizens.

Kanysh Satpayev also played an important role in the foundation of Kazakhstan Academy of Sciences. In his speech at the 10th anniversary session of the establishment of the scientific center, he pointed: "We must get rid of our superficial opinion and start working at the academic level. Time obliges us to engage in fundamental research. This is the direct path to the formation of an independent republican academy." Despite the doubts of others, Satpayev worked hard to realize his idea. In June 1946, the Academy of Sciences of Kazakhstan was founded, and Satpayev became its first President. He understood that the country has no future without education and science and inspired others by his dream and desire [2].

The academy has become not just a research center, but a real catalyst for the development of different sciences in the country. Under Satpayev's leadership, the academy involved in this activity leading scientists from all over Kazakhstan, creating an environment for productive cooperation and exchange of ideas.

Under his guidance, the Academy developed and included various scientific areas: mineral resources, physical and mathematical, biological, medical and social sciences. Over the years, Satpayev tried to integrate these areas, creating a solid scientific foundation for the comprehensive development of the country.

The Department of Social Sciences included institutes of history, archaeology and ethnography, language and literature, art, philosophy. Under the leadership of Kanysh Satpayev, a significant contribution was made to the development of Kazakh linguistic and cultural heritage. Russian-Kazakh and Kazakh-Russian dictionaries were published, which were essential tools for bilingual communication and education. A detailed terminology dictionary had also been compiled, standardizing technical and scientific terms in the Kazakh language [3].

In addition to these dictionaries, the "Grammar of the Kazakh Language" was developed, which was a structured and detailed guide to the linguistic rules and use of the Kazakh language. This work played a crucial role in preserving the language for future generations.

Textbooks on Kazakh and Uighur languages and literature were also prepared under Satpayev's guidance. These educational resources have played an important role in popularizing literacy and linguistic research among the Kazakh and Uighur population, contributing to a deeper understanding of their literary traditions.

Satpayev was one of the founders of the Kazakh alphabet based on the Latin alphabet, which was adopted in 1929. This event was an important step in the development of Kazakh written communication and culture.

In 1949, books on the history of Kazakh Soviet literature and «The History of the Kazakh SSR» were published. These works contained an in-depth study of Kazakh literature and historical events, highlighting the cultural and political milestones of the region [4].

These materials not only improved the quality of education in Kazakh schools, contributed to the popularization of the Kazakh language among the entire population of the country as well. Kanysh Satpaev's patriotic love to his country, his personal human qualities alongside with professional competency and scientific insight have contributed much to the preservation and development of Kazakh cultural identity and heritage.

Kanysh Satpayev was not only a great scientist and teacher, but also a true leader and mentor. His energy, optimism and warmth inspired everyone around him. He taught his students important life values: the ability and desire to work with people, forgive mistakes, see the good in everyone and be attentive to people.

Kanysh Imantayevich paid a special attention to the competency and proficiency of the staff, selected and personally interviewed scientists and employees of the Academy of Sciences. He supported all people around him and was interested in life and well-being of his colleagues. He was not only a teacher and mentor for them, but also an elder friend. Despite his busy schedule, he supervised graduate and doctoral students. He took an active part in defining the topics of their research work. His legacy continues to empower scientists and educators of modern generation, and his contribution to the development of Kazakhstan remains invaluable [5].

Due to his great contribution to the education and science, K. Satpayev became well-known not only in Kazakhstan, but worldwide around. He showed that the path to scientific discoveries lies not only through strict formulas, but also through understanding the culture, history and language of the country. Many-sided personality of Kanysh Satpayev; his modesty and respect to common people, full dedication to a matter of science shows that real science includes deep respect for national roots and traditions, which in turn contributes to the development and prosperity of society.

As a patriot of his motherland, K. Satpayev studied history, art and literature, legends and folk traditions of his country.

Satpayev became interested in history during his geological work. He studied the excavation site, stone sculptures of warriors, medieval burials, and rock paintings. K.I. Satpayev studied the history of the region, collected and accumulated information about metallurgy in ancient times, which resulted in writing of his article "Prehistoric monuments in the Zhezkazgan region", where he summarized the results of his long-term study of monuments, medieval culture, and legends.

Literature and art were constantly at the center of academic interests of academician Kanysh Imantayevich Satpayev. In his works written in Kazakh and Russian, he considered and analyzed the prospects of further development of literature and art.

Satpayev's dedication to Kazakh literature and culture is revealed in his numerous articles addressing cultural issues, such as "The Holiday of Kazakh Soviet Literature" and "Outstanding Works of Kazakh Literature," published in the late 1940s. In these works, he provided a vivid picture of the development of Kazakh literature during Soviet times in various genres, including poetry, prose, and drama. He supported and helped many Kazakh literary scholars publish their works on the literature heritage of the Kazakh people and write valuable books on the history of Kazakh literature.

In 1927, a scientific edition of the epos "Er Edige" was published in Moscow under the editorial and preface of K. I. Satpayev. In the preface, he wrote that folk art is important for learning language, literature and history of the motherland.

Kanysh Satpayev considered that the legends and folk literature contain many words that were traditionally used in the Kazakh language and began to be forgotten over time. Knowledge of these words is valuable for learning the vocabulary and further development of the language [6].

Academician Satpayev adored folk music and national songs very much. The famous Soviet musician and folklorist A.V. Zatayevich highly appreciated Satpayev as a knowledgeable expert and a good performer of Kazakh folk songs.

Satpayev was not only an outstanding educator and scientist, but moreover a musician and writer. He was fond of Kazakh folklore, published epics and played musical instruments. His versatility surprised his contemporaries. Geologist and academician of the Russian Academy of Sciences Yanshin noted: "The versatility of Satpayev's talent is striking: problems of literature and art, issues of philosophy and economics, geology, astrophysics, archaeology, botany – and this is only part of what he devoted himself to." [7].

In 1934, the Kazakh State University (Al-Farabi Kazakh National University) was founded. Kanysh Satpayev's role in its foundation was great. It was the first university in Kazakhstan, where learning was conducted in the native tongue – Kazakh language.

Resuming all above said, we conclude that Kanysh Satpayev's contribution to the development and prosperity of Kazakhstan heavy industry, education and science; literature, history and culture is invaluable and can't be underestimated up the present time. He was the discoverer of mineral resources. It is known that the discovery of Zhezkazgan copper deposit is Satpayev's merit; currently, Kazakhstan occupies the 3rd place in copper ore reserves and the 6th place in its production.

Satpayev's support and leadership in foundation of educational, scientific and cultural institutions; his impact on the preservation of the Kazakh cultural identity and heritage is really great. He laid the foundation to future generation for studying and cherishing linguistic and historical roots of the motherland. His scientific works on the preservation and popularization of Kazakh literature and folklore have played a significant role in shaping Kazakh national identity.

References

1. Каныш Сатпаев: Энциклопедия. / Гл. ред. Б.О. Жакып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – С. 19-20
2. Каныш Сатпаев: Энциклопедия. / Гл. ред. Б.О. Жакып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – С. 42
3. К.И. Сатпаев Избранное: в 5-ти т. / сост. М.К. Сатпаева. – 2-е изд., сокр. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. – Т.4. – С. 400
4. Академик К.И. Сатпаев: Сборник посвященный памяти выдающегося советского ученого. – Алма-Ата: Наука, 1965. – С. 179
5. Академик К.И. Сатпаев: Сборник посвященный памяти выдающегося советского ученого. – Алма-Ата: Наука, 1965 – С. 109
6. К.И. Сатпаев Избранное: в 5-ти т. / сост. М.К. Сатпаева. – 2-е изд., сокр. – Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. – С. 285-260
7. Каныш Сатпаев: Энциклопедия. / Гл. ред. Б.О. Жакып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – С. 506

УДК 001

ГЕОЛОГ ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ТАРИХ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

S. Yıldırım, Хаджеттепе университеті Анкара, Түркия

Ж. Е. Қасымжанова, Хаджеттепе университеті Анкара, Түркия,

Қазақ даласында ХХ ғасыр кезеңінде тарих алаңында маңызды зерттеу жұмыстарында тек тарихшылар емес, сонымен қатар басқа сала өкілдерінің де еңбегі зор. Сондай ғалымдардың бірі Қазақ Ғылым Академиясының тұңғыш президенті, геолог Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Қаныш Имантайұлы 12 сәуірде 1899 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. Бастауыш оқуын ауылдық мектепте оқыды, содан кейін 1911 жылы Павлодар орыс-қазақ училищесіне оқуға түсті, ал 1914-1918 жылдары Семей мұғалімдер семинариясында оқыды. Семинарияны аяқтағаннан кейін Сәтбаев туған өлкесінде мұғалім және судья болып жұмыс істеді. Айта кетейік, Қаныш Сәтбаев ерте жастан бастап білімге қызығушылық танытып, сапалы білім алуға ұмтылған. Ол кезде Қазақстанда жоғары оқу орындары болған жоқ, ал тағдыр оны Қаныш Сәтбаевтың туған ауылында болған Томск технологиялық институтының профессоры М. А. Усовпен кездестірді. Михаил Антонович отбасымен бірге қазақ даласына қымызбен емделуге келді, ал оның

жас Қанышпен танысуы кездейсоқтық болды. Профессордың ізденімпаз адаммен Жердің құрылымы, Қазақстанның бай жер қойнауы туралы әңгімелері жоғары білім алуға ұмтылған Сәтбаевтың санасында үлкен әсер қалдырды. Ол Ресейдегі ең жақсы білім беру орталықтарының бірі Томскіде оқуға бел буды. Томск университетінде геология ғылымдары бойынша білім алды. Оның ғылыми, қоғамдық және мемлекеттік қызмет жолы XX ғасырдың ең танымал, еңбегі сіңген тұлғасы ретінде зерттеліп, ғылым публикацияларға шығарылуда [1; 7].

Қ. И. Сәтбаевтың алдында Жезқазған мен көршілес Байқоңыр көмір кен орнында Жезқазғанды одан әрі барлау үшін геологиялық қызметті ұйымдастыру міндеті тұрды. Айта кетейік, Кеңес кезеңінде Жезқазғанда геологиялық-барлау жұмыстары 1926 жылы Геолок тресімен (Геологиялық комитет) басталып, маусымдық сипатқа ие болды, яғни 1929 жылы Қ. И. Сәтбаев "Атбасцветмет" тресінің геологиялық-барлау бөлімінің басшысы болып тағайындалды, биылдан бастап жыл бойы стационарлық барлау жұмыстары жүргізілуде. Жезқазған кен орындарын мыс рудасына бай деп санаған Қ. И. Сәтбаевтың болжамдарына қарамастан, Геолоком мамандары бұл аймақты ірі мыс қорларының болуы тұрғысынан маңызды емес деп санады. Геолог Сәтбаев үшін ең бастысы мемлекеттік жоспарлау органдары мен КСРО ғылыми мекемесін осы ауданды игеруге тарту болды. 1928-1929 жылдары "Қазақстанның Халық шаруашылығы" республикалық журналында Орталық Қазақстанның табиғи ресурстарын дамытудың экономикалық мәселелеріне арналған мақалалары жарияланды [2; 139].

Геолог Сәтбаевтың Жезқазған ауданындағы қызметі КСРО-ның материалдық-техникалық базасын құруға бағытталған халық шаруашылығын дамытудың алғашқы индустрияландыру бағытымен сәйкес келді. Осылайша, Қ. И. Сәтбаев қажетті уақытта дұрыс жерде болды, бірақ бұл Кеңес Одағының ірі мыс-кен базасының қалыптасуының қиын жылдары болды.

Геолог Сәтбаевтың басшылығымен КСРО халық шаруашылығын дамытудың алғашқы кеңестік бесжылдығы (1928-1932) үшін Жезқазған ауданында жүргізілген геологиялық барлау есептерінің бірінде: "4 жыл ішінде 116 км' геологиялық түсіріліммен түсірілді, бұл орталық Жезқазғанның рубный және стратиграфиялық қатынастарындағы ең қызықты учаскелерінің барлығын дерлік қызықтырады. Одақтың басқа мыс кенді аудандарында теңдесі жоқ Жезқазғандағы геофизикалық жұмыстардың кең ауқымы, Жезқазғанда I бесжылдықтың кең барлау жұмыстары процесінде керемет түрде жинақталған орасан зор геологикалық материал болған кезде, геофизиктерге дұрыс түсінудің барлық кілттерін береді және геофизикалық жұмыстарды осындай алыптың құрылысының жетістіктерін анықтайтын негізгі факторлардың бірі ретінде іс жүзінде қызықты түсіндіру, Үлкен Жезқазған сияқты, жыл сайынғы бірінші кезектегі өнімділігі 150 000 тонна қызыл металды құрайды, бұл сөзсіз кадрлардың сұрақтары... Болашақ "Жезқазған құрылысының" алдында құбырлы, бірақ құрылысқа жұмысшылар мен инженерлік-техникалық персоналдың білікті кадрларын даярлау міндеті тұр" [2; 140].

Қ. И. Сәтбаев минералды ресурстарға бай Сарыарқа, Таулы Алтай сияқты табиғи-географиялық аймақтарды терең зерттеді. 1927-1928 жылдары Жезқазған, Қарсақпай, Атбасар, Спасск, Қарағанды көмір бассейні мен Қаратау полиметалл кендерінің мүмкіндіктерін талдап, маңызды ғылыми еңбектерін жариялады. 1929 жылы Атасу темір-марганец кен орындарын зерттеу негізінде Қ. И. Сәтбаев Қарағанды облысында қара металлургияны дамыту туралы мәселені көтерді. Жезқазған-Ұлытау өңірінде ғалым құрамында мыс және темір бар кен (Қарсақпай), марганец (Жезді), көмір (Байқоңыр, Қияқты), қорғасын (қорғасын) кен орындарын ашты. Қ. И. Сәтбаев осы аймақтағы кен орындарында стратиграфиялық, тектоникалық, құрылыс, металлогендік, геохимиялық және өнеркәсіптік негізделген өндіру құрылымы туралы терең негізделген ғылыми қорытынды жасады [2; 141].

Өткен ғасырдың 50-жылдарынан бастап Қазақ КСР Ғылым Академиясы Қазақстан табиғатын кешенді ғылыми зерттеу мақсатында бірнеше экспедициялар ұйымдастырды. География секторының, ботаника, геология институттарының және басқа да жоғары оқу орындарының мамандары өз күштерін біріктіре отырып, Қазақстанның табиғаты мен табиғи компоненттерін зерттей бастады. Кейіннен ұлттық экономикада минералды, шикізаттық, гидроэнергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану жолдарын ғылыми іздестіру, таулы аймақтардың, шөлдер мен шөлейттердің физикалық-географиялық жағдайларын зерттеу, сондай-ақ жекелеген аудандардың микроклиматын, жылу балансын, су ресурстарын, топырақты, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін жан-жақты зерттеу жалғасты. Бұл зерттеулердің нәтижелері Қазақстанның жалпы географиялық карталарына да негіз болды [3].

Бұл еңбектерімен қатар археология және тарих аланындағы еңбектері де маңызды. Сонымен қатар бұл алаңдарды еңбектерінде үлкен бір жетістіктерге жетті. Өз ата-бабалары мен жерлерінен

кастерлеу Сәтбаевтар отбасына тән болды. Қаныштың әкесі Имантайды замандастары өте білімді адам ретінде, ең алдымен қазақтар мен басқа да халықтардың тарихи өткені мәселелерінде жоғары бағалады. Бірнеше азиялық тілдердің негіздерін білу, орыс тілін өз бетінше меңгеру оған Омбы медресесінде Шығыс пен Ресейдің мәдени тарихы туралы кітаптар оқуға мүмкіндік берді. Оған жас кезінде Шоқан Уәлихановпен қарым-қатынас әсер еткені сөзсіз. Жетілу кезінде ол қазақтар мен басқа да шығыс халықтарының тарихын жақсы білді, ауызша шығармашылық ескерткіштерін жинаумен айналысты, жиналған материалдарды Г.Потанинмен, Н.Березинмен, В. Белослюдовпен және басқа шығыстанушылармен және өлкетанушылармен жомарттықпен бөлісті. Бала кезінен Қаныш әкесінің және құрметті қонақтардың халық батырлары, қазақтардың тағдырындағы қаһармандық және қайғылы оқиғалар, жоңғарларға қарсы күресі, Шоқан мен Григорий Потанин, Абай туралы әңгімелерін тыңдады. Қаныш бала кезінен әкесі сияқты шығыс әдебиетін жақсы көретін, одан Шығыс халықтарының тарихы туралы білім алған. Ол Ақкелін болыстық мектебінде оқыған шағатай, парсы, араб тілдерін жақсы білді. Академик А.Марғұлан: "Қаныш шығысша басқа жерде оқымаған", - деп жазды. Оның араб, парсы және шағатай әдебиеттерін лайықты меңгеруінің негіздерін оған тек араб және парсы тілдерін жетік білуі берді.

Павлодар орыс-қырғыз училищесінде және Семей мұғалімдер семинариясында тарих және этнография бойынша жүйелі білім алды. Тарихты алдымен бір, содан кейін басқа оқу орнында оқыған жылдары керемет білімді адам оқытқаны белгілі, ол туралы Қаныш Имантайұлы бірнеше жылдан кейін былай деп жазады: "алған білімім үшін мен немере ағам, Әбікей Зеинұлы Сәтбаевқа өмір бойы борыштармын деп санаймын". Қаныш Сәтбаев семинарияны әлемдік тарих және өз халқының тарихи өткені саласындағы мол біліммен ғана емес, сонымен қатар оларды өз бетінше толықтыруға, оның ішінде іздеу жұмысына қосу жолымен де тұрақты қызығушылықпен аяқтайды.

20-шы жылдардың басында жас ауыл мұғалімі, содан кейін учаскелік судья қазақтардың фольклорлық мұрасын зерттеумен айналысады. Құмарлық Томск технологиялық оқу кезеңінде де сақталды. Бұл үшін, әсіресе, геологиялық барлау партиясының құрамында іс жүзінде туған өлкесінде болуы да әсер етті. "Далада жиі және ұзақ уақыт бола отырып, мен сол жылдары қазақтардың ауызша халық шығармашылығының үлгілерін қызығушылықпен жинап, жазып алдым", - деп жазады ол көптеген жылдардан кейін. Ізденімпаз студент қазақтардың, Сібір мен Шығыс халықтарының тарихы, этнографиясы мен фольклоры бойынша әдебиеттерді оқып, институт пен университеттің кітапханаларында ұзақ уақыт отырды.

Қаныштан қазақ батырлары туралы да елеулі материалдар жиналды. Ол "Хан Кене" драмасымен жұмыс істеген Мұхтар Әуезовтің өтініші бойынша Кенесары Қасымов туралы мәліметтерді 1925 жылғы 5 наурыздағы хатында жинақтайды. Мұнда оның халық батыры туралы аңыздар мен әңгімелерді ғана емес, оның басшылығымен көтеріліс туралы деректі материалдарды терең білуі анықталды. Бұл ретте, академиктің қызы Ш. Қ. Сәтпаеваның пікірінше, Қолтаңбаның толық емес мәтнінде де Кенесары қозғалысының сол уақытқа дейін түсініксіз бірқатар тараптары туралы "көптеген нақты мәліметтер" қамтылған.

Ол А. В. Затаевичтің 1926-1927 жылдары қазақтың көне әуендерін жазуға көмектесу туралы өтінішіне ықыласпен жауап беріп, оған Домбырада өзінің сүйемелдеуімен 25 бірегей ән шырқады және "500 қазақ әндері мен күйлері" басылымында көп көмектесіп, осы туындылардың туу тарихы мен үздік орындаушылары туралы құнды мәліметтер берді.

"Ер Едіге" эпосының бірінші нұсқасын орыс тілінде Ш. Уәлиханов, екінші нұсқасын орыс филологы П. М. Мелиоранский қазақ тілінде жазғаны белгілі. Қ. И. Сәтбаев Томск университетінің кітапханасында ұсынылған осы мәтіндерді зерттеп, оларды верификациялап, эпос мәтінінің жаңа редакциясын дайындады. "Ер Едіге" эпосы 1927 жылы Мәскеуде "КСРО Шығыс халықтары" баспасында автордың аналитикалық жұмысының нәтижесі және Қазақстанның ортағасырлық тарихын зерттеуге қосқан елеулі үлесі болып табылатын Қаныш Имантайұлының авторлық алғысөзімен жарық көрді. А. Бөкейхановтың ұйымдастырушылық көмегі арқасында кітапты айтарлықтай тиражбен – үш мың данамен шығаруға мүмкіндік туды.

30-шы жылдары Қ. Сәтбаев өзінің негізгі геологиялық-іздістіру жұмыстарымен қатар өлке тарихына қызығушылық танытып, ежелгі дәуірдегі металлургия тәжірибесі туралы құнды мәліметтер жинап, жинақтады, жергілікті топонимиканы, тас мүсіндерді, үңгір суреттері мен жазуларын, ежелгі және ортағасырлық жерлеулерді зерттеді. Кейіннен Сәтбаевтың бұл қызметі туралы Ірі тарихшылар мен археологтар А. Марғұлан, Қ. Ақышев, М. Қадырбаев және А. Оразбаев бірлесіп дайындалған кітапта былай дейді: "Орталық Қазақстанды археологиялық зерттеуге академик Қ. И. Сәтбаев көп қатысты, содан кейін "Атбасарцветмет" трестінің бас геологы негізінен геологиялық барлау жұмыстарымен айналыса отырып, Қ. Сәтбаев Ұлытау, Жезқазған және Амангелді аудандарының

археологиясы мен ежелгі металлургиясы мәселелеріне қызығушылық танытты, Ұлытау тауларының маңында, Арғанаты тауларында және Торғайдың жоғарғы ағысында көптеген ескерткіштер ашты, Жетікыз өзеніндегі тас мүсіндерді, Жыланшық өзеніндегі (Сырлы-ана жерде) сәулет ескерткіштерін, үңгір тас мүсіндерін зерттеді. Геологтың өткенді білуге деген құштарлығы сол кездің өзінде-ақ тарих ғылымына пайда әкеле бастады. Сонымен, ол 1936 жылы Алтын Шоқы тауының баурайынан тапқан, қызықты жазулары бар тақтайша шығыстану ғылымында сенсация тудырды. Қ. Сәтбаевтың хабарламасынан кейін Ленинград Эрмитажының директоры академик И. Орбелидің өтініші бойынша плита шұғыл түрде Нева жағалауына жеткізілді, содан кейін ол басқаратын мұражай мекемесінде қойылды. Қиындықсыз емес, бірақ көп ұзамай мамандар жазулардың құпиясын шеше алды. Белгілі болғандай, олар 1391 жылы Дешті Қыпшаққа жорық кезінде Тимурдың бұйрығымен ойып жазылған және былай делінген: "қой жылы 793 Тимур Токтамыс ханға жорыққа Токмак еліне келді. Бұл жерде екеуі де тұрғызылды. Иә, барлық адамдар мені дұғамен еске алады " [3]. Осылайша археология, тарих ғылымдары үшін де үлкен еңбек атқарды.

Қаныш Сәтбаев "Доисторические памятники в Джезказганском районе" мақаласында: "Жезказған ауданында, Сарысу өзенінің төменгі ағысында, одан шығысқа қарай 20 км жерде, Тангбалыңұр шатқалының Тасбұлақ кілтінде жартастар бар, оның тасына қазақ халқының құрамына кіретін барлық дерлік рулар мен тайпалардың рулық белгілері (таңбалары) ойылған. Халық дәстүрі бойынша, дәл осы жерде Тасбұлақ кілтінде "қазақ" жаңа ұлтын ұйымдастыру туралы алғашқы рулық кеңес өтті, оның шешімі кеңеске қатысқан барлық тайпалардың рулық белгілерімен жартаста жазылған сияқты. Қазақ даласының жаңа тұрғындарының негізгі тірегі оңтүстіктен, яғни Моғол тегінен шыққандығы осы аңыздың белгілі бір тарихи дұрыстығын айғақтайды.

Ұлытаудан батысқа қарай 30 км жерде, Сорелі және Жетікыз өзендерінің аңғарының бай жайылымдарының үстінде орналасқан Алтыншоқы тауының басында кірпіштен және беттері жылтыратылған әдемі амфиболитті плиталардан тұратын ежелгі құрылыстың қирандылары бар. Қирандылардың жанында, таудың баурайынан сәл төмен, сол қараңғы амфиболиттен жасалған тас тақта орнатылған, оған араб тілінде 10 жолдан тұратын хат жазылған. "Қазақ" ұлтын құрайтын жекелеген тайпалар арасында мұсылмандық XI ғасырдан бастап тарала бастағаны белгілі, бірақ бұл жағдайда біздің алдымызда кейінгі уақыттағы хат болуы мүмкін. Темірдің сарай тарихшысы Шерафуддин Язди құрастырған 1391 жылғы Темірдің Алтын Ордаға жасаған әйгілі жорығының сипаттамасында, Темір өз әскерімен 1391 жылы 2 сәуірде Сарыөзен (Сарысу) өзені арқылы өтіп, сол жылдың 28 сәуірінде Ұлытау жерінде бірнеше күн лагерьде тұрғаны көрсетілген. Язидің айтуынша, Темір "Ұлытау тауларының басына шығып, бір шетінен екінші шетіне дейін әдемі даланың көріністерін ұзақ уақыт бойы тамашалады". Темір мұнда бір күн болды және "әскерлерге тастарды әкелуді бұйырды және мұнда үлкен пирамида тұрғызды, онда шеберлер осы оқиғаның күнін ойып жазды, осылайша бұл ұзақ ескерткіш оны ұзақ жылдар бойы есте сақтай алады". Осылайша, құрылымның қирандылары мен тастағы жазба 1391 жылдан басталады және Тимурдың Дешті Қыпшаққа жасаған әйгілі жорығының дәлелі болып табылады, бұл өздеріңіз білетіндей, Тимурдың Алтын Орда иеліктерін толығымен талқандауына әкелді", деп археологиялық құнды деректер туралы жазған. Еңбектерінің басым бөлігі геология және пайдалы қазбалар туралы [4; 80]. Ғалымның мақалалары тек геология немесе жаратылыстану ғылымдары саласында ғана емес, сонымен қатар тарих алаңдарында да жазылып тұрды. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғылыми мұрасы 800-ден астам ғылыми еңбектері бар, олардың ішінде Қазақстанның ежелгі тарихына тікелей арналған бірқатар жарияланымдарды ерекше атап өткен жөн.

Академиктің көзі тірісінде белгілі кеңестік ғалым-археолог С. С. Черников 1950 жылы "ҚазКСР ҒА Известия" журналында жарияланған "Қазақстанды археологиялық зерттеудің негізгі мәселелері" атты мақаласында Қ. И. Сәтбаевтың Қазақстанның археологиялық ғылымының бастауында тұрған ғалым ретіндегі шешуші рөлін атап өтті: "Жезқазғанның ежелгі қазбалары бойынша құнды мәліметтер жинаған және оны құрастырған Қ. И. Сәтбаев қазақтың алғашқы археологы болып саналуы тиіс. Ауданның археологиялық ескерткіштерінің қысқаша мазмұны " [қит. по: Бейсенов және басқалар, 2017, б.17] Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болған және 1966 жылы Қ. И. Сәтбаев қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай жарық көрген "Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті" іргелі басылымында авторлар-белгілі қазақстандық археологтар - "Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті, Орталық Қазақстанның зерттеушісі, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың жарқын естелігіне осы еңбек арналады" эпиграфын орналастырды [Марғұлан және басқалар, 1966, Б.3]. Бұл Қ.И. Сәтбаевтың қазақстандық археологияның қалыптасуы мен дамуына қосқан жеке үлесі үшін терең ризашылығының белгісі [5; 90].

Корытындылай келе, 2024 жылы Қаныш Сәтбаевтың дүниеге келгеніне 125 жыл. "Халыққа пайдалы болу, білімге ұмтылу" – бұл ұран Қаныш Сәтбаевтың өмір жолының сипаттамы сияқты. Жезқазған мен марганец мыс қорларын әлемге ашқан қазақстандық жер қойнауының геологиялық құрылымы туралы егжей-тегжейлі баяндаған тұңғыш геолог-қазақ. Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті және отандық ғылымның өркендеуіне қамқорлық жасаған, оған ғылыми кадрларды өсірген көрнекті ғалым, жастардың дана тәлімгері және – жай ғана мейірімді, жанашыр адам – біздің жерлесіміз ұрпақтарының жадында осылай қалады. Тарихшылық қыры да түрлі экспедицияларға қатысып, тарихи мақалалар жазуында көрінеді. Ұлытауға іс сапар кезінде табылған Әмір Темір кезеңіне жатқызылатын тастағы жазу археологиялық және тарихи маңызы бар. Жезқазғанда жұмыс жасап жүріп, тек геология саласында ғана емес ғылымға оның ішінде тарих, археология саласын зерттеуде үлкен үлесін қосты. Өзі көзбен көрген, зерттеген археологиялық ескерткіштер туралы да мақалалары жарық көрген. Сонымен қатар, Кенесары хан және Едіге батыр туралы да еңбектері тарихи маңыздылыққа ие.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сембаев А. Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев // Халық мұғалімі. – Алматы: Қазақтың біріккен мемлекет баспасы, 1949. №5, 7-10 б.
2. Ермекбай, Ж. А. Академик Қаныш Имантаевич Сатпаев: штрихи к портрету // Вестник Томского государственного университета, 2019. № 447, С. 139-146.
3. Габдулина А.Ж. История Казахстана в исследованиях Қаныша Сатпаева // Материалы Международной научно теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежь, наука, технологии - новые идеи и перспективы», 2020. <https://kazatu.edu.kz/assets/i/science/sf16-gumanitar-203.pdf>
4. К. Сатпаева Доисторические памятники в Джекказганском районе // Народное хозяйство Казахстана, 1941. №1, С. 80-87.
5. М.В. Бедельбаева Вклад К.И. Сатпаева в становление археологической науки Казахстана // Археология Казахстана, 2019. № 2 (4), С. 89-101.

УДК 001

ТҰРАҚТЫ ЖАРЫҒЫН КӨПКЕ ШАШҚАН ЖҮЛДЫЗ

Назарова М.Ғ., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

Ермалақ К., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қай жазушы болмасын, ең алдымен өз дәуірінің, өзі туып-өскен жерінің перзенті. Оның жазып шығарған шығармасы сол кездің өзіндік шындығы болып табылады. Елінің мәдени, рухани өмірінің болмысын сол заманның уақыт өлшемімен бағалайды, суреттейді. Осындай өзінің халқы үшін аянбай тер төккен ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жайында академик Е.А.Бөкетовте өзінің біршама шығармаларын жазған еді. Солардың бірі-«Жас Қаныш» деп аталатын екі тараудан тұратын кітабын жазып шығарған еді. Жалпы бұл жазбада Қаныш Имантайұлының дүниеге келген сәтінен бастап, еңбек жолындағы бейнесі де айқын суреттелген.

Қаныш ағамыз Жәдігер тайпасының Қаржас аталығынан тарайтын Сәтбай деген ауылда, 1899 жылы, яғни доңыз жылында наурыздың 31-жұлдызында туған. Бұл деректі Имантай қария өзінің құран кітабына жазған екен. Әкесі Имантайдың тікелей өзі қоймаса да, тап сол кісінің ақылымен атқа мінеріне Габдұл-Ғани деп азан шақырып ат қойылған. Себебі, ақсақал өте ақылды да зерек, оқығаны мол мұсылманның бірі еді. Араб есімдерін мұсылмандық парызын қаза қылмайтын әулеттер балаларына, немерелеріне міндетті түрде беретін. Сол себептен әкесінің ізгі тілегі баласына «дәулетті құдайдың құлы» деген есім берген екен. Қазақ халқы ежелден өте балажан ел ғой. Балаларына мінез-құлқына қарай әртүрлі еркелету есімдерін қойған. Мысалы, Зере анамыз Абай ағамызға аяғын абайлап бассын, жүрген жерінде біреудің ала-жібін аттамасын деген ниетпен «Абай» деп еркелетіп есімін

қойған-ды. Осы секілді Имантай ақсақалдың кенже ұлы Ғабдул-Ғани да «Қаныш» аталып кетті. Бұл есім әуелгі Ғани есімінен келіп шыққанын біреу білсе, біреу білмейтін еді.¹

Бала Қаныш бөтен-бастақ мінезі жоқ, момын, мейрімді, зерек бала болған. Бұл жайында немере ағасы Әкімтай ақсақал да, журналистін Қаныш-атаның балалық шағы туралы не айта аласыз деген сұрағына бар айтқаны: «Қанышты бір білсе, нақ мен білетін шығар деп отырсың ғой. Оның рас. Біз Сәтбай атамыздан тараймыз, екеуміздің әкелеріміз Жәмін мен Имантай бір үйдің балалары. Інімді мақтан тұтамын, артықша жақсы көремін. Бірақ сондағы бала Қаныштың мынадай дана Қаныш болып шығатынын сол кезде білсем ғой, басқан ізін, аузынан шыққан сөзін аңдып, жадыма тоқи бермейтін бе едім. Есімде қалғаны сол, Қаныш ақылды, ұстамды, зерек бала болып өсті. Одан басқа ештеңе есімде жоқ», -деп жауап беріпті. Балалық шағы жайында тек осы деректер бар.

Қаныш атамыздың ежелгі ғұрып бойынша екінші анасы да бар. Ол әрине кіндік шешесі-Күлжан апай. Кіндік шешенің рөлі бала үшін де, баланың әке-шешесі үшін де тіпті бөлек. Кіндік бала өсе келе мінез құлқы жағынан кіндік шешеге ұқсас болады деген ұғым бұрыннан болған. Кіндік шеше де кіндік баласын, немесе кіндік қызын өз перзенттерінен кем көрмеген. Ал Күлжан апай кіндік баласы Қаныш үшін екінші анасы бола алды. Өйткені, Қаныш туғанда анасы Әлиманың өкпе ауруы бұрынғыдан да асқынып, баланы соның алдында өзі де жас нәрестелі болған Күлжан апай өзі емізіп асыраған. Кейін, арада сан жылдар өткен соң, сол бала Қаныш атақты академик ақсақал болған шағында өзі асыраған кішкентай кемпірдің қасына жантая кетіп, балаша еркелеп: «Ал, апа, балаң сақтаған нең бар, әкел кәне!» деп қалжындап отырған екен. Негізінен Имантай қария екі әйел алған. Бәйбішесі-Нұрым, тоқалы-Әлима апаларымыз. Бірақ, бір таңқаларлығы, олардың ара-қатынасы бәйбіше-тоқал емес, апалы-сіңілі бір үйдің қыздарындай бір жақындық, татулық сезіммен жарасыпты. Бәйбішесі Нұрым бір қыз тауып берді, одан кейін бала болмаған соң немере інісі Әбсаламды өзінің бауырына басып, оны үйлендіріп, жеке отау қылып бөлек шығарған. Өзінің қанынан шыққан ұлы болмаған соң, Әлима анамызды тоқалдыққа алыпты. Баласы Қаныш екі жасқа толар-толмас шағында анасы дүние салды да, екі ұл Нұрым бәйбішенің қолында қалды. Ол кісі де тас емшегі иігендей, бар жылулығын ұлдарынан аямапты [1].

Кенже балалары Қаныштың қабілет-зейіні өзгеше екенін басқалардың бұрын байқаған ата-анасы көздерінің қарашығындай кенжетайларының елдің көзіне тым ерте ілігіп жүргенінен қатты қорқып, оны көп жағдайда тежеп отырған. Әкесі мен апасы Нұрым өте ырымшыл еді. Олар Қаныштың есейгенінен қорқып, үрейленіпті. Дегенмен, кішкентай зерек Қаныштың қағаз-қалам ұстап, кітап оқитын уақыты да таяп қалған. Қаныштың әкесі ешқашан жан баласына кенже ұлына деген сенімін айтпайды. Ол ұлының қанша оқимын десе де, жалықпайтынын бәрінен жақсы білетін еді. Қанышқа оқу еш қиындық тудырмаған секілді. Себебі, үш айда әліппедегі барлық әріптерді меңгеріпті. Жастайынан өзінің даналығымен көзге түскен Қаныш Имантайұлының, кіндік қаны тамған еліне деген сүйіспеншілігі, үлкен еңбек жолы, әртүрлі ғылыми еңбектері осы кезден бастау алған еді.

Ұлы ғалымның шәкірттік жылдары зу етіп жүріп жаттыпты. Қаныш қоңыр күз бен аязды қысты Семей қаласында өткізіп келіп, жазғытұрым кезінде көбінесе жайлауда болады екен. Соғыс кезі ауыл халқы мен қала халқын да әбден әбігерге салып, барынша қажытқан. Дүние дегеннің бәрі қымбат болыпты. Семинария айына он бес сомнан шәкіртақы төлепті. Сондай қиын сәтте Қанышқа көмек ретінде ауылдан ет, май, азын-аулақ ақша да салып жіберіп тұрған екен. Бірге тұрған қасындағы шәкірттермен бірге бір үйдің баласындай өмір сүріпті. Бірақ та, ондайға үйренбеген білім алушылар демалыс кезінде үйлеріне асығып отырған көрінеді. Қасындағы Мұхтарға үйіне жету тез болатын себебі, туған жеріне жету үшін бір күн ғана керек еді. Ал, Қаныш Имантайұлы ауылындағы жайлауына жеті-сегіз күнді өткеріп барып жететін. Сондықтан, оқудан босай салған күні әкесіне алдын ала хабарласып отырған. Жас ғалымның әр жылы, оқудан келген сайын өзі парызы ретінде санап құлшыныспен орындайтын бір рәсімі- өздерімен көрші отырған, Арқаның атақты әншісі, сазгері Жаяу Мұсаға арнайы барып сәлем беруі дәстүрге айналған. Сол кездесуге Қаныш қана емес, қарт сазгердің өзі де балаша құштар болған. Келу күнінен кешіге бастаса, Имантайдың кенже баласы келіп пе екен, зерек бала еді, оқудан ауырып қалмады ма екен?-деп сұрау салып, жан-жағынан іздеп отырған. Шыдамы таусыла қалса, Далбадан өзі-ақ іздеп келетін болған. Сол рәсімді Қаныш 1916 жылы да бұзбаған. Шаңырағында бірер апта болып тыныққан соң әншінің қыстауына өзі арнайы аттанады. Жаяу Мұсаның бұл сексенге қараған шағы, көп айдайтын малы болмаған соң жайлауға бұрын да келмейтін, ал қазір мүлдем біржола тыйылған.

Сөйтіп жүріп он сегіз жасқа толған семинария шәкірті Қаныш Сәтбаев көктемде кенеттен қатты сырқатанып қалып, ауруханаға тап болады. Жазғы емтиханға да сырқат шәкірт сонда жатып дайындалады. Бірақ та, ұстаздар бір-бірімен кеңесіп оның үш жыл бойы үздік оқыған шәкірт екенін

ескеріп, төртінші басқышқа сынақсыз көшіруге шешім қабылдайды. Бұл жағдай қатты жүдеген шәкірттің ауылына жетіп, емделуіне себеп болған еді. Бірақ, көктемгі сырқаттың негізгі шынайы сыры күзде мәлім болады. Сонда да, оқуының аяқталуын көксеп, қалаға қайтып оралған шәкірт семинария кезінде, емханада өте ауыр халде, қан түкіріп бір айдан аса уақыт жатады. Ақыры қан тоқтайды. Науқасты қараған білікті дәрігер С.Н.Разумов Қаныш Сәтбаевтың дерті өкпе туберкулезінің ашық түрі екенін, тез арада қаладан кетуі керек екендігін, өміріне қауіп төніп тұрғанын қатаң түрде ескертеді. Оқуға құштар Қаныш, қаланың сол күндегі шуына да қызыққан жас үшін бұл ауыр жазамен тең еді. Сөйтіп ауылына қайтуға тура келеді. Сол қыста Қаныш екі түрлі шаруамен шұғалданады: біріншісі-Семейден ала келген оқулықтарын оқи жүріп, төртінші басқыштың сабақтарын дайындайды; екіншісі-екі ауылдың жасөспірім балаларына әріп үйретіп, өз бетінше сабақ береді [2].

Қаныш атамыз көп ауырып жата қойған жоқ, денсаулығы жақсарған бойда, бүкілхалықтық дау туғызған ауқымды іске қолынан келгенше көмегін тигізуді ойлады. Осы жайында бізге белгілі дерек: бір жарым жылдай уақыт өз ауылында сырқатымен жатқанда ол институттағы оқуына дайындықпен қоса А.П.Киселевтің бәріне мәлім кітабы негізінде қазақша «Алгебра» оқулығын жазуға кіріскен болатын. Анығырақ айтқанда, бұрын бастап жасаған жұмысын әрі қарай дамытып, үлкен еңбек жазып шығарды. Жазу кезінде пәннің өз жүйесі мен әдістеу тәсілдерінің қиыншылығының үстіне керекті терминдер табылып отыруы да ауыр жұмыс болды. Себебі, қазақ тілінде бұрын сонды ондай кітап болмаған еді. Қай пән болсын, әсіресе есеп пәндерінде әрбір ұғымның жобасы мен атын әрі ықшам, әрі дәл түрінде тауып отыру- аса керекті және ауыр іс. Кітап ішіне кірген пән сөздерінің бәрі де Орынбордағы Білім кеңесінің талқысына салынып, сыннан өтіп отырған. Сөйтсе де, мұндағы алынған терминдердің бәрі де тиісті ұғымдарға үйлес келеді деп кесіп айтуға болмайды. Әр мұғалім өз түйсігінше, көбінесе орыс тіліндегі оқулықты басшылыққа алып оны аударып түсіндіретін. Есеп терминдері дұрыс қалыптаспағандықтан, әркім өзінше қисындастыратын. Нақ осы жайт, ауылдық жерлерде ауқымды мәселе болғандықтан, «Алғашқы қазақша алгебраның» дүниеге келуіне түрткі болған. Бұл кітап қарапайым, түсінуге оңай тілмен жазылған. Есептері мен мысалдарының көбі қазақ халқының тұрмысынан алынған. Бірақ та, кітапты жарыққа шығару беймәлім себептермен кешіге берген. Бұл кешігуге Центриздат пен Казиздат арасындағы түсініспеушіліктер салдары себеп болды. Автор ретінде Қаныш Имантайұлы бұған қатты алаңдаушылық білдіріп, бұл баспаларға бірнеше мәрте хат жолдағанымен, ешқандай нәтиже шыға қоймайды. Біртіндеп кеңестер одағына бірыңғай, ортақ оқу бағдарламалары мен аударма оқулықтарға көшу басталып кетеді де, ғалымның «Алгебра» оқулығын басып шығару ісі аяқсыз қалады [3].

Бұл оқулық жалпы сапасы жағынан төмен немесе мектепке жарамсыз болғандықтан емес, жоғарыда баяндалған жағдайларға байланысты жарық көрмей, қолжазба күйінде қалып қойған. Ол өз заманы үшін ғана емес, қазіргі заман үшін де өз маңызын жойған жоқ деп сеніммен айтуға болады. Енді ғалымдар мен мамандардың аталмыш оқулыққа берген негізгі ерекшелігі мен маңызы мыналар:

1) Бұл кітап сол кезең үшін, осы заман үшін де ең керемет болып есептелетін оқулықтардан мазмұн жағынан да, сапа жағынан да Қаныш Имантайұлының дайындаған түпнұсқасы деңгей жағынан төмен емес деп, бүгінгі ғалымдар бағалап отыр. Бұл кітап тек орыс тілінде жазылған кітаптардан аударылған жоқ, сонымен қоса Батыс елдері профессорларының оқулықтарының пайдалы жақтары таңдалып алынған.

2) Оны қазақ білім алушыларына барынша түсінікті болу жағының ескеріліп, көңілге қонымды ана тіліміздегі математика терминдерінің берілу тұрғысынан ерекше бағалауымыз керек. Бұл терминдердің көбірек қазақша атаулары осы кітапта нақты берілген. Және қазіргі таңда көп терминдер сол орыс атауында қалып қойған, соны ғалымдар осы қазақша терминдерге ауыстыру жайында сөз қозғаған болатын. Мысалы, прогрессия-дәуірлеу, квадрат теңдеу-шаршылық теңдеу, куб түбір-текше түбір, деген секілді осындай атауларды қайтару менің ойымша дұрыс болады.

3) Кітаптың тілі дәл және түсінікті, аса жатық және де бұл кітап негізінен қазақ баласының ұғымына лайықталып жазылған.

4) Оқулық мазмұн жағынан, қазақ өмірі мен мәдениеті жағынан, қазақ балаларының ой-өрісін кеңейту мақсатында жазылған. Және де, бұл жинақ білімділік, тәрбиелік, дамытушылық сипаты күшті материалдар болып табылады.

5) Кітап мұғалімдердің теориялық және әдістемелік дайындығын көтеру мақсатында пайдасы өте зор.

6) Осы жинақта бастауыш сыныптан бастап, жоғары сыныптардың барлық материалдары түбегейлі қамтылған.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қазақ халқы үшін аянбай еңбектенді. Осы өз еліне деген сүйіспеншілігі, махаббаты оны ұлы істерге итермеледі. Халқымыздың тарихына көз салсақ, ғылым үшін туылғанын ерекше істерімен көрсетіп кеткен екі ұлы ғалымдарды атап айтсақ, бірі-Шоқан Уәлиханов, екіншісі Қаныш Сәтбаев. Отыз жасында дегеніне жете алмай, қараңғы өмірдің құрсауынан аса алмай дүниеден өткен Шоқан ағамыз халқымыздың ғылымға, ойдағыдай жағдай туатын болса, айтарлықтай үлес қоса алатынын дәлелдеген. Сол аңсаған жағдай туған кезде өмір сүрген Қаныш халқымыздың жер-дүниелік ғылымға көзге түсерліктей үлес қоса бастағанын көрсетіп кетті. Осы тұста халық үшін жасаған ерең еңбегін, болашақ ғалымның дер кезінде жеткендегі жүйріктігі мен қайратын, талабы мен шығармашылығын, шабытын алдын-ала бағалау үшін Қаныш ағамыз өзі үлкен ғалым болуы керек болды. Қазақтың тұңғыш академигі Қаныш Сәтбаев кіммен болса да қатар салыстыратын үлкен ғалым еді. Әйткенмен, осындай ұлы тұлғаның ғылымға қосқан үлесінің сыртқы бейнесімен таныстырмай кетуге болмайды.

Негізінен табиғатта даралық пен егіз ұғымы сирек кездеседі. Алтын бар жерде күміс те бар. Мыс бар жерде қорғасын қатар жүреді. Ал түсті металдар сирек металдармен бірге болады. Сондықтан академик өз елінің Ұлытау, Жезқазған деп аталатын өлкелерінде бақылау, барлау жұмыстарын ұйымдастыру мақсатын қойған кезде, жалғыз мыс іздеу емес, сонымен қоса сол өлкенің бар байлығын ашып беру болатын. Алып тұлға, зерттейін деп отырған өлкенің жер қыртысының тек мысты жасырып жатпағанын сезген еді.

Сондықтан да бұл елдің кен байлықтарын ұлы ғалым кешенді түрде зерттеген. Бұл жасаған ісі тек өзінің қолынан келетін еді. Ал мамандар, бұрыннан тек бір қазба байлықты табамын деп басқа байлықтан құр қалып жататын. Қазір біздің киелі жерде барлық пайдалы қазба түрлері бар. Осы еңбек жолында он бес жыл Жезқазған жерін зерттеген кезде кеннің ерекше түрі- су кенін табуға қызыққан екен. Сөйтіп, қазір біз қолданып жүрген артезиан суларын барлап табуға үлкен қолғабыс тигізген осы Қаныш ағамыз.

Қорытындылай келе, Қаныш ағамыз ғылымымыздың аспанында ағып өте шықпай, үлкен тұрақты жарығын, жылуын көпке шашқан жұлдызға айналды. Және бұл үлкен жұлдыздың жанына кіші жұлдыздар шоғарланды. Мысалы, ғылымымыздың қазіргі жетістіктерін сол ғылымды дамытушы адамдар арқылы суреттейтін болсақ, Қаныш ағамызды үлкен құс жолы ретінде алатын едік. Және кішкентай жұлдыздар мейлінше көбейе түссе, соғұрлым жарқырай түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бөкетов Е.А. «Шығармалар жинағы» 5 том, екінші кітап. – Қарағанды. – 2007.
2. Қалиева С. «Әлемдік педагогикалық ой-сана» 10 том. – Алматы. – 2010.
3. Қаныш Сәтбаев «Алгебра» оқулығы Том қаласы, 1924 жыл. – Астана. – 2009.

УДК 001

ҚАНЫШ АТА –ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Назарова М.Ғ., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

Есімі мемлекет тарихында алтын әріппен жазылған Ұлттың ұлы перзенті, ЮНЕСКО деңгейінде 100-жылдығы тойланған Қазақ Елінің бетке ұстар аса көрнекті ғұлама-ғалымы, алғашқы академигі, Қазақстан ғылым академиясының негізін қалаушы әрі тұңғыш президенті, ірі мемлекет және қоғам қайраткері Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туған күні барша қазақстандықтарға құтты болсын!

Қ.И.Сәтбаев –тұңғыш кәсіби тау-кен инженері, ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті, Қазақстандағы алғашқы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, алгебрадан мектеп оқулығының алғашқы құрастырушысы, еліміздегі ғылымның негізін салушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері. Сондықтан да ұлы ғалымның есімі қазақ халқының тарихында алтын әріппен жазылған.

Қазақ елінің маңдайына біткен шоқ жұлдызы елінің, Баянауыл халқының да атын әлемге мәшһүр еткен. Ұлы ғұламаның артында қалған мол мұрасы ғылымдағы сара жолы ұрпақ үшін асыл

казына. Қаныш атамыздың жарқын бейнесі мәңгі есте қалады. Өйткені, Қаныш атамыз ғасырда бір туатын тұлға.

Қаныш атамыздың бар болмысы, жан талабы, арман-мақсаты, азаматтың құштарлығы, ғылыми арманы – барлық халықтың өркениетті өмірге жету жолына арналды. Дархан мінезімен ұлтына деген сүйіспеншілігінің арқасында ол дүниежүзілік деңгейдегі ғалымдар қатарына қосылып қазақ елінің маңдайына біткен шоқ жұлдыздарының біріне айналды.

Академик Қаныш Сәтбаев – халқының ұлы баласы, кемеңгер ғалым, белгілі инженер. Қанекенің өмірлік жолы өз елін жақсы көрудің және ынтамен беріліп қызмет етудің үлгісі болды. Тарихта есімін бір ғана ұрпақ емес, бірнеше буын өз тұтып, аңыз-әфсанаға айналдырып, көтеріп кетіп отыратын жекелеген тұлғалар болады. Қаныш Сәтбаев есімі солардың қатарында. Қазақтың, Қазақстанның ғылымы десек көз алдымызға Қаныш атаның бейнесі, Қаныш десек ғылымымыздың жағдайы келетіні де содан. Қазақстан ғылымы ұлықталатын күннің қазақтың алғашқы кәсіби тау-кен инженері-геологының, елдегі Ғылым академиясының негізін қалап, тұңғыш президенті болып сайланған ірі ғалым.

Қаныш атамызды тұлға болуына «Би ата» дейтін туыстар – әкесі Имантай Сәтбаевтың ықпалы көп болған себебі. Ш.Уәлихановтың әкесі Шыңғыспен жақсы сыйластықта болған. Ата-анасы, туған ағасы Ғабдулғазиз, немере ағасы Әбікей Зейінұлы, Әбдікәрім Жәмінұлы, бәрінің әсері болғандығы. Жолдастарына, достарына жаны елжіреген мейірімділігі мен қамқорлығы, жан жүрегінің тазалығы, айналасындағылардан өзін ешқашан бөлектеп жоғары ұстамайтындығы, мейлінше қарапайымдылығы, биязы сыпайыгершілігі кім-кімгеде үлгі-өнеге болатындай.

Бүгін өзіміз рухына тәу етіп отырған Қаныш аға тақыр жерде өспеген, құнарлы топырақта, қасиетті иманды ортада өнген Қаныш ағаның мемлекеттік дәрежеде кемеңгерлікпен осыдан жарты ғасыр 1948 жылы Қазақстан астанасын Ақмола қаласына көшіруге кеңес берген де Қаныш ата болатын.

Ой-өрісі кең, ғылымның көптеген саласында энциклопедиялық білімі бар, ғылыми қызметті шебер ұйымдастырушы және алдыңғы қатарлы кадрларды тарта білетін адам ретінде Қ.Сәтбаевтың ұлылығы алдымен еліміздің интеллектуалды, ғылыми дамуына бағыт беруінде, қазақстандық қоғамды ағартушылықтан интеллектуалды ғылыми және кәсіби деңгейге көтеруде. Қ.Сәтбаев басшылығымен жасалған қадамдар халқымыздың, жастарымыз бен еліміздің бүгінгі инновациялық және ғылыми әлеуетінің іргетасын қалады.

Академик Қаныш Сәтбаевтың басшылығымен кен байлығы бар қазбалардың металлогендік болжау картасы жасалынып қана қоймай, сол арқылы осы күнге дейін пайдалы қазбаның жаңа көздері ашылып отыр. Шынында да соңына мәңгі өшпес бай қазына, баға жетпес мол мұра (руханият саласында да) қалдырған ғұламаны - жүз жылда емес, мың жылда біртуар ұлы тұлғалар қатарына жатқызуға болады, яғни туған топырағымен қайта қауышқан әлемнің «екінші ұстазы» Әбу Насыр әл-Фараби мен жаһандық ауқымдағы ұлы ойшыл, дара да дана Абайдың жалғастары болып табылатын тарихи тұлға. «Сүйер ұлын болса, сен сүй, Сүйінерге жарар ол» - деп Абай айтпақшы, осы сөздердің деңгейінен толық шыққан тұлға болса, ол Қаныш Сәтбаев деп айтуымыз керек. Әлемдегі қазақ ұлтынан Қаныш Сәтбаевтың есімі шағын планетаға берілгендігі өз алдына бір бөлек, Қазақстан елді мекендерінде көтерілген еңселі ескерткіштер саны бойынша да ұлы Абайдан кейін Қаныш екінші орында тұр. Шынында да 25 ескерткіш пен мемориалдық тақталардың орнатылуы халқының сүйікті ұлына деген сүйіспеншілігінің белгісі деп білуіміз керек.

Бүгінде оның еліміздің дамуына үлкен серпін бергені туралы ойлана бермейміз. Алайда өткен ғасырдың отызыншы жылдары Қазақстан сауатты және ағартушылық қоғам болғанымен, кез келген кәсіби инженер кадрларды Ресей немесе Өзбекстан даярлап, ғылыммен Қазақстанға келген мәскеулік немесе ленинградтық ғалымдар ғана айналысты.

Ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаев тек ғылым мен өндіріске ғана емес, Қазақ Елінің даму жолында руханият саласына аянбай атсалысқан тұлға.

Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан елі мен халқының алдындағы басты еңбегі – геологиялық зерттеулердің дамуына қосқан зор үлесі. Оның тікелей басшылығымен елімізде ірі мыс және марганец кендерін өндіру жұмыстары басталғаны белгілі. Алайда ең бастысы – Қазақстанның аграрлы-ағартушылықтан сапалы индустриалды-ғылыми интеллектуалды елге айналуына ғалымның қосқан рөлі. Академик Қаныш Сәтбаевтың баға жетпес үлесі – ғылыми мәдениет пен ғылымда методологиялық әдістерді орнатуы. Бұлар – Қазақстанның ғылыми қызметкерлерінің қазіргі буыны мен ғылымға қызығатын жастар үшін жүйеленген зерттеу жұмысының үлгісі іспеттес.

Заңғар тұлға Қ.Сәтбаев Қазақстандағы ғылым мен индустрияның дамуына үлкен үлес қосты. Оның басшылығымен ғалымдар өндіріске үлкен практикалық көмек көрсетті. Ол Ғылым

академиясын басқарып тұрғанда ядролық физика, математика және механика, гидрогеология және гидрофизика, мұнай және табиғи тұздар химиясы, химия-металлургия, тау-кен-металлургия, ихтиология және балық шаруашылығы, эксперименттік биология, экономика, философия және құқық, әдебиет және өнер, тіл білімі академиялық институттары ашылды.

Қаныш Имантайұлы Қазақстандағы металл тегін тану мектебінің негізін қалады.

1950 жылы Қ.Сәтбаевқа геология профессоры ғылыми атағы беріліп, 1958 жылы академик Қаныш Сәтбаев бастаған қазақстандық ғалым-геологтар Орталық Қазақстанның болжамды металлогендік картасын жасағаны үшін Лениндік сыйлыққа ие болды.

Үлкен Жезқазғанның ашылуы адам ерлігімен қатар бүгінде жастар үшін практикалық міндеттерді жүзеге асырудағы кәсіби, ғылыми тәсілдің үлгісі болып табылады. Өркениеттен мыңдаған шақырым қашықтықта орналасқан Қарсақбай кентінде Қ.Сәтбаев ғылыми фактілерді зерттеу мен талдаудың ең үздік құралдарының көмегімен өмірінің соңына дейін дәл әрі жете талдау жасаған.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қазақ халқы үшін аянбай еңбектенді. Осы өз еліне деген сүйіспеншілігі, махаббаты оны ұлы істерге итермеледі. Халқымыздың тарихына көз салсақ, ғылым үшін туылғанын ерекше істерімен көрсетіп кеткен екі ұлы ғалымдарды атап айтсақ, бірі-Шоқан Уәлиханов, екіншісі Қаныш Сәтбаев. Отыз жасында дегеніне жете алмай, қараңғы өмірдің құрсауынан аса алмай дүниеден өткен Шоқан ағамыз халқымыздың ғылымға, ойдағыдай жағдай туатын болса, айтарлықтай үлес қоса алатынын дәлелдеген. Сол аңсаған жағдай туған кезде өмір сүрген Қаныш халқымыздың жер-дүниелік ғылымға көзге түсерліктей үлес қоса бастағанын көрсетіп кетті. Осы тұста халық үшін жасаған ерең еңбегін, болашақ ғалымның дер кезінде жеткендегі жүйріктігі мен қайратын, талабы мен шығармашылығын, шабытын алдын-ала бағалау үшін Қаныш ағамыз өзі үлкен ғалым болуы керек болды. Қазақтың тұңғыш академигі Қаныш Сәтбаев кіммен болса да қатар салыстыратын үлкен ғалым еді. Әйткенмен, осындай ұлы тұлғаның ғылымға қосқан үлесінің сыртқы бейнесімен таныстырмай кетуге болмайды.

Негізінен табиғатта даралық пен егіз ұғымы сирек кездеседі. Алтын бар жерде күміс те бар. Мыс бар жерде қорғасын қатар жүреді. Ал түсті металдар сирек металдармен бірге болады. Сондықтан академик өз елінің Ұлытау, Жезқазған деп аталатын өлкелерінде бақылау, барлау жұмыстарын ұйымдастыру мақсатын қойған кезде, жалғыз мыс іздеу емес, сонымен қоса сол өлкенің бар байлығын ашып беру болатын. Алып тұлға, зерттейін деп отырған өлкенің жер қыртысының тек мысты жасырып жатпағанын сезген еді.

Сондықтан да бұл елдің кен байлықтарын ұлы ғалым кешенді түрде зерттеген. Бұл жасаған ісі тек өзінің қолынан келетін еді. Ал мамандар, бұрыннан тек бір қазба байлықты табамын деп басқа байлықтан құр қалып жататын. Қазір біздің киелі жерде барлық пайдалы қазба түрлері бар.

Осы еңбек жолында он бес жыл Жезқазған жерін зерттеген кезде кеннің ерекше түрі- су кенін табуға қызыққан екен. Сөйтіп, қазір біз қолданып жүрген артезиан суларын барлап табуға үлкен қолғабыс тигізген осы Қаныш ағамыз [1].

Ұлт мақтанышы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың еліміздің дамуына, ұлттың инновациялық санасының – Рухани жаңғырудың – қалыптасуына қосқан үлесі өте зор.

Қаныш ата туыстарға да сондай бауырмалдық танытып, ақыл кеңесін аямаған, жиені, менің әкем Ғинаят Назаров Алматыда тұрғанда, әкесі әскерден хабарсыз кеткенде көп қарайласып көмектескен. Қаныш аға балаларына айтады екен: (қыздары Қаниса апай мен Шамшиябану Сәтбаевтардың аузынан) «Қолдарыңнан келсе – көмектесіңдер, өздеріңе зияны келмейтіндей» – деп. Сол апаларымыздың, қыздары Қаниса апай мен Шамшиябану Сәтбаевалардың ақыл-кеңесін алған едік. Ұрпақ жалғасы дейміз ғой, Қаныш ағамыздың артына тастап кеткен сара жолы дер едім.

Ұлы ғалымның артында қалған мол мұрасы ғылымдағы сара жолы ұрпақ үшін асыл қазына.

Қаныш ағамыздың ұлы бейнесі жақсы істерге бастасын, мәртебелеріңіз арта берсін!

Пайдаланылған әдебиет:

1. Бөкетов Е.А. «Шығармалар жинағы» 5 том, екінші кітап. – Қарағанды. – 2007.

УДК 001

ACADEMICIAN K.I. SATPAYEV: CONTRIBUTION TO THE HUMANITIES AND EDUCATION

Omarova A., Karaganda Buketov University, Karaganda city, Kazakhstan
Harrison S., Karaganda Buketov University, Karaganda city, Kazakhstan

In 2024, Kazakhstan will celebrate the 125th anniversary of the birth of Kanysh Imantaevich Satpayev. He was a renowned geologist, scientific organizer, public figure, and doctor of geological and mineralogical sciences. Additionally, he held a rank of the first president of the Academy of Sciences of the Kazakh Soviet Socialist Republic and made significant contributions to the advancement of science and culture in Kazakhstan [1, 16-23].

Kanysh Satpayev, a 27-year-old Kazakh engineer, was sent to the Atbasar Non-Ferrous Metals Trust as the head of the geology department after graduating from the Tomsk Polytechnic Institute. The trust was located in the village of Karsakpay, which was 430 kilometers from the nearest railway station. There were no roads, so it was only possible to get to Karsakpay by camel [2, 4]. Life in the steppe was difficult, but Satpayev and his family were provided with a house, not just a barracks. Satpayev began intensive mining activities. Later, he made a shocking discovery: Zhezkazgan, located in Kazakhstan, was one of the richest copper provinces in the world, surpassing most American provinces. Satpayev believed that the Karsakpay plant could not handle the volume of ore extracted in Zhezkazgan and advocated for the construction of a reservoir and railway to include the region in the Soviet Union's five-year economic plan [3, 67]. However, fellow geologists thought that the calculations of Satpayev were overstated and his scientific conclusions were considered fantasies. Satpayev set out to prove himself and in 1928, him and his team started the furnace, and a month later, the first copper from Zhezkazgan was obtained. Four years later, the All-Union Commission on Mineral Reserves recognized the Zhezkazgan subsoil as a treasure, and it was protected by a state act. The deposit was named the richest and most promising copper mining region in the Soviet Union. Satpayev named the deposit Bolshoy Zhezkazgan (Big Zhezkazgan) which now no one could deny [1, 35-40].

During the international scientific conference titled “Руханияттағы ғұлама ғалымның рөлі (The Role of Humanities in Science Development)”, special attention will be paid to his significant contributions in the field of humanities. One of the most significant aspects of K.I. Satpayev's work was his emphasis on education in Kazakhstan. He recognized the importance of quality education for the future of the country and actively contributed to the creation and improvement of curricula for schools in Kazakhstan. As a result, children gained access to excellent education, laying the groundwork for the country's scientific potential.

K.I. Satpayev played a significant role in establishing higher education in Kazakhstan, serving as one of the pioneers in establishing several leading institutions that have since become scientific hubs in the country. Under his leadership, training programs were developed to produce professionals who meet international standards and the needs of the Kazakh economy. Examples of his influence on education and science include:

- Satpayev was actively involved in the creation and modernization of curriculum for Kazakh schools to improve the quality of education. This involved introducing new subjects, updating textbooks, and teaching methods.

- Satpayev was a key figure in the formation of several leading educational institutions in Kazakhstan, which became centers for scientific research and learning. An example of this contribution is the establishment and development of Kazakh National University, which has been a catalyst for scientific and cultural growth in the country.

- Satpayev paid great attention to International Standards of Education. Under Satpayev's leadership, training programs were developed that met international standards. This not only helped improve the level of education in Kazakhstan but also contributed to the country's integration into the global educational community.

- Satpayev inspired the creation of many Scientific Centers and Research Institutes. Thanks to Satpayev's efforts, scientific centers and research institutes were established and supported in various fields, including geology, ecology, and technical sciences. These institutions have become the basis for further scientific development in the country [4].

As a talented organizer and promoter of science, Satpayev played a significant role in the development of archaeology in Kazakhstan. He drew attention to the importance of studying and preserving the country's historical heritage. His contributions can be seen in the following examples:

- Discovery and research of historical sites: Under his leadership, significant archaeological work was conducted in various parts of Kazakhstan. These efforts included excavating and studying ancient

settlements, tombs, cave paintings, and other historical artifacts. As a result, many important historical sites were discovered, expanding our knowledge of Kazakhstan's ancient past.

– The integration of archaeology into education: K.I. Satpayev's contribution to incorporating archaeological findings into educational curricula. This not only enriched educational materials but also increased the interest of the public, especially young people, in their country's history and cultural heritage. Students and schoolchildren were given the opportunity to participate in archaeological expeditions, learn about archaeological methods, and interact with authentic artifacts [5, 485]. Promoting knowledge of cultural heritage: Through his efforts, K.I. Satpayev ensured that archaeology was no longer the exclusive domain of experts but became accessible and appealing to a wider audience. He supported the publication of scholarly papers and organized lectures and presentations to spread knowledge about Kazakhstan's cultural heritage among the general population. Thus, his work in archaeology not only expanded scientific knowledge but also emphasized the importance of preserving and studying historical and cultural values for future generations.

K.I. Satpayev also played a key role in the development of geological science and the economic potential of Kazakhstan. His contributions in this field were extensive and had a significant impact on both the scientific community and the country's economy. Here are some aspects of his activities:

– Founding of the School of metallogeny: K.I. Satpayev created and developed the school of metallogeny in Kazakhstan, which became a center of attraction for young scientists and specialists in the field of geology. This contributed to the training of qualified personnel for the mining and metallurgical industries of the country.

– Research and discoveries of mineral deposits: Thanks to his research and scientific discoveries, K.I. Satpayev was able to identify and develop numerous mineral deposits in Kazakhstan. This included not only coal, oil and gas, but also non-ferrous metals, which was of great economic importance for the country [5, 486].

– Economic development: The discovery of new deposits and the use of modern geological methods developed under his leadership stimulated the development of the mining industry and contributed to the economic growth of Kazakhstan. These resources still play an important role in the country's economy.

– International recognition: K.I. Satpayev's scientific achievements in geology have been recognized not only at the level of Kazakhstan, but also beyond its borders. He established strong international scientific ties and collaborated with leading scientists and institutes in various countries, which facilitated the exchange of knowledge and technology.

Thus, his scientific and organizational activities in the field of geology had a significant impact on the development of not only science, but also the economy of Kazakhstan, strengthening the country's position as an important player on the world map of the mining industry.

Academician K.I. Satpayev really left an indescribable contribution to the development of science and culture in Kazakhstan, affecting both the humanities and natural sciences. His legacy still has a significant impact on the scientific and cultural development of the country. Here are a few aspects of his work that highlight his importance and influence:

– Education and scientific initiatives: K.I. Satpayev actively developed the education system in Kazakhstan, contributing to the creation and modernization of curricula, as well as higher education institutions. His efforts were aimed at training highly qualified specialists capable of meeting international standards.

– Archaeology and Cultural heritage: Thanks to his initiatives and support, significant archaeological research has been carried out, which has expanded our knowledge of the ancient history of Kazakhstan. He also contributed to the integration of this knowledge into the educational process and its popularization among the general public.

– Geology and economic development: K.I. Satpayev played a key role in the exploration and development of mineral deposits, which was of great economic importance for Kazakhstan. His scientific research and discoveries stimulated the development of the mining industry and contributed to the economic growth of the country [4].

Each era has its own heroes. Through the lens of their deeds, the history of any nation is vividly represented. Among the galaxy of our noble compatriots, there are many individuals who have become legends for generations. Their personality and achievements, as well as their scientific and governmental activities, play a key role in the history of Kazakhstan's science and scientific thought. One such individual was K.I. Satpayev, the first Kazakh professional mining engineer-geologist, founder and first president of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. He is the first Kazakh scientist to receive a doctorate, the first member of the Academy of Sciences of the USSR in the field of science and technology from the East, and

the first recipient of both the USSR State Prize and the Lenin Prize in Kazakhstan. The international scientific conference “Rukhaniyattagi gulama galymnyn roli (The Role of Humanities in Science Development)” is an excellent opportunity for scientists and specialists to discuss and comprehend the legacy of K.I. Satpayev. This event not only helps to preserve his memory, but also inspires a new generation of scientists to further achievements in various scientific fields. Working for the benefit of his country and the whole world remains one of the main tasks, continued in the spirit of K.I. Satpayev's scientific heritage.

References:

1. Akademik K.I. Satpaev: sbornik, posvyashchennyj pamyati vydayushchegosya sovetskogo uchenogo. – Alma-Ata, 1965. – S. 239.
2. Lozovskij I.T., Sipajlov G.A. Stencheskie gody K. Satpaeva v Tomske. – Tomsk: TPU, 2019. – S. 4.
3. Akademik K.I. Satpaev: Iz pisem i zametok. – Almaty: Atamura, 1998. – S. 143
4. K. Satpaev – chelovek, kotoryj videl budushchee. – URL: www.gylmordasy.kz/2016/04/25/kanysh-satpaev-chelovek-kotoryj-videlbudushchee/.
5. Sarsekeev M. Kazaktyn Qanyshy. Fenomen. – Astana, 2018. – 485–487 bb.

УДК 001

ҚАНЫШ САТБАЕВ ЖӘНЕ ТОПОНИМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сапаров Қ.Т., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Егінбаева А.Е., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Кейкин Е.Қ., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Топонимика — географиялық атауларды зерттейтін ономастиканың бір бөлімі. *Топонимика* — жер-су аттарының шығуын (этимологиясын), дамуын, қазіргі жағдайын, мағынасын, таралуын зерттейтін ғылым. Бұл — гректің "Гороз" — орын, жер және "онома" — атау деген сөзінен шыққан. Топонимика — география, тарих және тіл білімі ғылымдарының түйіспесінде дамып келе жатқан ғылым [1].

Жер-су аттарын зерттеудің ғылыми мәні зор. Жер-су аттары дегеніміздің өзі ертеде сол атырапта өмір сүрген халықтың сөйлеу тілінің қалдықтары. Ол халықтар мейлі жойылып кетсін немесе бөтен өңірге ауып, олардың орнына басқалар келсін, бәрібір топонимдер жойылмай ғасырдан-ғасырға өмір сүре береді. Топонимика сол жерде өткен және өзінің иесі болып табылатын халықтың тарихи сырын, аты-жөнін ажыратумен бірге оның этнографиялық шегін де ажыратады [2].

Ерте заманда атаулар қазіргі өркениет тұсындағыдай келісіммен, мәмілемен емес, ұзақ сонар айтыла келе, сөйтіп жалпының жадында берік сақталғанда ғана тілден мықтап орын тепкен. Бұрынғы қауымда "бәлен жерді түген деп атайық" дейтіндей ортақ келісім әдеті болмаған. Атау болатын сөз ең әуелі жұртқа аян болған. Сөйте келе бір объектіге белгі боп таңылып, топонимикалық атқа ұласқан. Қазақ халқының атам заманнан орнығып, өмір сүріп жатқан жерінің аумағы қандай көлемді де кең екені білеміз. Осы ата мекеніміздегі өзен, көл, тау, қырат секілді жер бедеріне меншіктелген атаулардың да мындап саналатыны мәлім. Ертеде өткен ата-бабаларымыз солардың әрқайсысына ат қойып, айдар тағу жағынан жай ұқыпты ғана емес, шебер де тапқыр болғандығын байқаймыз [3].

Жер атаулары – ұрпақ пен ұрпақты сабақтастырып отырған киелі құжат. Қазақтың ата-бабалары жер-су атауларына аса мұқият қарап, жер тарихы мен ел тарихының біртұтас екендігін аса жоғары жауапкершілікпен сезіне білген. Жер атаулыға, мейлі ол адыр, бұдыр, төбе, қырат, өзен, бұлақ, көл болсын біздің қазақ халқынан артық дәл тауып ат қоятын халық жер бетінде неғайбыл. Өйткені табиғатпен біте қайнап, бірге өскен, иен сахараның қадір-қасиетін білген қазақ халқының аспан әлемі мен жер бедерінің үйлесімін тап басып, дәл анықтап қоюы ғажап. Жер бедеріне байланысты табиғи қасиеттеріне орай қалыптасқан топонимдердің мысалы ретінде Желтау, Сарытау, Найзақара, Қызыладыр, Қызылтау, Керегетас сияқты атауларды келтіруге болады. Желтау – тау жоталарынан қысы-жазы үнемі жел соғып тұруы себебінен аталған болса керек. Найзақара – жазық

ортасында найзадай шошайып, алыстан қарайып көрінеді. Сарытау – жылдың төрт мезгілінде де өзгермей, өсімдіктердің бірқалыпты сары түсті болып тұруынан [4].

Осы сияқты мысалдарды қазақтың кең дархан даласынан іздей берсек жетіп артылады. Киелі Баянаула елінің топырағынан шыққан ғұлама ғалым Қаныш Имантайұлының ғылыми ізденістері де, қазақ топонимикасымен тығыз байланысты. Барлық ғұмырын кен барлау саласында өткізген ғұлама ғалымның ең алғашқы геологиялық ізденісі Жезқазған өңірімен байланысты еді.

Ұлытауға барған тұңғыш сапарында-ақ, ол Жезқазғанның арғы-бергі тарихына зер сала үңілген – кен шыққан төбелердегі барлау жыраларын аралап жүргенде де, Кеңгір бойындағы көне қазбаларды, кен үймелерін көрген сәтте де, тіпті ерте заман ескерткіштерін тамашалап, ел аузындағы аңыз - әңгімелерге үнемі құлақ түріп жүрді. Жас зерттеушіні ең алдымен таң қалдырған жұмбақ – кен орнының нақтылы аты еді: Алтынқазған, Күмістөбе, Қорғасынды, Темірші, тіпті Жезтөбе де емес, осы заманның геологиялық кеңесі ғылыми талқыға салып, он ойланып, жүз толғанып шешкендей – Жезқазған деген. Бұл атауды оған кен көзін ашқан барлаушы геолог емес, қазақ халқы берген. Қашан, қай заманда бергендігі де, қай атасы қазғандығы да белгісіз.

Жамантауға барғанда қасындағы серіктесі Күзеубай Жидебаевқа бұл тауға да соға жүрелік, Жамантау ма, әлде жақсы тау ма екен, білгеніміз жөн ғой – деп әдейі бұрылып, бір күн қона жатып, асықпай көріп шыққан соң: «Біздің халық жер атауға шебер ғой, тегінде. Мына тау рас жаман болды, не үстінде, не астында қазына жоқ, ит байласа тұрғысыз, жел қыдырған панасыз жер екен» деп, қазақ халқының көрегендігіне таңданысын білдірді. Қаныштың өз бойында қалыптасқан барлаушылық көрегендігі, ғылыми негізде алған білімімен жинақталса, ал қазақ халқының табиғаттың қыр сырын білетін көрегендігі қалай қалыптасқандығы жауабы күрделі сұрақ күйінде қала береді. Осы бір ата-бабасының жер бетіне ат қойғанда жай ғана қоя салмай, сол жердің астындағы байлықты дәл нұсқап тұратын қасиеті Қанышты ойландырмай қоймады.

Барлық ғұмырын Жезқазған өңірінде кен барлау саласында өткізген Қанышты сол аймақтағы жер-су, тау-қыраттың аттары өзінің геологиялық ізденісіндегі, минералды пайдалы қазбалардың аттарымен байланысты болғандығы ерекше таңқалдырды. Мысалға алатын болсақ: Майтөбе, Кенді, Ақтау, Борлықтау, Жезқазған, Жезді, Қорғасын, Көмірлі, Мысбұлақ, Алтынбел, Сужанар... Бір ғажабы осынау жерлердің бәрінен аттарына сай кен шыққан. Осыған қарап халқымызда табиғи геологиялық талант бар ма, деп қаласың [5].

«Қаныш 1949 жылы Атырауда болған көшпелі сессияда, сол жердің жергілікті халқымен кездескенде: Біздің жақта, Арқа төңірегінде Қарағанды көмірін Аппақ Байжанов деген қойшы, ал Екібастұз көмірін Қосым Пішенбаев деген жер өлшегіш тапты деген әңгіме бар. Бекмағанбет Сұлтанғазиев деген қарапайым қазақтың 1928 жылы Айбат деген жерден мыс кенін ашқанын өзім куәландырғанмын. Қазақ жерінің атауына құлақ салыңыздаршы: Жезқазған, Жезді, Кенді, Алтынбел, Қорғасын, Көмірлі... Әдетте кенді кім ашса, сол ат қояды... Осыған қарағанда жоғарыда аталған кен көздерін де оу баста қазақтар ашса керек. Сондай қазақ жөнінде бұл жақта әңгіме бар ма? деп сұрау салды» – дейді ғалымның жерлес қызметтесі Бөпежан Аяпбергенов [6].

«Мына Алтынқазған қандай жер, мұның аты қалай қойылды екен, білдіңдер ме? – деп сұрағаны. Ондай сұрақ болар, оған Қанекен ерекше көңіл бөлер деп ойлаған жоқ едім. Жауап ретінде шалдардың сөзін айттым. Олай болса екеуміз Торғай жүреміз. Мен Алтынқазғанды өз көзімен көруім керек, Қорғасынды да қайта қарауым керек, деп айтты» - дейді Қазақ СССР ғылым академиясының академигі инженер Байқоңыр Аймағанбетұлы өзінің Қаныш туралы естелігінде [7].

Қаныш Имантайұлы қазақ даласын аралағанда осындай сауалдарды үнемі жергілікті халықтарға қойып жүрді. Сонымен қатар сол жергілікті жердің, жер-су атауларының шығу тарихын да сұрастырып, өзінің қызығушылығын танытатын. Егер жер-су аттары пайдалы кен көздерін көрсетіп тұрғандай болып жатса, сол жерге қалай болсын жетіп анық-қанығын білуден ешқашан жалықпайтын. Қаныштың бойындағы осындай еңбекқорлық қасиет Ұлытаудағы Жетіқыз өзені бойындағы Алтыншоқымен жіте танысуға алып келді. Неге алтын, несімен алтын?... Жер-суға ат қойғыш қазақ елі тегінде мұндай жөннен көп адаспаушы еді. Қолымен көмгендей-ақ көп асылды қатесіз нұсқап жіберетіні болушы еді. Қорым тастың бұрын-соңды Арқа тауларынан өзі көрген оба, үймелерге ұқмайтынын Қаныш бірден сезді. Құрамы да, қаланған жігі де басқарақ. Аумағы 12 қанат қазақы үйге орын болғандай кең.

Қаныш, яғни барлаушы геолог Алтыншоқының оңтүстік бетінен сонау қым-қыт заманда, хижраның 793, яғни қой жылында Азияның айбарлы билеушісі Темір Көреген қалдырып кеткен тарихи белгі тасқа - әскери жорығының көне ескерткішін кезіккен-ді. Тас бетіндегі белгі тек өзі күткендей ру таңбалары емес, кәдімгі араб әріптері. Жазулары өшпеген, мәнерлі әріптермен әдемі

шабылған. Өзіне жасынан таныс араб, парсы, шағатай тілдерінен есінде қалған сөздерге бұрып, мәнін ежіктеп көріп еді, бірден шығара алмады.

Кен барлаушы ғалым Алтыншоқыдан алтынға бергісіз археологтар мен тарихшылар үшін таптырмас қазына тапты. Бұл тасқа Ақсақ Темір 1391 жылы жер қайысқан қолымен Алтын Орда ханы Тоқтамысқа аттанып бара жатқандығы жазылған. Сөйтіп, Қаныш тапқан XIV ғасырдың көне белгісі қазіргі күнде, әлем асылдарының ұлы ордасы – Ленинградтағы эрмитаждың оныншы залында, екі терезе аралығындағы бірінші тағанға тұр.

«Бірлескен геологиялық маршруттар бойынша сапар шегіп келе жатқанымызда Қаныш Имантайұлы таулардың, тоғайлардың, өзен-көлдердің қалай аталатынын, неге олай деп аталғандығын, мұнда жер бедерлерінің немесе тарихи оқиғалардың әсері бар, жоғын ұдайы сұрастыра жүретін-ді. Қазақ халқы географиялық атауларда белгілі бір жердің таудың, шоқының, тоғайдың және басқаларының ерекшеліктерін қаншалықты шебер бейнелейтінін мен кейін ұқтым» - дейді ғалымның досы Қазақ ССР ғылым академиясының академигі геолог, Русаков Михаил Петрович [7].

Пайдалы қазбалардың орнын барлау барысында Қаныш Имантайұлы тек кейінгі кезеңде ғана кең өрістей бастаған жаңа ғылым – топонимиканың әдіс-тәсілдерін мол пайдаланды. Туа біткен географтар – көшпенділер өздері ғұмыр кешкен өлкедегі жер аттарын таңданарлықтай дәлдікпен және терең мәнділікпен қоя білген. Көшпенділердің баласы, ойлы ғалым өзінің Қазақстан жеріндегі аса бай кен орындары туралы болжауларына дәйектемені өлкенің топонимикасынан таба алды. Мысалы, Жезді, Кеңгір, Қорғасынтау, Теміртау, Кеңқорытпа, т.б. атауларында бұл жерлерде тау-кен ісінің ертеден өріс алғанын көрсететін айқын дәлел бар.

Көрнекті ғалым Қаныш Сәтбаевтың қойын дәптерінде мынадай жазу бар: «Мыңшұңқыр. Демек, бұл жерде байырғы кен қазба орындары болған. Анықтау керек. Қаратас. Халық ұғымында былай деп темірді емеурін етеді. Көктас. Былай аталған жерде мыс бар деп топшылауға болады. Алтынтапқан атауы – алтынның бар екенін аңғартады. Әрине тегін емес, Жезқазған. Демек, жез өндірілген жер деген сөз. Жыланды. Түсті металл рудасы бар болуы керек» деген жазу бар [8].

Қанышқа жердің сырын білетін қабілет ерте дарыды. Оған мысал – ауылда болған оқиға. Қаныш Томнан демалысқа келген кез еді, ауылы Шыбынды көлдің жағасына қонған. Бұл көлдің суы тұз қосып қойғандай, ащы. Адам баласы түгілі мал да жарытып ішпейді. Қаныштың әкесі бұл көл маңында ұзақ отырғысы келіп, ауыл жігіттеріне құдық қаздыртады. Қаныш құдық қазып жатқан жігіттерге келіп, тереңнен шыққан сазды алақанына салып умаждап, тіліне де басып көрген соң, басын шайқап: «Мына жерден тұщы су шықпайды, жүз құлаш қазсаңдар да – бұл істерің бос әуре» дейді. Ақыры, не керек, болжауы дұрыс екен, құдықтың суы кермек болып шықты. Қаныш жігіттерге, Сұңқарқия тауының көлге қараған алдындағы бір ойпаң өзекшеден құдық қаздыртады. Сол жерден кісі бойы қазғанда таза су шығады. Асты қиыршық тас екен, ал суының тұщылығы ғажап! Содан бұл жерді барша жұрт «Қанышбұлақ» деп атайды; себебі құдық суы мол болып әлгі ойпаң келе – келе бұлаққа айналған ғой [9].

«Пайдалы қазбалардың орнын барлау барысында Қаныш Имантайұлы тек кейінгі кезеңде ғана кең өрістей бастаған жаңа ғылым – топонимиканың тәсілдерін мол пайдаланды (Топонимика – географиялық атаулардың, жер-су аттарының шығу тегін, мағынасын зерттейтін ғылым). Туа біткен географтар – көшпенділер өздері ғұмыр кешкен өлкедегі жер аттарын таңданарлықтай дәлдікпен және терең мәнділікпен қоя білген. Көшпендінің баласы, ойлы ғалым өзінің Қазақстан жеріндегі аса бай кен орындары туралы болжауларына дәйектемені өлкенің топонимикасынан таба алды. Мысалы, Жезді, Кеңгір, Қорғасынтау, Теміртау, Кеңқорытқан, т.б. атауларында бұл жерлерде тау-кен ісінің ертеден өріс алғанын көрсететін айқын дәлел бар. Сөйтіп, Қаныш Имантайұлы топонимика ғылым ретінде толық қалыптаспай тұрып-ақ, оны тәжірибе жүзінде табысты пайдаланып үлгерді» - дейді ғалымның замандасы тарихшы Марат Сембин.

Қаныш Имантайұлы қазақтың байтақ даласындағы жер-су, тау-қырат, өзен-көл аттарының шығу тарихына ғылыми көзбен қарап, тарихи этнографиялық мағлұматтарға да құлақ түре жүрген бірден-бір ғалым. Қазақ халқының табиғат бөлшектеріне ат қойғанда жайдан-жай қоя салмайтынын аңғарып, кен атауына байланысты жер телімдерінің барлығына ғылыми тұрғыдан өз зерттеулерін жүргізіп ата-бабасының табиғи таланттылығын мойындап, айналасына жария етіп жүрді.

Қаныш Имантайұлы өз заманының озық-ойлы, қазақтың маңдай алды жұлдызы еді. Қаныштың бойындағы жан-жақтылық қасиет сонау көне заманның ғұламалары Аристотель, Платон, Геродот сияқты данагөйлердің жалғасы іспетті. Қанышты құрмет тұтқан замандасы, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов былай дейді: «Қаныштың бір үлкен ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Және сол

әр ғылымның саласындағы әрбір кезеңде пісіп келген нақтылы, жауапты мәселелеріне басшылық ете біледі...».

Қаныштың бойындағы осындай жан-жақтылық қасиет, геологиялық кен барлау ізденісінде, жаңа ғылым болып әлі қалыптаспаған «Топонимика» саласын қолдана білуіне алып келгендігі. «Елу жылда ел жаңа» демекші, қазіргі күнде топонимикалық мәліметтер толықтай зерттелмесе де, азды-көпті жетерлік. Қазіргі заманда топонимика көптеген мамандардың зерттеу тақырыбына айналып отыр. Жоғарғы оқу орындары мен ғылыми зерттеу институттарында топонимистер ұжымы құрылды. Сондай-ақ, соңғы кезде топонимикалық әдебиеттер ауқымы кеңейтілді [10].

Қазақ топонимикасын Сібірден алған білімімен ұштастырып, оның шығу тарихына мән беріп Орталық Қазақстан жерлерінің атауларын жатқа білген ғұлама ғалымды қалайша құрметтемеске. Киелі Баянаула елінен топырағынан шыққан ғұлама ғалымның ғылым жолындағы жетістіктерінің жемісін, бүгінгі күнде ұрпақтары көріп отыр. Қазақтың жер-су аттарына ерекше мән берген, кен барлау саласының білгірі Қаныш Имантайұлының есімі Кеңес Одағы елдеріне әйгілі болды. Қазіргі күнде өз бағасын алып, Қаныштың есімі топонимикалық атауға да ие болды. Барлық ғұмырына жетерлік энергиясын ғылыми ізденіске жұмсаптырған Жезқазған өңірі, Қаныш есімін ықыласпен қарсы алды. Осы өңірдегі Никольск қаласы 1989 жылдан бастап, Сатпаев қаласы деп аталады. Бірақ бұл атауды берген, бойында табиғи геологиялық таланты бар қазақ бабасы емес, ғалымның еңбегін ескерген замандастары берді. Ал ғалымды таңқалдырған қазақ бабасының геологиялық таланттылығы, осы күнге дейін шешімін таппаған зерттеуді қажет ететін дүние болып қала береді.

Пайдаланған ақпараттық көздер

1. Қазақ Совет энциклопедиясы. Алма-Алма, 1974 г.
2. Никонов В.А. Введение в топонимику. — М.; Наука, 1965. —178 бет.
3. Әділбек Нұрмағанбетұлы. Жер-судың аты-тарихтың хаты. Алматы: «Балауса», 1994 ж.
4. М.Алпысбес, Т.Аршабек, Е.Қасен, Е.Кейкі. Көне көктау, байырғы баянаула байтағының тарихы. Астана: Парасат Әлемі, 2005. – 480 б
5. М.Сәрсек. Қазақтың Қанышы. – Алматы: «Атамұра», 1999. – 592 б
6. Б.Аяпбергенов, Қ.Исабаев. Қаныш аға осындай еді. – Алматы: «Өлке», 1999. – 124 б.
7. Қаныш аға. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 400 б
8. Қ.Сапаров. Жер қойнауының сырын ашқан атаулар. Ана тілі газеті, 2015 ж
9. Медеу Сәрсекеев. Құғындалған “Сатбаев” Алматы: «Шабыт», 1994. – 244 б.
10. Маракуев А.В. Краткий очерк топонимики как географической дисциплины. //Ученые записки КазГУ, Геология и география, А., 1954, т.18. с.29-72.

ӘОЖ 8.82 (82-1.29)

ҚАЗАҚ ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУİNДЕГІ Қ. СӘТБАЕВТЫҢ РӨЛІ

Симбаева С., Maqsut narikbayev university (KAZGUU), Астана, Қазақстан

Эпостану ғылымын эпостық жырларды мәтінтанымдық, жанрлық, поэтикалық тұрғыдан ғана қарастырады десек, тарлық етеді. Оның зерттеу аясы әлдеқайда кең. Этностың тұтас болмысы, дүниетанымы, елдігі мен ерлігі, ой арманы, тағдыры, IQ (зияткерлі), EQ (эмоционалдық) деңгейінің көрінісімен тікелей байланыстырған жөн. Қазақ эпосы бойына көптеген ақпаратты сіңіре отырып, бүркемеленіп жатқан этностық кодтың кілтін ашады, халықтың бірегейлігін танытады. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мінезді көрсетеді. Эпос тілін зерттеуші Т. Қоңыратбаев: «Бізге батырлар жырларының көркемдік келбетінен гөрі ондағы қазақ халқының қалыптасу үрдісіне сәуле түсіретін этнонимдік атаулар қажеттірек. Дәл осы тұста эпостық жырлардың арқауы поэтика емес, этникалық үрдіс екендігі айқындала түссе керек [1, 78 б.], – дейді. Эпоста кейбір тарихи оқиғалардың кездесетіні де бар, алайда соған қарап нақты деректер ретінде қабылдауға болмайды. Соған қарамастан, жырларды халықтың тарихи-рухани өмірін, этнос ретінде қалыптасу кезеңдерінен сыр шертетін айғақ ретінде алуға толық негіз бар.

Жалпы Қазақ әдебиеті дүниесінде эпос – өте қомақты жанр. Оның тілінің әдеби тілге, қазақтың ескі жазба тіліне, тіпті осы күнгі жазба әдеби тіліне қайнар көз болудағы орны ерекше. Қазақ ауыз

әдебиетінің тілі әдеби сипат алған, белгілі бір сөз жұмсау нормаларын қалыптастырған, көркемдік-эстетикалық қуаты күшті тіл екенін зерттеушілер баса көрсетеді [2, 16 б.].

Қазақ эпосы о баста Ш. Уәлиханов, С. Сейфуллин, Ә. Марғұлан, Қ. Жұмалиев, В. Радлов, Е. Ысмайылов, Н. Смирнова сияқты ғалымдар тарапынан біршама жан-жақты зерттеліп, өз бағасын алған. С. Сейфуллин еңбегінде қазақта эпостық жырлар тек «Ноғайлы дәуірінде» туған деген пікір баса айтылады. Әрбір шығарманың тарихын тәптіштеп зерттеген уақытта С. Сейфуллин тың ғылыми тұжырым жасап отырған. Қазақ эпосын ұлы, кіші батыр деп топтауға болмайтындығын және оларды белгілі бір елдің басы бүтін иемденуіне, бауыр басуына тарихи негіз жоқ екендігін ашық айтады.

Эпостардың тіл өрнегі мейлінше көркем әрі белгілі бір лексикалық, стильдік нормалары қалыптасқан. Сонымен қатар тұрақты тіркестердің де мол үлгілері бар. Ондағы фразеологизмдерде танылатын образдардың басым бөлігі өмірден, қоғамның тұрмыс-тіршілігінен, сол кездегі жаугершілік заманның сипатынан, адамның жеке бас қасиет-белгісінен алынады. Теңеулер мен салыстырулар, метонимия, синекдохалардың дені халықтың кәсібімен, айналысатын ісімен тікелей байланысты болып келеді. Мысалы, «Қырымның қырық батырында» Ақжонасұлы Ер Кеңесті анасы: «Айналайын, шырағым, Ұстаған қолға пырағым» десе, «Едіге» жырында анасы: «Едігедей сұңқарым, Келіп қондың қарағым, Ақ сұңқарым қолыма...» дейді. Сондай-ақ мал шаруашылығымен қоса, халқымыздың тұрмысы, тіршілік қалпы, айналаны қоршаған табиғат, ортасы да алынады. Мәселен, «Көкшенің ұлы Ер Қосай» жырындағы «жауар бұлттай түнерді, айдаһардай ысқырды, ен қалмақты тықсырды» деген фразеологизммен қатар «балдағы алтын күміс болат» немесе «жазылып келіп бүгілсе, жер бауыры сәгілді, омыраудан аққан тер жаңбырдай жауып төгілді» деген образдар беріледі. «Қобыланды батыр» жырындағы «аламанға жел берген, азды көпке теңгерген» деген тіркестермен қатар «керегесін отын қып, туырлығын тоқым қып» болмаса «керегесін кескілеп, туырлығын тілгілеп» деген образдар беріледі. Бұл тілдік құралдарды араға бірнеше уақыт салып, Махамбет ақын да қолданған. Бұның өзі әдеби тілдің негізгі сипаттарынан көрініс береді. Себебі қырланған, сұрыпталып, нормаланған сөз үлгілерін кейініректегі ақындарымыз дайын күйінде керектеріне жаратып отырған.

Сонымен қатар ауызша тараған авторлы әдебиеттің мазмұн тарапынан, яғни шығарманың сюжеті, мотиві, образдары жағынан бірдей болмағанмен, тілдік көрінісі тұрғысынан қазақтың ауыз әдебиетімен сабақтастығы барын байқау қиын емес. Әсіресе фольклор тіліндегі образдар ақын-жыраулар поэзиясынан кең орын алады. Сыпыра жырау, Асанқайғы, Қазтуғандарды кейбір зерттеушілер ноғайлы-қыпшақ жыраулары деп айтады. Қайткен күнде де бұларды қазақтың сол кездегі әдеби тілі туралы пікір айтқызатын нұсқалар деп таныған жөн.

Бұл туындылар сол ғасырлардың тілін елестетіп қана қойған жоқ, сол кезең қырқасында болған құбылыстардың да куәсі боларлық сипатты қамтыды. Соның нәтижесінде ол шығармалар қазақтардың ноғайлармен бірге өмір сүрген кезеңін де елестететін еді. Өлең құрылысы да, сөздердің бір-бірімен тіркесі де «тоғынды», «түзедім», «ту құйрығы бір тұтам», «ал шымылдык», «тұлымшақ» т.б. сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуы оқушының көз алдына сол кезеңдерді елестетпей ме [3, 114 б.]!

XIV-XV ғғ. қазақ поэзиясы Ноғай Ордасында туындап, кейінгі дәуірлерде осы дәстүрді ұстанғандықтан, оны сол бірлестікте болған қазіргі ұлттардың өлең-жыр үлгілерімен, ауыз әдебиеті тілімен салыстыра зерттеу ақын-жыраулар поэзиясы тілін, халық мінезін жан-жақты тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Ноғайлы дәуірінде туындаған әдеби мұраларға сол кезге дейінгі әдебиеттің тигізген ықпалын да назардан тыс қалдыруға болмайды. Бұл факторды ескеру әдеби мұраларды жан-жақты талдап қарауға мүмкіндік береді. Ноғайлы дәуіріне жататын қазақ әдебиетінің мол да құнарлы саласы – жыраулар, ақындар шығармашылығы, эпостық жырлар. Ноғайлы дәуіріндегі әдебиет жанрларының тіліне, оның әдеби тілге қатысына байланысты әлі зерттей түсуді қажет ететін мәселелер бар. Сондай соны зерттеулердің, дәлелді шешімдердің негізінде әдеби тілдің даму кезеңдерін дәуірлеуді жаңа қырынан қарастыра отырып, тіліміздегі семантикасы беймәлім кейбір сөздердің сырын ашуға болады.

Қазақ эпосы мен қазақ ауызша әдеби тілінің қалыптасуында өз ізін қалдырған Ноғайлы дәуірі жырларын зерттеп, тануға өз үлесін қосқан Мұрын жырау есімі айырықша атауға тұрарлық. Ал жырау еңбегінің халыққа танылуына және әдебиет тарихында орнығып қалуына ықпал еткен зерттеушілердің бірі – Қаныш Сәтбаев. 1942 жылы ғалым соғыс жылдары халық рухын көтеру мақсатында Республикалық ақындар айтысын ұйымдастырған екен. Сондай-ақ осы жылы «Қырымның қырық батыры» атты жырды стеннограммаға жаздыру мәселесін көтеріп, сол істі жүзеге асырған. Ал «Қырымның қырық батыры» сияқты көлемді дастанды жырлайтын жалғыз жыршы Мұрын жырау 82 жаста екен. «Ақсақал науқастанып жүр. Олай-былай болып кетсе құнды да, құнарлы

асылымыздан айрыламыз», – дейді Сәтбаев пен Сауранбаев. Осылай ең құнды әдеби туындының бірі жазылып, сақталып қалды [4].

«Қырымның қырық батырын» Мұрын жыраудың айтуынан 1942 жылы Жақыпбаев Бозтай араб әрпімен жазып алған (673, №8 п.). Бұдан басқа да «Телағыс батыр» жыры (Мұрын жыраудың айтуынан баласы жазып алып, 1953 жылы тапсырған, 369 п.), «Парпария» қолжазбасынан (Мұрын жыраудың айтуынан жазып алған Сеңгірбаев Дәуіт, 673, №10 п.), Шалкиіз «Ноғайлының он шалы» (1941 жылы жазып алынған, тапсырған Күнтуғанов Темірғали, 659, №3 п.), «Шалгез термесінен үзінді және оның өмірі туралы қосымша коментария», «Орақ-Мамайға Шалгездің айтқаны» (1941 жылы жазып алған Ғабит Ахметов, 659, №4 п.).

Қазақстан Ғылым Академиясы орталық кітапханасының қолжазба қорындағы «Мұрын жыраудың өмірбаяны және қысқа өлеңдері. Көкше батыр» қолжазбасында мынадай мәлімет беріледі: «Ноғайдың әуелі келіп жайлаған жері Өз Жәнібек ханның Астраханнан келіп орын алуы мен ноғайлар да осылай қарай өте бастады. Өз Жәнібектен бұрын бұның алдын қалмақ иеленіп қалып бермеген, сонан ноғайдың ерлері қалмақты бостырған.

Ноғайдың тарауы үшке бөлінеді:

1) Қарақыпшақ ноғай, оларға: Қобыланды батыр жатады.

2) Қырымды ноғайға жататын: Ер Көкше, Ер Қосай, Айсанның ұлы Ахмет, Ақжонас ұлы Ер Кеңес, Асанғайғы, Ер Абат, Қарға бойлы Қазтуған, Нәрік ұлы Шора, Шынтас ұлы Төрехан т.т.

3) Шер куртты ноғайға жататындар: Алатайлы Аңшыбайдың тұқымы

Едіге, Мұса, Нұрадын, Орақ, Мамай, Қарасай, Қазы.

Ең әуелі Едіге батыр Жем бойынан Қанқожа деген қалмақты Үш Бөкенбайға дейін қуып, жерді кеңіткен. Оның артынан Ноғайдың ерлері жалғаса береді. Әр батыр өзінің қарауына алған еліне жерді кеңіте бастады. Сүйтіп қалмақ босып кетті.

Ноғайлар осыдан кейін үшке бөлініп кетті. Осыған бөлінуге келген жерінің аты – Мәсләкаттың төбесі.

1) Асанғайғы жалғыз баласы Абат өлген соң жер қараушым жоқ деп, Сырдариясын жағалап, күншығысқа қарай Нұрдың Қарабатырына кетеді.

2) Қарға бойлы Қазтуған Мәсләкаттың төбесінен шыққан соң Ала Қырдың бойын Шағадамның қаласының сыртымен Ок балқанның үстімен сонан су ішіп әрі Шам Шәрі Мысырға қарай өтіп кетеді (Мұрын жырау жердің атын мөлшерлеп қана айтып отырғанға ұқсайды).

3) Мұнда қонысты қия алмай қалған Өз Жәнібек хан. Астраханды салдырған, соны қия алмай осында отырып қалды».

Мұраттың маған айтуы осы» [5, 3 б.].

Ноғай Ордасының белгілі билері мен мырзалары: Мұса, Жаңбыршы, Мамай, Орақ, Алшы Смайыл (Исмайыл), Қазы, Телағыстар қазақ эпосының қаһармандарына айналды. Бұл құбылыстың себебін түсінбеген профессор П.А. Фалев қазақ батырлар жыры түгелдей ноғайлардан алынған деген теріс қорытындыға келеді. Бұл жерде біз қазақтар мен ноғайлардың ұзақ уақыт бойы Алтын Орданың құрамында бірге болғандығын, екі халықтың бірлігінің XVII ғасырға дейін үзілмегенін, сондықтан біздің фольклорымыздың, әдебиетіміздің түп тамыры ортақ екендігін еске саламыз [6, 34-35 бб.].

Жалпы ноғай Ордасының Қазақ хандықтарының қалыптасуына үлкен әсері болған. Қарақалпақ халқы да осы Орданың құрамына кірген халықтар негізінде пайда болды. Бүгінгі таңда Солтүстік Кавказда осы орда құрамына кірген құмық, балқар, қарашай халықтары тұрады.

Бұл күнде бұрын ноғайлы әдебиеті делініп келген туындылардың көпшілігі қазақ әдебиетінің қорында сақталып, оның төл туындыларына айналып кеткен. Тілдік ерекшеліктері де байқала қоймайды. Мысалы, «Ер Төстік», «Жиренше шешен», «Алдар Көсе» т.б. ертегі, аңыздар мен «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Ер Сайын», «Едіге», «Қырымның қырық батыры», «Ер Жабай», «Ер Шора», «Орақ-Мамай» сияқты эпостық жырлар – сол ноғайлы заманының мұралары. Аталған жырлардың негізгі кейіпкерлері – ноғайлыдан шыққан адамдар. Әрбір жыр өз қаһармандарын ноғайлы батыры не ноғайлының атақты адамдары деп танытады.

Мәселен, «Қамбар батыр» дастанында Қамбардың тегі туралы «Қазақ емес, сарт емес, Қамбардың түбі-ноғайлы...» делінген. Осы жырдағы Назым сұлудың әкесі Өзімбай – он екі баулы өзбектен дей келіп, оның елін де ноғайлы еді дейді. Сондай-ақ, Ер Сайынның әкесі Бозмұнай да ноғайлының – жүз отыз жас жасаған қариясы, Қара Қыпшақ Қобыланды да ноғайлы. Естерекұлы Ер Тарғын мен Қоңырат елінің батыры Алпамыстың әкелері де «қалың ноғайлы елінен». «Он сан ноғай Орманбет би заманында Қарабай мен Сарыбай деген бай болыпты» деген сөздер «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында да кездеседі.

Ноғайлы эпосында реалдық тарих басым. Онда ноғайлы мырзалары мен батырлары тақ таласы кезінде суреттеледі. Мұрын жырау ноғайлы батырларының ұрпақтарын бүгінге дейін алып келеді (Аңшыбай, Қарадөң, Асан ұрпақтары). Ал оғыз-қыпшақ заманында туып, ноғайлы дәуірінің оқиғалары қосылып қайта жырланған эпостардың кейіпкерлері Алпамыс, Қобыланды ұрпақтары айтылмайды. Ноғайлы жырларына көбінесе Батыс Қазақстан тұрғындарының арасында туып, сақталған Мұса, Мамай, Орақ, Қарасай, Қазі жырлары жатады.

Ноғайлы жырлары тізбегіндегі «Ер Тарғын» және Абыл, Нұрым, Мұрын жыраулар арқылы жеткен Қырымның қырық батыры (Нұрадин, Орақ-Мамай, Қарасай-Қазі) туралы жырлар, «Ер Қосай», «Ер Сайын» т.б. жырлары ауызша дамыған қазақ әдеби тілімен іліктесіп келіп, бір жағынан оның нәр алған қайнар көзін құрайды.

Міне, бүгінде қазақ әдебиетінің, әдеби тілінің қайнар көздерінің бірінен саналатын «Қырымның қырық батырының» сақталып қалып, әдебиеттің қажетіне жаратуға ықпал еткен адамның бірі жырау Мұрын Сенгірбайұлы болса, ғылыми айналымға түсіп, бірнеше зерттеу еңбектедің нысанына айналуына тікелей ықпал еткен - Кеңес Одағы мен Қазақстанның металлогения мектебінің негізін салушы, қазақтың шыққан тұңғыш академигі Қаныш Сәтбаев.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б.
2. Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. – Алматы: Ғылым, 1978. – 163 б.
3. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 320 б.
4. Әденұлы А. Академик арқа сүйеген азамат // <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/12300>
5. Мұрын жыраудың өмірбаяны және қысқа өлеңдері. – 7 бет, 145 жол, 1942 ж. жазып алынған. – 330. – №5
6. Мағауин М. Ғасырлар бедері: Әдеби зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 432 б.

ӘОЖ 171.0

ГУМАНИЗМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ БІРЛІГІ Қ.И. СӘТБАЕВ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Солощенко, П.П., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

Караконисова С.Г., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қазіргі әлемдегі ғылымның жаһандық маңыздылығы жағдайында ғылыми қызметтің гуманистік мәнділігі туралы пікірталастар әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулердің басты бағыты болып қала береді. Сонымен қатар, гуманизм мен ғылымның өзара байланысы туралы мәселелерді талқылау қажеттілігі үнемі артып келеді және ғылымнан шындық туралы жаңа білімге трансценденттік серпілістерді мен ғалымдардың гуманитарлық тиімділігі мен олардың планетарлық масштабтағы көптеген адамдар үшін қол жетімділігі үшін жауапкершілігімен оңтайлы үйлестіруді талап ететін әлеуметтік тәжірибеден жаңа серпін алады. Ғылыми іс-әрекет өзінің онтологиялық мәні бойынша шындықтың екі негізгі деңгейін байланыстырады – айқындылық деңгейі (танылатын объектілер туралы бастапқы әсерлері) және идеалды айқындылық деңгейі (санамен құрылған мағыналар). Дәл осы сапада ғылым адамның өмір әлеміне енеді. Адамның өмір әлемі, айқындылықтар әлемі және идеалды болмыстар әлемі арасындағы тұрақты корреляцияның болмауы техногендік өркениеттің дағдарысын білдіреді. Ғылыми іс-әрекеттің өзі адамға қауіп төндірмейді, бірақ адамның ғылымның шынайы мәртебесін елемейді. Ғылыми қызмет – бұл объективті-идеалды болмыстар әлемі ғана емес, сонымен қатар оларға жету жолдары, ғылымның өмір әлемінің сұраныстарына сәйкес келу қабілеті. Соңғысын ұмыту ғылымды математикаландырудың, формальдаудың, техникаландырудың абстрактісіне айналдырады. Бірақ мұндай ғылым уақыттың киындықтарына қарсы тұра алмайды және дәрменсіз. Ғалымдардың ғылыми қызметінің сипаты олардың белгілі бір этикалық ұстанымын қабылдауға мәжбүр етеді, оның негізі, ең алдымен, адамдардың әл-ауқаты, денсаулығы мен

қауіпсіздігі болып табылады. Адам үшін өмірлік маңызды қатынастардың бүкіл кешенін жақсартуды қамтамасыз етудің негізгі міндеті, негізінен, ғалымдарсыз, жеке тұлғаны дамыту және әлеуметтік ұйымның сапасын арттыру мақсатында олар пайдалана алатын ғылымның ерекше күшінсіз шешілмейді. Жауапкершілік этикасы ғылыми гуманизмнің негізі бола отырып, бүкіл қоғам үшін маңызды құндылықтарды басшылыққа алады, бірақ сонымен бірге ол ғалымдарға бұрыннан бар құндылық бағдарларын жетілдіруге және жаңа құндылық бағдарларын ұсынудың рационалдық теориялық негізін құруға мүмкіндік береді.

Сондықтан гуманизм мен ғылымның бірлігі органикалық өмірлік ұстаным болған көрнекті ғылым қайраткерлерінің шығармашылық мұрасын игеру үлкен маңызға ие. Дәл осындай ғалымдарға Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жатады, оның қызметі отандық қана емес, әлемдік ғылымның алтын қорына мәңгілікке енген. Қ.И. Сәтбаев қоғамның өркендеуі үшін өзін толығымен адамдарға берген ғалым мен адамның ең жақсы қасиеттерін бейнеледі. Оның өмірі мен қызметі еліміздің қалыптасуы мен дамуының ең қарбалас жылдарымен, соғысқа дейінгі алғашқы бесжылдықтармен, Ұлы Отан соғысының қиын жылдарымен, соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтірумен сәйкес келді.

Қ.И. Сәтбаев ғылымды қоғам дамуының негізі деп санады. Ол ғылыми жетістіктерсіз экономикада да, әлеуметтік салада да шынайы прогреске қол жеткізу мүмкін емес деп тұжырымдады. Ол өз еңбектерінде ғылым қоғамның нақты мәселелерін шешуге бағытталуы керек екенін атап өтті. Мысалы, оның геология және минералогия саласындағы зерттеулері Қазақстанда пайдалы қазбалардың бай кен орындарының ашылуына алып келді, бұл өңірдің экономикалық дамуына ықпал етті. Ғалым ғылымның ұлттық даму үшін маңыздылығын үнемі атап өтті және өзінің ғылыми қорын дамытпай мемлекеттің өркендеуі мүмкін емес екеніне сенімді болды. Ол ғылымның мемлекеттік саясатқа интеграциялануына белсенді үлес қосты, тек ғылыми жетістіктер арқылы елдің халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге болатындығын түсінді. Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми жұмыстарына тән белгілердің бірі – мәселелерді кешенді шешуге тырысу, алынған фактілердегі басты нәрсені көруге ұмтылу, олардың қоғамның қажеттіліктерімен өзара байланысын көрсету, зерттеу қызметінің түпкілікті нәтижелері туралы нақты түсінікті қалыптастыру. Мысалы, Жезқазған өнеркәсіптік ауданының құрылуына, қалыптасуына және дамуына байланысты туындайтын күрделі проблемалық мәселелердің жиынтығын жан-жақты және мұқият зерделеу негізінде ол оларды практикалық шешудің жолдары мен шараларын табады, оларға мемлекеттік органдар мен жұртшылыққа назар аударады. 1932 жылы жарияланған «Сарыарқа» мақаласында ғалым қазақтың ұсақ шоқылықтың табиғи байлығына қысқаша, бірақ өте ауқымды сипаттама береді және оларды ұтымды игеру шараларын ұсынады. Бір қызығы, Қ.И. Сәтбаев өнеркәсіптік кәсіпорындардың жұмысшыларының демалысы мен денсаулығын қалпына келтіру үшін жағдай жасауға ерекше мән береді: «Ұлытауда демалыс орнын ұйымдастыру мұнда үлгілі шипажайдың құрумен тығыз байланысты. Ал жыл бойы демалыстар мен демалыстардың үздіксіз жүйесін қамтамасыз ету Ұлытау тауларында жұмысшылар үшін үлгілі-жабдықталған демалыс орны құрылған жағдайда ғана мүмкін болады» [1;206].

Қ.И. Сәтбаев ғылым мен білім арасындағы тығыз байланысты көрді. Ол ғылымның дамуы жақсы дайындалған мамандарсыз мүмкін емес деп есептеді. Сондықтан кадрларды даярлауға, білім беру мекемелер мен ғылыми зерттеулерді дамытуға көп көңіл бөлді. Қ.И. Сәтбаев Қазақстан Ғылым академиясын құрудың бастамашысы болды, бұл Республиканың ғылыми әлеуетін қалыптастырудағы маңызды қадам болды. Оның күш-жігерінің арқасында Ғылым академиясы еліміздің үздік ақыл-ойларын біріктіріп, ғылыми пәндердің дамуына ықпал ете отырып, Қазақстандағы ғылыми зерттеулер орталығына айналды. Ғылыми кадрларды даярлауға көп көңіл бөле отырып, Қ.И. Сәтбаев жоғары білім беруді дамытуды белсенді қолдады, ғылыми-зерттеу институттары мен университеттерін құруға қатысты, жас ғалымдарды шетелге оқуға жіберуге ықпал етті. Бұл елімізге ғылымды дамытуды жалғастырған жоғары білікті мамандардың жаңа буынын тәрбиелеуге мүмкіндік берді. 1963 жылы жарияланған «Молшылық бұлақтары» мақаласында ғалым табиғаттың барлық байлығын тиімді пайдаланудың жаңа мүмкіндіктерін жасайтын ғалымдардың қызметі адамдардың өмір сүру сапасының өсуіне қалай әсер ететініне мысалдар келтіреді. Ғалымдар ғылымның гуманистік күшіне деген сенімді басшылыққа алуы керек: «Болашақ ғылым адамзат қоғамының әл-ауқат пен бақытқа жету мақсаттарына толық қызмет ете алады. Ол адамдарға барлық материалдық қажеттіліктерді қанағаттандырып қана қоймай, жан-жақты рухани гүлденуді қамтамасыз ететін молшылық туралы ең үлкен арманды жүзеге асырады» [1;174].

Ғылыми прогрестің негізгі қозғаушы күші ғылымды білетін, түсінетін және сүйетін адам болып қалатынын түсіне отырып, Қ.И. Сәтбаев білім берудегі өзгерістерді қоғамның экономикалық,

элеуметтік және мәдени өміріндегі тиісті өзгерістермен байланыстыра отырып, мектептегі оқыту жүйесін елеулі қайта құру қажеттілігіне барынша назар аударды. Қазіргі Қазақстанда да өзекті болып қалатын мәселе. Ғалым мұндай қайта құру бірқатар маңызды факторларға қатысты екеніне сенімді болды: мұнда балалар ұжымын ұйымдастыру, сабақ құрудағы үлгі мен догматизмді жеңу, политехникалық пәндері мен практика арасындағы органикалық байланысты орнату, мұғалімдерді жақсы даярлау. «Өкінішке орай өте сирек айтылатын мәселені бөлек атап өтейік: оқытудың ғылыми деңгейін арттыру, оқушылардың ғылымға деген сүйіспеншілігін, ғылым саласында ашылмаған жаңалықтарға деген ұмтылысын тәрбиелеу» [1;333] – деп жазды Қ.И. Сәтбаев 1961 жылы жарияланған «Мектеп және уақыт» мақаласында. Сонымен бірге, ғалым проблеманың бар екенін айтып қана қоймай, оны шешу туралы өзінің көзқарасын ұсынады: «Бағдарламаларды ең маңыздысына, ең бастысына, заңдылықтарды зерттеуге назар аударатын отырып, ақпараттың көптігінен босату керек емес пе?... Егер оқушының ойы көбінесе механикалық есте сақтаудан гөрі талдау, жалпылау жолымен жүрсе, онда оқу процесінің өзі жемісті, қызықты болар еді» [1;333-334].

Қ.И. Сәтбаев үшін ғылыми зерттеулер қоғамның барлық салаларын дамытудың неғұрлым сапалы деңгейіне қол жеткізу құралы болып табылатындығын оның гуманитарлық ғылымдарға деген шынайы қызығушылығын дәлелдейді. Оның негізгі үлесі жаратылыстану ғылымдарына, әсіресе геологияға қатысты болса да, оның қызметі, әрекеті гуманитарлық ғылымдарға, атап айтқанда, Қазақстандағы мәдениеттің, білімнің және тарихи зерттеулердің дамуына айтарлықтай әсер етті. «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін Мұхтар Әуезовке Мемлекеттік сыйлықтың берілуін құптай отырып, Қ.И. Сәтбаев шығарманың көркемдік қадір-қасиетін ғана емес, сондай-ақ романның қоғамдағы мәдениеттің жалпы өрлеуіне, әр адамның шығармашылық күшінің өсуіне тигізетін зор ғылыми-танымдық маңызын атап өтті [1;303-308].

Қ.И. Сәтбаев қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеу мен дәріптеуге белсенді үлес қосты. Ол мәдени мұра мен дәстүрді сақтаудың маңыздылығын түсінді. Оның осы бағыттағы күш-жігері этнографиялық және тарихи сипаттағы зерттеулерді қолдау мен насихаттауды қамтыды. Оның ғылыми зерттеулер мен білім беру жобаларын қолдауы ғылыми зерттеулердің осы бағыттарын дамытуға жағдай жасады. Ол гуманитарлық ғылымдарды дамыту орталықтарына айналған ғылыми және мәдени мекемелердің құрылуына ықпал етті. Осылай, 1941 жылы жарияланған «Жезқазған ауданындағы тарихтан бұрынғы ескерткіштер» мақаласында геологиялық экспедициялар кезінде жасалған тарихи жәдігерлердің олжаларын сипаттай отырып, Қ.И. Сәтбаев бұл мақала «негізінен археологтар мен өлкетанушыларға осы аймақтағы зерттеушілерді қандай алуан түрлі материал күтетінін көрсету үшін жасалған» деп атап өтті [1;87]. Қ.И. Сәтбаевтың еңбектерінен көптеген үзінділерді Орталық Қазақстанның ежелгі материалдық мәдениетін зерттеуге арналған зерттеулерден табуға болады [Қараңыз: 2].

Қ.И. Сәтбаевтің оқушысы және ісін жалғастырушы академик Ш. Чокін былай деп жазды: «Ол үшін өмірдің басты қуаныштарының бірі – адам арасындағы қарым-қатынастың қуанышы болды. Оның айналасында таптырмас тартылыс өрісін құрған оның сүйкімділігі осы бақытты қажеттілікті тамаша қанағаттандырды. Ол адамға сенді, адамның шексіз мүмкіндіктеріне сенді. Ол кез-келген адамды ғалым, жасампаз қып тәрбиелеуге болады деп сенді. Ол адамның тағдыры тәрбиешінің қолында екенін айтты» [3; 17]. Ал Қ.И. Сәтбаевтің өзі 50 жылдық мерейтойына арналған ҚазКСР Ғылым академиясының отырысында: «Менің өмірім мен қызметімнің өткен жылдарында жасаған барлық істерім қарапайым сезім мен Отанымыздың халықтарының жаңа өмірін құруға өз кірпішімді табуға және салуға деген ұмтылыстан туындады», - деп жауап берді [1;427].

Ғылымның көрнекті өкілдерінің өмірі мен шығармашылығы, бұл, әрине, Қ.И.Сәтбаевқа да қатысты, ғалымдардың жауапкершілігі олардың қоғамның қазіргі мәселелерін шешуге белсенді қатысуын көздейтінін айқын көрсетеді. Шынайы ғалымның қызметі арнайы зерттеулер аясында жабылмайтынын ескеру маңызды. Ол сонымен қатар осы зерттеулердің нәтижелерін адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту туралы нақты сұрауларымен байланыстыруға деген ұмтылысты қамтиды. Көбінесе ғалым өзінің мамандығы бойынша элеуметтік маңызы бар мәселелер бойынша кеңесші немесе сарапшы ретінде әрекет етеді. Ғалымның мәдени функционалдығының мұндай кеңеюі – ғылымның элеуметтік қатынастар жүйесіне интеграциясының күрделенуінің заңды салдары болып табылады. Сондықтан ғылыми қоғамдастықтың өзінде ғалымдардың элеуметтік жауапкершілігінің шекараларын кеңейтуге байланысты айтарлықтай өзгерістер орын алуда. Бір жағынан, жауапкершілік этикасының объективі арқылы ғылым жетістіктерін практикада қолданудың салдары ғана емес, оның жүзеге асырылған жобалары, сонымен қатар зерттеу процестерінің өзі, ғылыми қызметтің ішкі әлемі қарастырылады. Екінші жағынан, ғылымның элеуметтік жауапкершілік субъектісінің мәртебесін түсіну өзгереді. Екпін ғылымның жалпы, сондықтан абстрактілі бейнесінен жекелеген ғылыми

пәндерге, проблемалық салаларға, зерттеу топтарына, ал жаһандық тұрақсыздықтың артуымен белгілі бір ғалымға ауысады. «Егер ғалымдардың әлеуметтік жауапкершілігі, ғылымдағы моральдық, этикалық принциптің рөлі экспоненциалды түрде өспесе, онда адамзат пен ғылымның өзі арифметикалық прогрессияда да дами алмайтындығы туралы түсінік айқын көрінеді» [4;163].

Осылайша, гуманизм мен ғылымның бірлігіне көзқарасты әлеуметтік прогрестің негізгі шарты ретінде қабылдау ғылыми қызметте шындықты іздеуді ғылыми ізденістің этикалық реттегіштерін кеңейтумен байланыстыруға, шындықтың өзіндік құндылығы туралы идеяны шындықтың қажетті алғышарты ретінде адамгершілік туралы идеялармен үйлестіруге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда ғылыми қызмет тек технологиялық қосымшаларды ғана емес, сонымен бірге оның нәтижелері қоғамның нақты сұраныстарын мен адамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беруін талап ете бастады. Қарапайым адамның күнделікті қажеттіліктері мен мүдделеріне жақын салалардағы ғылыми қызметтің практикалық тиімділігінің артуы ғылым мен технологияның дамуын жеделдететін маңызды факторға айналуда. Жалпы алғанда, қазіргі ғылыми қызметтің маңызды айрықша сипаттамаларының бірі адамгершілік мәселелеріне қатысты өзгеретін орын болады деп айтуға болады. Ұзақ уақыт бойы ғылым бейтараптық идеалдарын, сенімді білім алудың кепілі ретінде адамгершілік құндылықтардан бостандықты қорғады. Бүгінгі таңда жағдай айтарлықтай күрделене түсті: бұл идеалдардан мүлдем бас тарту туралы емес, дегенмен моральдық өлшем ғылым зерттейтін шындықтың да, ғылыми білімнің де маңызды сипаттамасы ретінде қабылдана бастайды.

Қ.И. Сәтбаевтың барлық қызметі ғылымда құндылықты бейтарап зерттеу идеалы барған сайын өзгеріп жатқанын айтады. Объективті түрде «адамөлшемді» объектілерге қатысты шынайы түсініктеме мен сипаттама түсіндірме ережелерінің құрамына аксиологиялық факторларды қосуды ұсынады. Иргелі ғылыми құндылықтардың (шындықты іздеу, білімнің өсуі) жалпыәлеуметтік сипаттағы ғылыми емес құндылықтармен байланысын экспликациялау қажеттілігі туындайды. «Ғылыми таным өзінің дамуының әр кезеңінде белгілі бір тарихи дәуір мәдениетінің жалпы жай-күйімен, оның құндылық бағдарларымен және дүниетанымымен анықталатын қоғам өмірінің ерекше бөлігі ретінде оның өмір сүруінің әлеуметтік жағдайлары мен оның әлеуметтік салдары тұрғысынан қарастырыла бастайды» [5;164].

3) Мәтіндік жауапты немесе суретті қажет ететін бөлім[2]. Жауапты енгізгеннен кейін дұрыстығын тексеру үшін келесі рубрикаға көшу жүргізіледі.

Бағдарлама деректер базасында пайдаланушы әрекеттерінің жазбасын – журналды сақтайды. Журналды талдауды мұғалім бағалау үшін немесе кеңес беру көмегі үшін жасай алады. 2-суреттегідей бағдарламада том, бағдарлама, бөлім реті, ақпарат көрсетіледі. Тестілеу аяқталғаннан кейін студенттердің «Химиялық байланыс» бөлімін қаншалықты меңгергенін көрсететін журнал файлдары талданды.

Дұрыс. Электртерістіліктің сандық мәндерін америкалық ғалым Л.Поллинг есептеп тапқан. Электртерістіліктің шкаласын да ұсынған осы ғалым. Литийдің электртерістілігі шартты түрде бірге тең деп алынған. Басқа элементтердің электртерістілігін соған сәйкестендіріп есептейді. Металдардың электртерістілігі, әдетте, екіден кем, ал бейметалдардікі екіден артық болады. Екінші периодта, Li-Be-...-F элементтер қатарында не артады?


Период	Топтар							
	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII
1	H 2,1							
2	Li 1,0	Be 1,5	B 2,0	C 2,5	N 3,0	O 3,5	F 4,0	
3	Na 0,9	Mg 1,2	Al 1,5	Si 1,8	P 2,2	S 2,5	Cl 3,0	
4	K 0,8	Ca 1,0				Se 2,4	Br 2,8	
5	Rb 0,8	Sr 0,9					I 2,6	
6	Cs 0,7	Ba 0,8						

Выбор ответа
 Атом радиусы
 Электртерістілік
 Дальше

2-сурет. «Химиялық тренажер» бағдарламасының 6 бөлімі

Эксперименттік топқа эксперименттік оқыту әдісі қолданылды, яғни химияны бағдарламалап оқыту, ал бақылау тобында дәстүрлі оқыту әдісін қалдырды. Химия пәнінен белгілі бір тақырып бойынша тестілеу нәтижесінде (тест 5 тапсырмалардан тұрады) оқушылардың білім деңгейі тексерілді (әрқайсысы бойынша дұрыс жауаптар саны). Бағалау шкаласы – 15 балл.

Мақсатқа жету үшін эксперимент жүргізу, нәтиже алу және бағдарламаланған әдістің тиімділігін зерттеу мақсатында құрылған «Химиялық байланыс түрлері» тақырыбында 8-сыныпқа арналған «химиялық тренажер» электронды оқу құралы әзірленді. Химиялық тренажер «Әл-Фараби атындағы мектеп- гимназиясы» КММ мектебінде қолданылды, 8«Б» бақылаушы және 8«В» экспериментальдық топтарында нәтижелерді диагностикалау үшін оның тиімділігі зерттелді.



1-диаграмма. Бақылау тобымен эксперименттік топтың эксперименттен кейінгі нәтижелерін салыстыру

Манна-Уитни критерийі бойынша екі тәуелсіз таңдаманы, яғни, бақылаушы және эксперименттік топтың кейінгі нәтижелерін салыстырғанда, альтернативті гипотеза, яғни айырмашылық гипотезасы қабылданды $U_{ЭМП} = 164.5$. Эксперименттік топтың нәтижесі бақылаушы топтан жоғары екенін көрсетеді. Стьюдент критерийі бойынша екі тәуелді таңдама, яғни эксперименттік топтың дейінгі және кейінгі нәтижелерін салыстырғанда, альтернативті гипотеза, яғни айырмашылық гипотезасы қабылданды $t_{ЭМП} = 14.5$. Бұл, эксперименттен кейін нәтиженің жақсарғанын көрсетті.

Эксперимент нәтижелеріне сүйене отырып, негізгі химия курсының жеке тақырыптарын оқу кезінде бағдарламаланған оқыту элементтері бар тренажерді пайдалану студенттердің оқу материалын меңгеру табысын арттыруға мүмкіндік берді деп қорытынды жасауға болады. Сауалнама көрсеткендей, әдістің жаңашылдық элементі және экспериментке тікелей қатысу студенттердің ынтасына күшті әсер етіп, эксперимент барысына оң әсер етті. Бағдарламаланған тренажерды жасау кезінде оқытудың дидактикалық принциптерін басшылыққа алу қажет. Топтың оқу деңгейіне қарай мұғалімге бағдарламалардың құрылымына өзгерістер енгізу қажет болуы мүмкін, бұл оқытудың осы әдісінің сөзсіз артықшылығы болып табылады.

Эксперимент мақсатына жету үшін «Химиялық тренажер» кітабындағы материал негізінде орта мектепте химияны бағдарламалап оқыту курсының мазмұнын әзірледік. Осы материал негізінде «Химиялық тренажер» кітабындағы материалды зерттеуді автоматтандыратын қолданбалы интерфейс әзірленді. Тапсырмалары бар мәліметтер базасы жасалды. Эксперимент нәтижесі мен қатысушылардың сауалнамаларын талдау нәтижелері әзірленген кешенді мектепте химия пәнін оқу кезінде пайдалануға болатынын көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. A tutorial on machine learning in educational science / L. Kidzinski [et al.] // State-of-the-Art and Future Directions of Smart Learning (Lecture Notes in Educational Technology) / Eds. Y. Li [et al.]. Singapore: Springer, 2015. P. 453— 459.
2. Teoh S., Chee Keong C., Nerda Z. ICT versus Conventional Teaching and Learning Approach in Education: An Overview of Advantages and Disadvantages / Proceedings of the 2nd Young Researchers' Quantitative Symposium (26 November 2019). – Malaysia, 2019. – P. 26–31.
3. Kulik Chen-Lin C., Schwalb Barbara J. & Kulik James A. Programmed Instruction in Secondary Education: A Meta-Analysis of Evaluation Finding // The Journal of Educational Research. – 1982. – № 75 (3). – P.133-138.
4. Нентвиг Й. Химический тренажер: Программированное пособие для средней школы / Й. Нентвиг, М. Кройдер; пер. с англ К. Моргенштерн. – М.: Мир, 1986. – 535 с.
5. Темиров Д.Е., Кокибасова Г.Т. Программированный курс химии как эффективный метод обучения в средней образовательной школе/ Актуальные направления развития науки и образования в области естествознания: сборник научных трудов международной научно-практической

ӘОЖ 541.11

АЛЮМИНАТТАРДЫҢ ТЕРМОДИНАМИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРЫН М.АЛДАБЕРГЕНОВ ИНКРЕМЕНТТЕРІ АРҚЫЛЫ ЕСЕПТЕУ

Кокибасова Г.Т., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Химия факультеті, Қарағанды, Қазақстан


Куттыбай Г.Ж., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Химия факультеті, Қарағанды, Қазақстан

Алюминаттар – $mMxOy - nAl_2O_3$ (тотығу күйіндегі металл немесе металдар +1; +2; +3) оксидтерінің типті қосылыстары, сондай-ақ гидроксо- немесе оксоалюминаттар – күрделі тұздар, алюминий атомдары бар гидроксо және оксо топтары, анионды комплекс түзеді.

Алюминаттардың бағытталған синтезі және олардың қатысуымен реакциялардың жүру мүмкіндігін анықтау үшін олардың термодинамикалық константаларын білу қажет. Әдебиетте полиалюминаттардың термодинамикалық константалары жоқ, ал ортоалюминаттар үшін олар өте толық емес түрде ұсынылған. Бұл жағдай алюминаттардың термодинамикалық функцияларын есептеудің белгілі әдістерін қолдануды қиындатады.

Бұл жұмыста стандартты термодинамикалық функциялар келтірілген: түзілу энтальпиялары, Гиббс энергиясы, сілтілі және сілтілі-жер элементтері алюминаттарының энтропиясы мен жылу сыйымдылығы, иондық кремента әдісімен есептелген [1,2]. Қоспалар аддитивтілік принципіне негізделген термодинамикалық қасиеттерді есептеу үшін ыңғайлы. Бұл жағдайда заттың термодинамикалық қасиеті оның компоненттерін құрайтын шартты термодинамикалық тұрақтылардың қосындысымен анықталады (бұл жағдайда иондар).

Алюминий иондарының және т.б. өсінділерінің мәнін анықтау үшін М. К. Алдабергенов ұсынған келесі негізгі ережелер ұсынылған: полимерлі қосылыстар бірдей құрылымдық бірлікке өсетін гомологиялық қатарларды құрайды. Алюминий қатарлары көбейеді AlO_2^- және AlO_3^{3-} .



Әр қатардың алғашқы мүшелерінің, иондарының өсуі AlO_2^- және AlO_3^{3-} анықтамалық мәліметтерден анықталған [3-5], ал қалған иондардың өсуі жоғарыда аталған әдістеме бойынша табылған.

Гомологиялық қатарларды құрастыру сілтілі және сілтілі жер элементтерінің барлық белгілі полиалюминаттарының термохимиялық көрсеткіштерін есептеуге мүмкіндік береді.

Химиялық реакциялар мен олармен бірге жүретін процестердің жалпы заңдылықтарын сипаттайтын термодинамикалық тәжірибелер, сондай-ақ соңғы жылдары фазалық тепе-теңдіктің химиялық термодинамикасы тез дамып келеді.

Полимерлі қосылыстар үшін термохимиялық функциялардың мәндерін есептеу әдістерін қолдану белгілі бір шектеулерге тап болады.

Бейорганикалық полимерлі қосылыстардың термодинамикалық функцияларын есептеу үшін иондық қосу әдісі қолданылды [6]. Термодинамикалық индикатордың шартты құрамдас бөліктері немесе қосылыс принципіне негізделген термодинамикалық қасиеттерді есептеу үшін ыңғайлы.

Кез-келген қатар ионының инкременті қатардың бірінші мүшесінің қосындысына әр қатар үшін тұрақты ион өсуінің қажетті саны қосылумен анықталады. Бұл жағдайда заттың термодинамикалық қасиеті оны құрайтын компоненттердің (иондардың) шартты термодинамикалық константаларының қосындысымен анықталады.

Бейорганикалық полимерлі қосылыстар бір ионға көбейетін гомологиялық қатарларға орналастырылған. Осындай гомологиялық қатарларда орналасқан полимерлі қосылыстардың термодинамикалық функцияларын есептеу үшін ионды инкремент әдісі ең қолайлы және перспективалы болады [7].

Осы әдіс бойынша кристалды тұз түзілуінің стандартты энтальпиясы ΔH_{298}^0 және қатты тұздың Гиббс энергиясы ΔG_{298}^0 , S_{298}^0 , C_{p298}^0 келесі формулалар бойынша есептеледі:

$$\Delta_f H^0_{298} [M_m(X_\alpha O_\beta)_n(\text{тз})] = m \Delta_f H^0_{298} [M^{n+}_{(p-p, H_2O, \text{ст.с.})}] \cdot K + n \Delta_f H^i_{298} (X_\alpha O_\beta)^{m-} \quad (1)$$

$$\Delta_f G^0_{298} [M_m(X_\alpha O_\beta)_n(\text{тз})] = m \Delta_f G^0_{298} [M^{n+}_{(p-p, H_2O, \text{ст.с.})}] \cdot K + n \Delta_f G^i_{298} (X_\alpha O_\beta)^{m-} \quad (2)$$

$$S^0_{298} [M_m(X_\alpha O_\beta)_n(\text{тз})] = m S^0_{298} [M^{n+}_{(p-p, H_2O, \text{ст.с.})}] \cdot K + n S^i_{298} (X_\alpha O_\beta)^{m-} \quad (3)$$

$$C^0_{298} [M_m(X_\alpha O_\beta)_n(\text{тз})] = m S^0_{298} [M^{n+}_{(p-p, H_2O, \text{ст.с.})}] \cdot K \cdot N + n \Delta C^i_{p, 298} (X_\alpha O_\beta)^{m-} \quad (4)$$

мұндағы М – металл;

X – тұз түзуші элемент;

O – оттегі;

n, m – катиондар мен аниондардың зарядтары;

α, β – тұз түзетін элемент пен оттегі атомдарының саны;

$\Delta_f H^0_{298} [M^{n+}_{(ер, H_2O, \text{ст.ж})}]$, $\Delta_f G^0_{298} [M^{n+}_{(ер, H_2O, \text{ст.ж})}]$, $S^0_{298} [M^{n+}_{(p-p, H_2O, \text{ст.с.})}]$ – стандартты күйдегі сулы ерітіндідегі металл ионының түзілу энтальпиясының, Гиббс энергиясының, энтропияның стандартты мәндері;

$\Delta_f H^i_{298} (X_\alpha O_\beta)^{m-}$, $\Delta_f G^i_{298} (X_\alpha O_\beta)^{m-}$, $S^i_{298} (X_\alpha O_\beta)^{m-}$ – аниондардың түзілу энтальпиясының, Гиббс энергиясының, энтропияның инкременті.

K – пропорционалдылық коэффициенті.

Пропорционалдылық коэффициенті кристалдық күйдегі қосылыстың термохимиялық функцияларының мәндерінің стандартты жағдайларда сулы ерітіндідегі мәніне қатынасын сипаттайды (мысалы, түзілу энтальпиясы үшін келтірілген):

$$K = \frac{\Delta_f H^0_{298} [M_m(X_\alpha O_\beta)_n]}{\Delta_f H^0_{298} [M_m(X_\alpha O_\beta)_n(ер, H_2O, \text{ст.ж})]} \quad (5)$$

K- шамаларының өзгеруін талдау оның алюминаттардың полимер тізбегінің өсуімен іс жүзінде тұрақты болатынын көрсетеді. Осыған байланысты болжам қабылданды: полимер тізбегінің өсуімен әр гомологиялық қатарда K тұрақты болып қабылданды.

Литий алюминаттарының термодинамикалық көрсеткіштерін есептеу

В.П.Глушко анықтамалықтағы заттардың термодинамикалық тұрақтылары [8]:

$$\Delta_f H^0_{298} [Al^{3+}_{(ер, H_2O, \text{ст.ж})}] = - 529,7 \text{ кДж/моль}$$

$$\Delta_f G^0_{298} [Al^{3+}_{(ер, H_2O, \text{ст.ж})}] = - 489,8 \text{ кДж/моль}$$

$$\Delta_f H^0_{298} [Li^+_{(ер, H_2O, \text{ст.ж})}] = - 278,4 \text{ кДж/моль}$$

$$\Delta_f G^0_{298} [Li^+_{(ер, H_2O, \text{ст.ж})}] = - 292,3 \text{ кДж/моль}$$

Термодинамикалық есептеулердің мысалдары

1. LiAlO_2

$$\Delta_f H_{298}^0 [\text{LiAlO}_2] = -278,4 \cdot 0,96 + (-903,2) = -1170,464 \text{ кДж/моль}$$

$$\Delta_f G_{298}^0 [\text{LiAlO}_2] = -292,3 \cdot 0,97 + (-815) = -1098,531 \text{ кДж/моль}$$

2. $\text{Li}_2\text{Al}_4\text{O}_{16}$

$$\Delta_f H_{298}^0 [\text{Li}_2\text{Al}_4\text{O}_{16}] = 2 \cdot (-278,4) \cdot 0,96 + (-8586,6) = -9121,128 \text{ кДж/моль}$$

$$\Delta_f G_{298}^0 [\text{Li}_2\text{Al}_4\text{O}_{16}] = 2 \cdot (-292,3) \cdot 0,97 + (-8049,9) = -8616,962 \text{ кДж/моль}$$

3. Li_3AlO_3

$$\Delta_f H_{298}^0 [\text{Li}_3\text{AlO}_3] = 3 \cdot (-278,4) \cdot 0,96 + (-1034,2) = -1835,992 \text{ кДж/моль}$$

$$\Delta_f G_{298}^0 [\text{Li}_3\text{AlO}_3] = 3 \cdot (-292,3) \cdot 0,97 + (-862,8) = -1713,393 \text{ кДж/моль}$$

4. $\text{Li}_2\text{Al}_2\text{O}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}$

$$\Delta_f H_{298}^0 [\text{Li}_2\text{Al}_2\text{O}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}] = 2 \cdot (-278,4) \cdot 0,96 + (-1806,4) + 0,5 \cdot (-310,72) = -2496,288 \text{ кДж/моль}$$

$$\Delta_f G_{298}^0 [\text{Li}_2\text{Al}_2\text{O}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}] = 2 \cdot (-292,3) \cdot 0,97 + (-1630,1) + 0,5 \cdot (-237,02) = -2315,672 \text{ кДж/моль}$$

Литий алюминаттарының түзілу энтальпиясының Гиббс энергиясының, энтропиясы мен жылу сыйымдылығының есептелген термодинамикалық мәндері кестеде берілген.

1-кесте - Литий алюминаттарының түзілу энтальпиясының Гиббс энергиясының, энтропиясы мен жылу сыйымдылығының термодинамикалық мәндері

№	Химическая формула	$-\Delta_f H_{298}^0$, кДж/моль	$-\Delta_f G_{298}^0$, кДж/моль	S_{298}^0 , Дж/моль·К	C_p^0 , Дж/моль·К
1	Li_2O	598,30	561,20	39,87	54,05
2	Al_2O_3	1675,70	1582,30	50,92	79,04
3	LiAlO_2	1170,46	1098,53	28,04	24,69
4	Li_5AlO_4	2501,52	2328,26	38,49	-39,78
5	$\text{Li}_2\text{Al}_4\text{O}_7$	4035,88	3779,36	107,08	128,48
6	LiAl_5O_8	4560,56	4308,73	136,44	180,29
7	$\text{Li}_2\text{Al}_2\text{O}_4$	2340,93	2197,16	56,08	49,48
8	Li_3AlO_3	1835,99	1713,39	33,32	-4,83
9	$\text{Li}_2\text{Al}_{10}\text{O}_{16}$	9121,13	8616,96	272,88	360,68
10	LiAl_3O_5	2865,51	2676,83	78,94	103,79
11	$\text{Li}_{10}\text{Al}_2\text{O}_8$	5003,04	4656,41	76,99	-68,99

Барлық белгілі литий алюминаттарының термодинамикалық функциялары иондық инкремент әдісімен есептелген. Түзілу энтальпиясы үшін салыстырмалы қателер 1,6% - дан аспайды, ал Гиббс энергиясы үшін 2,3%. Бұл әртүрлі поликонденсация дәрежесіндегі кез келген алюминаттардың термодинамикалық көрсеткіштерін есептеу үшін иондық қосу әдісін қолдану мүмкіндігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. В.П. Исупов, А.С. Чупахина //Авторское свидетельство № 1648900А1. Способ получения гидроксоалюминатов лития.
2. Алдабергенов М.К., Балакаева Г.Т. //Журн. физ. химии.- 1993. - Т. 67. № 3. - С. 425.
3. Черкинский Ю.С. Химия полимерных неорганических вяжущих веществ. – Л.: Химия, 1979. – 224с.
4. Термические константы веществ. Справочник / Под ред. В.П. Глушко. М.: ВИНТИ, 1981. - Х. Ч. I. - 299 с.
5. Касенов Б.К., Алдабергенов М.К., Пашинкин А.С. Термодинамические методы в химии и металлургии. - Алматы: Рауан «Демеу», 1994.

6. Кокибасова Г.Т. Автореферат диссертации – Синтез и термохимия алюминатов щелочных и щелочноземельных элементов. - Караганда,1998.

7. Карапетьянц М.Х., Карапетьянц М. Л. Основные термодинамические константы неорганических и органических веществ. - М.: Химия, 1978. - 468 с.

8. Термодинамические константы веществ. Справочник //Под ред. В.П. Глушко. – М.:ВИНИТИ, 1981. - 440с.

УДК 622.765.061.28

СІБІР БАЛҚАРАҒАЙ МАЙЫНЫҢ ФЛОТАЦИЯЛЫҚ БАЙЫТУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ИНТЕНСИФИКАЦИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Кутжанова К.Ж., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Қарағанды, Қазақстан

Есенбекова С.К., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Қарағанды, Қазақстан

Пернебай М.Ә., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Қарағанды, Қазақстан

Кендерді флотациялық байыту тау-кен өнеркәсібіндегі құнды минералдарды бос жыныстардан тиімді бөлуге мүмкіндік беретін негізгі процесс болып табылады. Флотация процесінің маңызды аспектілерінің бірі – бөлу тиімділігін арттыратын реагенттерді қолдану. Соңғы жылдары табиғи майлар мен өсімдік сығындыларын флотациялық реагенттер ретінде пайдалануға қызығушылық артуда.

Флотация интенсификаторы ретінде жаңа өсімдік реагенттерін қолданудың өзектілігі улы химиялық реагенттерді экологиялық таза өсімдік тектес заттармен алмастыру мүмкіндігінен тұрады. Сондықтан бұл жұмыстың мақсаты сібір балқарағай эфир майын сульфидрильді жинағышпен қоса қолдана отырып, зертханалық жағдайда Алмалы кен орнының мыс кенін флотациялау нәтижелері қарастыру, сібір балқарағай майын флотация процесінің интенсификаторы ретінде қолдану потенциалы анықтау болып табылады. Сонымен бірге, интенсификатор реагентін қолдану арқылы өнімдерді флотациялық бөлудің селективтілігін арттыру мүмкіндіктеріне зерттеу жүргізіліп, оны пайдаланудың оңтайлы жағдайлары анықталды.

Тәжірибе-І бойынша Алмалы мыс кенімен орындалған флотациялық зерттеу жұмыстарының бутілді натрий ксантогенаты жинағыш реагентін интенсификатормен 1:1 қатынаста қолдану жағдайындағы нәтижелері төмендегі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте

Алмалы мыс кенінің флотациялық байыту процесін сібір балқарағай майымен 1:1 қатынасында интенсификациялау жағдайына әсері (Тәжірибе-І)

№	Флотацияның реагенттік режимі		Флотацияның өнімдері, г		Шығымы, %		
	тсода, г/т	тфлот, г/т	Концентрат	Қалдық	Концентрат	Қалдық	Жалпы
1	700	90	0,1677	3,9537	3,354	79,07	82,43
2	1050	115	0,2289	3,8354	4,578	76,71	81,29
3	1400	140	1,19	2,9384	23,8	58,77	82,57
4	1750	165	0,7925	2,2597	15,85	45,19	61,04
5	2100	190	1,5	1,6548	30	33,10	63,10
6	1400	165	1,279	2,7038	25,58	54,08	79,66
7	1750	190	1,1229	2,2644	22,458	45,29	67,75
8	2100	90	2,7581	1,8142	55,162	36,28	91,45
9	700	115	1,1552	2,6271	23,104	52,54	75,65

10	1050	140	1,7704	2,503	35,408	50,06	85,47
11	2100	115	1,8238	1,4745	36,476	29,49	65,97
12	700	140	1,756	2,54	35,12	50,80	85,92
13	1050	165	1,9843	2,3472	39,686	46,94	86,63
14	1400	190	2,0617	1,7264	41,234	34,53	75,76
15	1750	90	1,676	0,5905	33,52	11,81	45,33
16	1050	190	1,473	1,6987	29,46	33,97	63,43
17	1400	90	2,2952	2,2311	45,904	44,62	90,53
18	1750	115	1,7262	1,7514	34,524	35,03	69,55
19	2100	140	2,3718	2,1873	47,436	43,75	91,18

1-кестенің жалғасы

20	700	165	0,7273	3,9778	14,546	71,36	94,10
21	1750	140	2,1528	2,3576	43,056	47,15	90,21
22	2100	165	2,6675	1,99	53,35	39,80	93,15
23	700	190	0,7642	3,5681	15,284	71,36	86,65
24	1050	90	2,0032	2,4537	40,064	49,07	89,14
25	1400	115	2,3207	2,0707	46,414	41,41	87,83

Бутилді натрий ксантогенаты жинағышы мен сібір балқарағай майы интенсификаторының 90 г/т шығымда 1:1 қатынасында қолданылуы мен флотацияның осы жағдайларында (сода – 2100 г/т, импеллердің айналу жиілігі– 30 Гц, ауа берілу жылдамдығы – 36,25 л/сағ, уақыт – 14 мин) Алмалы мыс кенін флотациялық байыту барысында концентрат өнімінің шығымы 55,16% құрайды. Бұл Алмалы мыс кенімен орындалған тәжірибенің ең жоғары көрсеткіштері болып табылады.

Реагенттік режим флотация процесіне әсерін тигізетін маңызды факторларының бірі болып табылады. Флотациялау процесін жақсарту үшін металдың шығу дәрежесін көтеруге мүмкіндік беретін тиімді реагенттік режимді таңдаған абзал. Соған байланысты сібір балқарағай майы интенсификаторын қоса отырып жүргізілген флотациялық тәжірибелер үшін оптималды технологиялық параметрлер іріктелді.

Тәжірибе-І жүйесіне сәйкес эксперименттерді орындау арқылы Тәжірибе-II жүйесін флотациялық байытуды жүргізуде қолданылатын оңтайлы технологиялық параметрлер таңдалды. Сібір балқарағай майының шығыны 2 есе азайтылып, ал бутил ксантогенатының натрий концентрациясы 1%-ға дейін төмендетілді.

Мыс кен үлгілерін интенсификатор реагенті қатысында флотациялау арқылы негізгі флотореагент – бутилді натрий ксантогенатының жинағыштық қасиеттерін жетілдіру мен пайдалы компоненттің шығымын ұлғайту тәжірибелері бірқатар өзгеше нәтижелерін көрсетті. Осы флотациялық байытудың Алмалы кен орнының мыс кеніне әсер ету нәтижелері төмендегі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте Алмалы мыс кенінің флотациялық байыту процесін сібір балқарағай майымен 1:2 қатынаста интенсификациялау жағдайына әсері (Тәжірибе-II)

№	Флотацияның реагенттік режимі		Флотацияның өнімдері, г		Шығымы, %		
	mсода, г/т	mфлот, г/т	Концентрат	Қалдық	Концентрат	Қалдық	Жалпы
1	700	45	0,7866	3,9183	15,732	78,37	94,10
2	1050	57,5	2,5997	1,2905	51,994	25,81	77,80
3	1400	70	2,7102	1,4024	54,204	28,05	82,25
4	1750	82,5	3,6226	0,9135	72,452	18,27	90,72
5	2100	95	3,9174	0,5679	78,348	11,36	89,71
6	1050	82,5	1,6834	3,0853	33,668	61,71	95,37
7	1400	95	2,8897	1,8635	57,794	37,27	95,06
8	1750	45	2,8208	1,8991	56,416	37,98	94,40
9	2100	57,5	3,4837	1,2508	69,674	25,02	94,69

10	700	70	3,5442	0,7759	70,884	15,52	86,40
11	1400	57,5	1,1796	3,3904	23,592	67,81	91,40
12	1750	70	0,6235	3,9699	12,47	79,40	91,87
13	2100	82,5	2,3034	2,2356	46,068	44,71	90,78
14	700	95	2,0375	2,3769	40,75	47,54	88,29
15	1050	45	1,2875	2,9294	25,75	58,59	84,34

Тәжірибе-II эксперименталды жұмысының нәтижелері бойынша, бутилді натрий ксантогенаты жинағышы 190 г/т көлемде, интенсификатор реагентінің 95 г/т көлемде шығындалғанда және флотацияның келесі технологиялық параметрлерінде (Na_2CO_3 – 2100 г/т, импеллердің айналу жиілігі– 40 Гц, ауа берілу жылдамдығы - 40 л/сағ, уақыт – 20 мин) мыс-сульфидті кенін флотациялық байыту барысында концентрат өнімінің шығымы 78,35% кұрайды.

Алмалы кен орнының мыс кені жағдайында полифакторлық модельдеу көптеген технологиялық параметрлердің өзара әрекеттесуін және олардың байыту тиімділігіне бірлескен әсерін ескеруге мүмкіндік береді.

Полифакторлық модельдеу теңдеулері төмендегі 3-4-кесте мәліметтерінде келтірілген.


3 –кесте Флотациялық факторлардың Алмалы мыс кеннің флотациялық байытуды интенсификациялау және мысқұрамды концентраттарды бөлу жағдайына әсері (Тәжірибе-I)

x	$\varepsilon_{\text{конц}}(y)$	R
$v_{\text{ауа}}, \text{л/сағ}$	$y = 0,0017x^3 - 0,2226x^2 + 9,7178x - 103,35$	0,9448
$v_{\text{айналу}}, \text{Гц}$	$y = 0,0229x^3 - 2,0799x^2 + 59,878x - 496,22$	0,9989
$m_{\text{сода}}, \text{г/т}$	$y = -5\text{E-}08x^3 - 0,0002x^2 + 0,3044x - 106,22$	0,9281
$\tau, \text{мин}$	$y = 0,001x^3 - 0,1691x^2 + 4,1769x + 4,2763$	0,8988

3 –кесте Флотациялық факторлардың Алмалы мыс кеннің флотациялық байытуды интенсификациялау және мысқұрамды концентраттарды бөлу жағдайына әсері (Тәжірибе-II)

x	$\varepsilon_{\text{конц}}(y)$	R
$v_{\text{ауа}}, \text{л/сағ}$	$y = -0,1555x^2 + 14,31x - 269,04$	1
$v_{\text{айналу}}, \text{Гц}$	$y = -0,0101x^3 + 0,7809x^2 - 15,799x + 89,79$	0,9982
$m_{\text{сода}}, \text{г/т}$	$y = 4\text{E-}09x^3 + 4\text{E-}06x^2 - 0,0249x + 55,576$	0,9437
$\tau, \text{мин}$	$y = 0,2262x^3 - 10,993x^2 + 177,75x - 907,78$	0,9652

Факторлардың флотация жағдайына тәуелділігінің графиктік кескіндері төмендегі 1,2-суреттерде берілген.




1-сурет. Алмалы мыс кендерін флотациялық байыту жағдайына сыртқы факторлардың әсері (Тәжірибе-1)

Флотация процесінде ауа беру жылдамдығы шешуші рөл атқарады, себебі ол мыс минералдарын камера бетіне тасымалдайтын көпіршіктердің пайда болуына және тұрақтылығына әсер етеді. Ауа беру жылдамдығының жоғарылауы көптеген көпіршіктердің пайда болуына әкеледі, бұл мыс бөлшектерін ұстау тиімділігін арттыруы мүмкін. Дегенмен, ауаның тым жоғары жылдамдығы бөлшектерді тиімді ұстай алмайтын тым кішкентай көпіршіктердің пайда болуына және процестің тиімділігін төмендететін шамадан тыс турбуленттілікке әкелуі мүмкін.

Қарастырылған барлық факторлар үшін Пирсон корреляция коэффициенті орташа есеппен 0,89-дан жоғары көрсеткішке ие. Бұл процесс параметрлері мен мыс концентратының шығымы арасындағы сызықтық байланыстың жоғары дәрежесін көрсетеді.

Факторлар оңтайландырылған 2-ші тәжірибеде (2-сурет) Пирсонның корреляция коэффициенті 0,94-тен жоғары мәнге ие болды. Бұл әзірленген модельдердің жоғары дәлдігі мен сенімділігін көрсететін факторлар мен концентраттың шығуы арасындағы одан да берік байланысты көрсетеді.



2-сурет. Алмалы мыс кендерін флотациялық байыту жағдайына сыртқы факторлардың әсері (Тәжірибе-II)

Полифакторлық модельдеу арқылы орнатылған факторлар Алмалы кенінің флотациялық байытуындағы мыс концентратының шығуына әсер ететін негізгі параметрлер болып табылатынын көрсетті. Пирсон корреляциялық коэффициенттері, әсіресе оңтайландырылған факторлармен Тәжірибе-II жұмысында, осы факторлардың маңыздылығын дәлелдейді және процестің максималды тиімділігіне қол жеткізу үшін оларды оңтайландыру қажеттілігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Алынған тәуелділік теңдеулері флотациялық байытудың технологиялық параметрлерін болжау және оңтайландыру модельдерін жасауға негіз бола алады.

Қорытындылай келе Алмалы кен орнын флотациялық байыту процесінде сібір балқарағай майын қолдану дәстүрлі химиялық реагенттердің шығынын азайту арқылы өндіріс шығындарының төмендеуіне әкеледі. Сібір балқарағай майын қолдану флотация процесіне қажетті басқа химиялық реагенттердің мөлшерін азайтуға мүмкіндік беретіні анықталды, бұл шығындарды азайтуға және экологиялық әсерді азайтуға көмектеседі. Экологиялық артықшылықтарға тау-кен өнеркәсібінің тұрақты дамуына ықпал ететін табиғи, биологиялық ыдырайтын реагентті пайдалану арқылы қоршаған ортаның ластануын азайту кіреді. Флотация процесінде сібір балқарағай майын қолдану жоғары тазалығы мен мыс құрамы бар концентраттарды алуға әкелді, бұл өндеу мен металлургия өндірісінің кейінгі кезеңдеріне оң әсер етеді

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Иванов, А.А., Петров, Б.Б., Сидоров, В.В. (2020). Флотационные процессы в горной промышленности. М.: Недра.
2. Сидорова, Е.В., Иванова, Н.Н. (2019). Применение природных реагентов в процессах обогащения руд. Горный журнал, 6, 45-52.
3. Petrov, K., Smirnov, A. (2018). Application of vegetable oils in flotation processes. Journal of Mining Science, 54(4), 755-764.

УДК- 579.835:62

СӘЛБЕН (SALVIA OFFICINALIS L.) СЫҒЫНДЫСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ КҮМІС НАНОБӨЛШЕКТЕРІН АЛУ

Кутжанова К.Ж., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Амангелді А.А., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Дәуімбай Ж.Т., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан


Металл және олардың оксидтерінің нанобөлшектері медицинада, ауыл шаруашылығында, тамақ өндірісінде және фармацевтика өндірісінде қолданылады. Металл нанобөлшектерін синтездеу үшін экологиялық таза процесті әзірлеу жасыл химия принциптеріне сәйкес нанотехнологияларды қолдану саласындағы маңызды қадам болып табылады [1]. Осыған байланысты нанобөлшектерді өндірудің химиялық әдістеріне балама ретінде бактериялар, балдырлар, саңырауқұлақтар және өсімдік сығындыларын қолданатын биологиялық әдіспен нанобөлшектерді өндіру мүмкіндігі зерттеушілердің назарын аударуда. Өсімдіктер металл иондарын өздерінің беттерінде, әртүрлі органдары мен тіндерде тотықсыздандыра алады.

Соңғы жылдары *in vitro* тәсілдері белсенді дамып келеді, онда металл иондарын биототықсыздандырып нанобөлшектерді алу үшін өсімдік сығындылары қолданылады. Мұндай тәсілдер нанобөлшектердің мөлшері мен пішінін икемді бақылауды қамтамасыз етеуі қарапайым тазартуға әсерін тигізеді (мысалы, ортаның рН және реакция температурасын өзгерту арқылы) [2]. Өсімдік сығындысын қолдану арқылы синтезделген нанобөлшектерде функционалдандырылған беті бар. Функционалдандырылған беттің құрамында нанобөлшектердің бетінде жоқ флавоноидтар,

органикалық лигандтар, ақуыздар, полисахаридтер және полиатомды спирттер болуы мүмкін [3]. Биологиялық компоненттердің болуы бөлшектердің тұрақтылығының өсуіне ықпал етеді, сонымен қатар антиденелер немесе ДНҚ сияқты функционалды молекулалардың нанобөлшектерге қосылуын жеңілдетеді. Зерттеулер көрсеткендей, өсімдіктерде флавоноидтар хелат кешеніне металл иондарын қосып, оларды тотықсыздандыра алады [4]. *Salvia officinalis* L. құрамында флавоноидтар, эфир майлары (d- α -пинен, цинеол, α - және β -туйон, D-борнеол және D-камфор), А,В,С және Р топ дәрумендері, карнозол қышқылы, таниндер, антиоксиданттар және алкалоидтар бар.

Жұмыстың мақсаты сәлбен сығындыларын пайдалана отырып күмістің нанобөлшектерін алу.


1-суретте сәлбен сығындысының әр түрлі температурасында (40-100⁰С) алынған күміс нанобөлшектерінің өлшемі көрсетілген.



1 – сурет. Күміс-сәлбен жүйесінің сығынды температурасына тәуелділігі

Суретте көрініп тұрғандай 40-60⁰С температурада кіші өлшемді нанобөлшектер алынды. 80⁰С дейінгі температурада сәлбен сығындысынан бөлінетін органикалық заттар күмістің тотығып нанобөлшек түзілуіне ықпал етеді. Күміс-сәлбен жүйесінің сығындысына NaOH ерітіндісін тамшылата қосып, тұнбаға түсіру арқылы Ag нанобөлшектері синтезделініп алынды.



Синтездеп алынған күміс нанобөлшектерінің сканерлі электронды микроскоп (Tescan Mira 3, Чехия) арқылы анықталған өлшемдері 2 – суретте көрсетілген.



2-сурет. Күміс нанобөлшектерінің өлшемдері

Алынған нәтижелер негізінен нанозеллипсидты, ал кейбіреулері белгісіз пішінді 53,49-153,87 нм өлшемде күміс нанобөлшектері алынатындығы анықталды.


Ag нанобөлшектерінің микробқа қарсы белсенділігі бар екені кеңінен белгілі. Күміс нанобөлшектерінің сулы дисперсияларының бактерияға қарсы әсерін эксперименталды зерттеу арқылы жүргізілді. Алынған нанобөлшектер *E.coli* және *S.aureus* жасушаларына бактерицидтік әсері 3-суретте көрсетілген.




3-сурет. Күміс-сәлбен жүйесінде алынған нанобөлшектерінің *E.coli* (a) and *S.aureus* (ә) өсуіне әсері

Бақылаулар әр 12 сағат сайын жүргізілді. *E. coli* (BL21) және *S. Aureus* штаммдарындағы күміс-сәлбен жүйесі үшін ең төменгі тежегіш концентрациясы (МИК) 1 мг/мл екені анықталды. Тәжірибелік үлгілерді талдағанда бактерияға қарсы ықпалдың ауырлығы дозаға тәуелді әсер ететіні, ал зерттелетін штаммдардың ферментативті белсенділігі өзгермейтіні байқалды.

Күміс-сәлбен жүйесінде алынған нанобөлшектерінің фотокаталитикалық белсенділігі әртүрлі ластаушы канцерогендік бояғыштарды қолдану арқылы анықталды (4-сурет).



(a)



(б)

4-сурет. Күміс-сәлбен жүйесінде алынған нанобөлшектерінің сіңірілу жолағы (a) мен деградацияға ұшырау пайызы (б)

Ag нанобөлшектерінің фотокаталитикалық қасиеттері метилен көк бояуының сулы ерітіндіде ыдырауы мысалында зерттелінді. Нанокатализатор ретінде 30% сутегі асқын тотығы пайдаланылды. Алынған мәліметтерден 10 минут ішінде ыдырау пайызы күміс үшін - 32% болатыны анықталды.

Сулы ортадағы нанобөлшектер агрегацияға бейім, нәтижесінде суспензия бөлшектерінің мөлшері мен олардың нақты бетінің мөлшері өзгереді. Суспензиялардың өзіндік оптикалық белсенділігі бар және ол жарық шашырауына, фотондардың нанобөлшектерге сінуіне, нанобөлшектердің бетіндегі электронды тесік жұбының фотоиндукция процесіне және олардың фотокаталитикалық белсенділігіне әсер етуі мүмкін.

Қорытындылай келе, ең кіші өлшемді нанобөлшектер алу үшін қарастырылатын күміс-сәлбен жүйелері үшін (53,49 нм) сығындының температурасы 40 °C болуы тиімді екендігі көрсетілді. Синтездеп алынған күміс нанобөлшектерінің өлшемдері 53,49-153,87 нм, ал пішіні наноэллипсоидты болды. Сәлбен сығындысының көмегімен алынған күміс нанобөлшектерінің бактерияға қарсы белсенділігі анықталды. *E. coli* (BL21) және *S. Aureus* штаммдарындағы күміс-сәлбен жүйесі үшін 1 мг/мл-де ең төменгі тежегіш концентрациясын көрсетті. Синтездеп алынған күміс нанобөлшектерінің фотокаталитикалық белсенділігін анықтау үшін зерттеу жұмыстары жүргізілді. Алынған мәліметтерден 10 минут ішінде ыдырау пайызы күміс үшін – 32% болатыны анықталды. Бұл күміс нанобөлшектерінің қолдану аймағын ұлғайтуға үлкен мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Wiley B., Sun Y., Mayers B., Xia Y. Shape-controlled synthesis of metal nanostructures: the case of silver // Chem. Eur. J. 2005. -V. 11. -№ 2. -P. 454-463.
2. Оленин А.Ю., Низамов Т.Р., Лисичкин Г.В. Химическое модифицирование поверхности наночастиц серебра. Получение частиц-янусов. // Рос. нанотехнол., -2014. -Т. 9, -№ 9-10, - 19-24 с.
3. Низамов Т.Р., Евстафьев И.В., Оленин А.Ю., Кнотько А.В., Лисичкин Г.В. Анизотропный рост наночастиц серебра на предварительно синтезированных зародышах. // Рос. нанотехнол., -2014. -Т. 9. -№ 7-8. -С. 40-44.
4. Александрова А.В. Размеры наночастиц и их фармакологическая активность // Успехи современного естествознания. – 2014. – № 6 – С. 97-98.

ҚАЗАҚСТАН ГЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ МҰРАСЫ

**Серикбай А. Б., «Astana International University», Астана қ., Қазақстан
Оразбай А.М., «Astana International University», Астана қ., Қазақстан
Жауғашты Д. Р., «Astana International University», Астана қ., Қазақстан**

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев — көрнекті қазақстандық ғалым, геолог, Қазақ КСР Ғылым академиясының алғашқы президенті және кеңес геология мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Оның Қазақстан ғылымы мен экономикасының дамуына қосқан үлесі баға жетпес, ал оның жетістіктері ел тарихында мәңгі сақталады. Қаныш Сәтбаев – XX ғасырдағы қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірі. Оның ғалым ретінде қалыптасуы мен жетістіктері Қазақстанның геология ғылымының дамуына ғана емес, сонымен қатар бүкіл Кеңес Одағының ғылыми қауымдастығына үлкен әсер етті. Бұл мақалада біз Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен еңбектері туралы егжей-тегжейлі тоқталамыз.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Арқаның сұлу төрінің бірі-(бұрынғы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысының 4-ші ауылында) қазіргі Павлодар облысының, Баянауыл ауданының Қ.И. Сәтбаев атындағы совхозында 1899 жылдың 30 наурызында (12 сәуір) Сәтбаевтардың үлгілі – өнегелі ауылында дүниеге келді. Қаныштың балалық шағы табиғаттың сұлулығына бай Баянауыл өңірінде өтіп, ерте жастан Қаныш ғылымға және білімге деген қызығушылық танытқан [1].

1911 жылы ол Омбыдағы семинарияға оқуға түсіп, кейін Томск технологиялық институтында (қазіргі Томск политехникалық университеті) білімін жалғастырып, инженер-геолог дипломын алды. Атап өткендей, Қаныш Сәтбаевтың ғылыми жолындағы ең маңызды кезеңдердің бірі – Томск Технология Институтында оқуы. Бұл оқу орны сол кездегі Ресейдің ең беделді техникалық жоғары оқу орындарының бірі болып саналды. Институтта оқып жүргенде Қаныш геология мен тау-кен ісі бойынша терең білім алды. Институттағы жылдары Қаныш үшін ғылымға деген қызығушылығының артуымен қатар, кәсіби маман ретінде қалыптасуының маңызды кезеңі болды. Қаныштың институттағы оқуы тек білім алумен шектелмей, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де тығыз байланысты болды. Ол өзінің ғылыми жетекшілерімен бірге Сібірдің геологиялық құрылымдарын зерттеп, ғылыми мақалалар жариялады. Бұл оның ғылыми әлеуетінің жоғары екендігін көрсетті. Қаныш Имантайұлы студент болған жылдарда профессор М.А.Усов басқарған палеонтология және тарихи геология кафедрасының оқытушысы болған В.А.Хохлов (кейін ғылым докторы, профессор) “Студент Қаныш” атты естелігінде былай деп жазды: “Бұл өзі оқуға жан-тәнімен берілген студент болатын. Жалпы геология жөніндегі сабақтарда ол М.А.Усовтың тамаша лекцияларын құмарта тыңдады... Екінші курстан кейін ол М.А.Усовтың дала жұмыстарына қатысты...”. Институтты бітіргеннен кейін Қ.И. Сәтбаев өзінің туған еліне оралып, өмірінің басым көпшілігін оның геологиясын зерттеуге және туған өлкесінің минералдық шикізат негізін жасауға арнап, барлау, ғылыми ізденістерінің нәтижесін өндіріске енгізуге, республикамызда индустрия алыптарын салуға зор үлес қосты [2]. Оның алғашқы қызмет орны – Семей облысындағы геологиялық барлау экспедициясы болды. 1920 жылдары Сәтбаев Қазақстанның минералдық ресурстарын зерттеумен белсенді айналысты. Оның алғашқы маңызды жетістіктерінің бірі әлемдегі ең ірі кен орындарының бірі болып табылатын Жезқазған мыс кен орнын ашу болды. Оның зерттеулері өңірдегі тау-кен өнеркәсібінің дамуына ықпал етіп, кеңес билігінің Қазақстанның жер қойнауының байлығына назарын аудартты [3].

Қаныш Сәтбаевтың Жезқазған өңіріндегі жұмыстары тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Кеңес Одағында да жоғары бағаланды. Оның ғылыми еңбектері мен жаңалықтары көптеген марапаттарға ие болды. Сондай-ақ Қ.И.Сәтбаев пайдалы қазбаларға бай Сарыарқа, Таулы Алтай сияқты табиғи-географиялық аймақтарды терең зерттеді. 1927-1928 жылдары Жезқазған, Қарсақпай, Атбасар, Спасск, Қарағанды көмір бассейні мен Қаратау полиметалл кен орнының мүмкіндіктерін талдап, маңызды ғылыми еңбектер жариялады. 1929 жылы Қ.И.Сәтбаев ферромарганец рудаларының Атасу кен орнын зерттеу негізінде Қарағанды облысында қара металлургияны дамыту мәселесін көтерді. Ғалым Жезқазған-Ұлытау өңірінде мыс және темір рудалары (Қарсақпай), марганец (Жезді), көмір (Байқоңыр, Қияқты), қорғасын Қорғасын кен орындарын ашты. Қ.И.Сәтбаев осы аймақтағы кен орындарындағы өндірістің стратиграфиялық,

тектоникалық, құрылыстық, металлогендік, геохимиялық және өнеркәсіптік құрылымы туралы терең негізделген ғылыми тұжырым жасады [4].

1930-шы жылдардың соңында Сәтбаев Қазақстанның Геология басқармасының басшысы болып тағайындалды. Бұл қызметте ол Қазақстанның минералдық ресурстарын зерттеуге бағытталған кең ауқымды жұмыстарды ұйымдастырды. 1946 жылы Сәтбаевтың бастамасымен Қазақ КСР Ғылым академиясы құрылды және ол оның алғашқы президенті болып сайланды. Қаныш Сәтбаевтың жетекшілігімен академияда геология, физика, химия, биология, математика және басқа да ғылым салалары бойынша зерттеулер жүргізілді. Оның басшылығымен Қазақстанда ғылыми-зерттеу қызметі қарқынды дамып, жаңа институттар мен ғылыми орталықтар ашылды [4].

Академик Қ.Сәтбаев 40-жылдардың аяғынан өмірінің соңғы күндеріне дейін өзінің көптеген мақалаларында тарихшы-биограф және бірқатар тарихи тұлғаларды, ғылым, әдебиет пен өнердегі ірі тұлғаларды үлкен насихаттаушы қызметін атқарды. Оның еңбектерінде Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың есімдері аталды. Қаныш Имантайұлы үлкен тарихи-дәйекті материалға және жеке көзқарастарға сүйене отырып, ғылым мен техниканың көрнекті қайраткерлері туралы қызықты очерктер жасап, олардың көпшілігімен ортақ салада иық тірестіру мүмкіндігіне ие болды. Ол 1957-1959 жылдары жарық көрген, республика жұртшылығының жақсы бағасын алған «Қазақ КСР тарихы» екі томдығын дайындау жөніндегі комиссияның жұмысын басқарған болатын [5].

Қаныш Сәтбаев жалпы геология ғылымының дамуына зор үлес қосты. Ол пайдалы қазбаларды іздеу мен барлаудың жаңа әдістерін әзірледі, минералдық ресурстарды кешенді пайдалану идеяларын белсенді түрде алға тартты. Оның күш-жігерінің арқасында Қазақстанда мыс, қорғасын, мырыш, марганец және басқа да металдардың көптеген кен орындары ашылды. Сонымен қатар, Сәтбаев кадр даярлауға үлкен мән берді. Ол жас мамандар қатысқан көптеген экспедициялар ұйымдастырып, оларды іс жүзінде оқытты. Оның көптеген шәкірттері кейіннен белгілі ғалымдар болып, геологияның дамуына айтарлықтай үлес қосты [5].

Қаныш Сәтбаев мол ғылыми мұра қалдырды. Халқымыздың рухани өміріндегі ерекше ұлы тұлға Қ.И.Сәтбаевтың есімі халқының жанында мәңгі сақталмақ. Оның құрметіне Сәтбаев атындағы бірнеше оқу орындары мен ғылыми институттар, соның ішінде Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті аталды. Оның еңбектері мен жетістіктері КСРО-да және шетелде жоғары бағаланды. Сәтбаев көптеген ордендер мен медальдармен, соның ішінде Ленин ордені және Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. 1974 жылы Халықаралық астрономиялық одақ оның құрметіне Айдағы кратерге ат қойған. Қаныш Сәтбаевтың еңбектері тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде танылды. Оның геология саласындағы жаңалықтары мен ғылыми зерттеулері көптеген елдердің ғалымдары тарапынан жоғары бағаланды [6]. 1997 жылы ЮНЕСКО Сәтбаевтың 100 жылдық мерейтойын атап өту туралы шешім қабылдады. Бұл оның халықаралық деңгейде мойындалғанының айқын дәлелі болмақ. Қаныш Сәтбаевтың басшылығымен Қазақстанда геология ғылымының одан әрі дамуы үшін мықты негіз қаланды. Ол пайдалы қазбаларды іздеу және барлау үшін маңызды құралға айналған көптеген геологиялық карталарды жасаумен айналысқан. Оның аймақтық геология және Қазақстан аумағының құрылымдық талдауы бойынша жұмыстары жаңа кен орындарының ашылуына ықпал етті. Бұл карталар бүгінгі күнге дейін геологтар мен инженерлерге өз зерттеулерінде көмектесуде.

Сәтбаевтың жұмысындағы маңызды бағыттардың бірі ғылыми экспедициялар болды. Ол Қазақстанның ең шалғай және қол жетпейтін аудандарына көптеген экспедициялар ұйымдастырып, басшылық етті, онда жаңа пайдалы қазбалар кен орындары ашылды. Осындай экспедициялардың бірі Қаратау өңірін зерттеу болды, онда фосфориттердің елеулі қоры табылған болатын. Сонымен қатар, Қарағанды облысындағы марганец кен орындарын зерттеу нәтижесінде КСРО-дағы ең ірі марганец өндіру өндірісі құрылды. Сәтбаев сонымен қатар Қарағанды көмір кен орындарын зерттеуге айтарлықтай үлес қосты, бұл өңірде көмір өнеркәсібінің дамуына және Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігіне ықпал етті. Ол геологиялық сала үшін кадрларды даярлау жүйесін ұйымдастырумен қатар, жалпы профильдік оқу орындарын құруды және біліктілікті арттыру бойынша тұрақты курстар өткізуді қамтитын жұмыстарды жүргізуге атсалысты. Оның күш-жігерінің арқасында Қазақстан көптеген кейіннен маңызды жаңалықтар ашқан жоғары білікті геологтар даярлау орталығына айналды [6].

Қаныш Сәтбаевтың қызметі тек ғылыми жұмыстармен шектелмей, ол қоғам қайраткері ретінде де белсенді қызмет етті. Ол Қазақстанда мәдениет, білім және ғылымды дамыту мәселелерімен айналысып, ұлтаралық ынтымақтастық пен достық идеяларын алға тартты. Сәтбаев ғылыми қауымдастық мүдделерін қорғап, ғылыми инфрақұрылымды дамытуға ықпал еткен бірнеше

мемлекеттік комиссиялар мен комитеттердің мүшесі болды. Оның қызметі тек ғылыми ортада ғана емес, сонымен қатар оны нағыз көшбасшы және патриот деп санаған қарапайым адамдар арасында да жоғары бағаланды. Сәтбаев үлкен құрмет пен беделге ие болды, бұл оған көптеген бастамаларды ілгерілетуге көмектескен болатын [7].

Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен еңбектері Қазақстанның ғылым және техника саласындағы дамуына зор ықпал етті. Ол еліміздің табиғи байлықтарын зерттеу мен игеру, ғылымды дамыту жолында орасан зор еңбек сіңірді. Сәтбаевтың ғылыми еңбектері мен жаңалықтары Қазақстанның геология ғылымының дамуына үлкен үлес қосты. Оның зерттеулері мен жаңалықтары көптеген кен орындарының ашылуына және олардың экономикалық игерілуіне мүмкіндік берді. Сәтбаевтың ғылыми мұрасы Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің ғылыми қауымдастығының назарында тұр. Бүгінде Қаныш Сәтбаевтың есімі Қазақстандағы көптеген білім беру және ғылыми мекемелер, көшелер мен алаңдармен аталады. Оның құрметіне ескерткіштер орнатылып, ғылыми конференциялар өткізіледі. Оның еңбектері мен ашқан жаңалықтары қазіргі ғалымдармен зерттеліп, қолданылуда. Сәтбаевтың геология мен ғылымның дамуына қосқан үлесін бағалау мүмкін емес. Оның өмірі мен жұмысы ғылымға және халыққа қызмет етудің үлгісі болды, ал оның жетістіктері жаңа буын ғалымдарын шабыттандыруға үлесін тигізуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.А. Ермекбай (2019). АКАДЕМИК КАНЫШ ИМАНТАЕВИЧ САТПАЕВ: ШТРИХИ К ПОРТРЕТУ. Вестник Томского государственного университета. No 447. С. 139–146. DOI: 10.17223/15617793/447/17
2. И. К. Бейсембетов (2019). Выдающаяся роль великого ученого в развитии Казахстана.
3. М.В. Бедельбаева. (2019). ВКЛАД К.И. САТПАЕВА В СТАНОВЛЕНИЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ КАЗАХСТАНА. АРХЕОЛОГИЯКАЗАХСТАНА. No 2 (4) DOI: 10.52967/akz2019.2.4.89.104
4. С.Д. Шаймуханова, К.М. Жакупова. (2018). К.И. САТПАЕВ-ДОБРЫЙ СЛЕД В НАУКЕ И НА ЗЕМЛЕ. Россия и Казахстан: исторический опыт сотрудничества и перспективы интеграции, 120-127 стр.
5. А.К. Мазуров, Г.Р. Бекжанов. (2014). Қаныш Имантаевич Сатпаев-выдающийся геолог современности. Проблемы геологии и освоения недр: труды XVIII Международного симпозиума имени академика М.А. Усова студентов и молодых ученых. 38-42 стр.
6. Х.К. Уразбаев (2021). Қаныш Сатпаев. Жизненный путь академика. Актуальные проблемы современности, 210-214 стр.
7. К. Салыков, Е. Салыков. (2019). К.И. САТПАЕВ-ВЕЛИКАЯ ГОРДОСТЬ ЖЕЗКАЗГАНА. Геология и охрана недр, 4-11 стр.

УДК 371.214

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ- ДАРА ПЕРЗЕНТІ

Э.Н. Умирбаева, Педагогика ғылымдарының магистрантымын, № 43 орта мектептің педагог – зерттеуші, география пәнінің мұғалімі, Іле ауданы. Алматы облысы

Қазіргі дүниежүзілік ақпараттық кеңістік жылдам өзгеріп, ұлттық мәдениеттерге құндылықтарға жаңа сынақтар мен қауіптер әкелуде. Бұл кеңістікте жаратылыстану саласында өзара ықпалдастық артса да, ұлттық мәдениет пен табиғи құндылықтарға салт-дәстүрлерді сақтау мәселелері де күрделене түсуде. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев«Қаныш өзінің барлық саналы өмірін қазақ халқының экономикасы мен мәдениетінің, ғылымының өркендеп өсуіне арнап, осы жолда аса тамаша тарихи мәні бар істер жасады»-деді М.Ғабдуллин. Сондықтан, оны қазақ халқы өзінің мақтанышы деп біледі. Ол өзінен кейін үш үлкен іс қалдырды; біріншісі – Жезқазған, екіншісі – Қазақстан Ғылым Академиясы, үшіншісі – геологиялық ғылымдарының институты. Ол еліміздің тамаша геологтерінің арасында айырықша ілтипатпен аталынатын айтулы да әйгілі есім геология саласындағы аса көрнекті ғалымдарының бірі болып табылады. Қазақстан ғылымын ұйымдастыруда Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сынды ғалымдардың геологиялық зерттеулері аса орасан зор үлес

косты, және оның зерттеулері еліміздің бай табиғат қорларын ашуға көмектесті, ал қазіргі кезде сол табиғи қорларды және мәдени тарихи мұраны түсіну және қорғау мәселелерінде өзекті болып отыр.

Ақпараттық кеңістіктің қауіптері. Бүгінгі күні жаһандық ақпарат ағынының ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрлерді сақтауға жер қойнауындағы асыл байлықтарымызды төндірген қауіптері баршамызға аян. Осындай қауіптерге жол бермеу және оларды тиімді басқару үшін ғылыми тұрғыдан негізделген зерттеулер мен әдістемелерді қолдану қажет.

Осы бағдарламаның мақсаты - оқушылардың жаһандық мәдениеттер арасындағы өзара ықпалдастықты түсінуін тереңдете отырып, табиғат қорларын ұлттық табиғи құндылықтарымызды мәдениеттің сақталуына қосқан үлестерін арттыру.

1. Дүниежүзілік ақпараттық кеңістіктегі қауіптерді талдау. Қазіргі жаһандану шеңберінде, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі ұлттық мәдениет пен құндылықтарды сақтауға әсер етеді. Мәдениеттердің байланысуынан пайда болатын жаңа мүмкіндіктермен қатар, бұл процесс ұлттық бірегейліктің жоғалуына да әкелуі мүмкін. Осы бөлімде оқушылар жаһандық ақпарат ағынының ұлттық мәдениетке тигізетін әсерлерін сараптауға Қазақстанның бай қорларын ашуға үйренеді, олар бұл қауіптерді анықтау және талдау арқылы мәдениетті қорғаудың жолдарын қарастырады.

2. Жаратылыстану ғылымдарының маңызын түсіну. Оқушылар жаратылыстану ғылымдар арасындағы өзара ықпалдасудың тарихын қарастыра отырып қазіргі заман ақпараттық технологиялардың дамуының қарқыны мен жаратылыстану ғылымдарына қалай әсер еткенін зерттейді.

3. Қауіптердің алдын алу және оларға жауап беру стратегияларын құру. Оқушылар қазіргі ақпараттық кеңістіктегі қауіптерге қарсы тұру стратегияларын қалай құруға болатынын үйренеді. Олар әртүрлі мәдени және ақпараттық қорғау әдістерін зерттеп, ұлттық мәдениетті құндылықты қорғауға бағытталған нақты шешімдерді жасауға тырысады. Бұл процесте оқушылар сондай-ақ халықаралық тәжірибелерді зерттеп, ұлттық мәдениетті қалай сақтауға болатынын анықтайды.

4. Тарихи мұраны қадірлей білу және оны қорғау үшін патриоттық сезімді дамыту. Бұл бөлімде оқушылар тарихи табиғи мұраның маңызын түсіну және оны қадірлей білу маңыздылығын ұғынады. Оқушылар патриоттық сезімдерін дамыту арқылы өз мәдениетін құрметтеуді және қорғауды үйренеді. Бұл процесте олар өз мәдениеттерінің құндылығын арттыруға және келесі ұрпақтарға оны аманаттауға бағытталған іс-қимылдарды қалыптастырады.

Зерттеу әдістерінің қажеттілігі. Қаныш Сәтбаевтың зерттеулерін пайдалану, өзекті мәселелерге шолу жасап қана қоймай, сондай-ақ жастарға тарихи және мәдени мұраны сақтау жолдарын үйрету үшін ғылыми негізді ұсынады. Бұл зерттеулер ақпараттық кеңістіктің қауіптеріне нақты және тиімді жауаптар беру үшін бағыт-бағдар көрсетеді.

Жаһандану дәуірі ұлттық мәдениетті сақтауды қиындата түсуде. Ақпараттық технологиялардың дамуымен бірге, жаһандық медиа ағыны ұлттық бітімге қарама-қайшы мәдени элементтерді әкеліп, жастардың ұлттық сана – сезімін әлсірету қаупін тудыруда. Бұл жағдай әсіресе, жас буынның өздерінің мәдени идентификациясына күмән тудырады және ұлттық мәдени мұраны бағалауды қиындатады.

«Ұлы даланың дара перзенті Қ.И.Сәтбаевтың зерттеу жұмыстарын негізге ала отырып, оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту» тақырыбындағы авторлық бағдарлама жоба әзірленді. Бағдарлама мазмұнында Қ.И.Сәтбаевтің өмірі мен қызметі, кең байтақ қазақ жерінің таусылмас қазына қоймасын туған Отанның игілігіне жаратуда, ғылым мен практиканы үйлесімді жүргізуі, Қазақстан Республикасының жер қойнауын зерттеудегі рөлін, оның ел экономикасының дамуына қосқан үлесін, негізгі еңбектерін оқып үйрену, Қ.И.Сәтбаевтің Қазақстан геологиясына сіңірген еңбектерінің басым көпшілігі минералдық ресурстарды зерттеуге арналған.

Бағдарламаның мазмұны пән бойынша жалпы білім берудің мемлекеттік стандартына сай дайындалған.

